

ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ

12.3

Жылына 3 рет көптеген тілде шығады

Мишел Фордпен
әлеуметтану жайлы
әңгіме

Димитра Лауренс Лорошел

Майкл Буравой –
қоғамдық әлеуметтану

Светлана Ярошенко
Елена Здравомыслова
Сари Ханафи
Маргарет Абрахам

Сектораралық
диалог

Кати Девис
Хелма Лутс
Анна Феникс
Барбара Жиованна Белло
Етел Тунгохан
Амунд Раке Хоффарт

Теориялық
перспективалар

Коши Хасегава

Украина
болашағы

Наталия Черныш
Юрий Пашковский
Дарие Кристеа

Ашық бағана

- > ЛГБТ+ салыстырмалы сектораралық мәліметтері бізге не үшін қажет?
- > Мойындау, қолдану және эпистемиялық әділетсіздік
- > Қымбат дене мен Орталық және Шығыс Еуропадағы күтімнің мобилдігі
- > Үй қызметіне делдалдық: Шри-Ланка және Сауд Арабиясы нарығы

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

БАСЫЛЫМ 12 / ШЫҒАРЫЛЫМ 3 / ЖЕЛТОҚСАН 2022
<https://globaldialogue.isa-sociology.org/>

GD



> Редакциядан

Осы шығарылымда «Әлеуметтану жайлы әңгіме» бөлімінде Димитра Лоуренс Ларошелдің ең танымал ғалым Мишел Фордпен жүргізген сұқбаты бар, ол өзінің Халықаралық еңбек ұйымындағы (ХЕҰ) кеңесшілік қызметі, зерттеуші әлеуметтанушылардың алдында тұрған қиындықтар мен еңбек құқықтары үшін күрестің күрмеуі туралы айтады.

Алғашқы топтамамыз Майкл Буравойдың аса әсерлі және шабыт беретін жұмысына арналған. Ол ХӘҚ бұрынғы президенті және Жаһандық Диалогтың негізін қалаушы ретінде қоғамдық және жаһандық әлеуметтану бойынша ауқымды пікірталасқа түрткі болды және өрбуіне ықпал етті. ХӘҚ қазіргі президенті Сари Ханафи, ХӘҚ бұрынғы президенті Маргарет Абрахам, сондай-ақ Светлана Ярошенко мен Елена Здравомыслова онымен ынтымақтастық жөнінде және оның жақында шыққан *Public Sociology: Between Utopia and Anti-Utopia* [«Қоғамдық әлеуметтану: утопия мен антиутопия арасында»] кітабы туралы ой бөліседі, сонымен қатар қоғамдық әлеуметтануына саналуан көзқарасты паш етеді.

Белгілі сарапшылар Кати Девис пен Хелма Лутс ұйымдастырған екінші симпозиум саяхат теориясы мен сектораралық тұжырымдамасы әртүрлі контексте қалай жасалатынын, қайта өңделетінін және қолданылатынын көрсетеді. Бұл мақалалар жиынтығы сектораралықтың ықпал ету әдістеріне, сонымен қатар ғалымдар мен белсенділердің жергілікті және жаһандық деңгейлердегі теңсіздік, билік пен әлеуметтік өзгерістер туралы қалай пайымдайтынына шолу жасайды. Анна Феникс, Барбара Жиованна Белло, Етел Тунгохан және Амунд Рейк Хоффарт ауқымды тақырыптарды қамтыған.

Теориялық бөлімде Коиши Хасегава мәдени шекараға, ресурстарды жұмылдыруға және саяси мүмкіндіктер құрылымына ерекше назар аударады, сондай-ақ бұл ғалымдардың неліктен соншалықты сәтті болғанын және Жапонияда басқа елдермен салыстырғанда қатысудың неге төмен және баяу болғанын талдау отырып «Fridays for Future» [Болашақты көздеген Жұма] қозғалысын әлеуметтік қозғалыс ретінде қабылдайды.

2022 жылдың жазында өзіміз куә болған Украинаға қарсы агрессиялық соғыс жағдайында ел бойынша топтама дайындалды. Жаһандану туралы әлеуметтанулық пікірталастарға сүйеніп,

Наталия Черныш осы соғысқа байланысты постжаһандық кезеңдегі әлеуметтанудың рөлін қарастырады. Юрий Пашковский басып кірудің нақты тәжірибесі, ұжымдық жарақат және соғыстың салдары хақында баяндайды. Дарие Кристеа «қауіпсіздік дилеммасы» және жүйеге қарсы қозғалыстар мен партиялардың өсуі жағдайында әлеуметтанудың орны туралы сұраққа жауап іздейді.

«Ашық бағанада» Сайт Байрақдар, Андриу Кинг және Яна Бачевич ғылыми жұмыста, репрезентациялық зерттеулер мен шолуда, сонымен қатар эпистемологиялық мәселелерде саналуандық пен сектораралыққа қажетті сезімталдық туралы ой тастаса, Петра Езеддин, Кристин Краузе және Уасана Хандапангода күтімнің заманауи трансұлттық коммерциялануының әртүрлі формаларын зерттейді.

Бес жыл бұрын Жаһандық Диалогта редакторлық қызметімізді бастадық, оның негізін қалаушы және бұрынғы редактор Майкл Буравойды ауыстыру біз үшін құрмет және жауапкершілік екенін түсіндік. Енді редакторлығымыз аяқталуға жақын болғандықтан, осы жылдар ішінде атқарылған жұмыстарды Жаһандық Диалог оқырмандары бағалауы тиіс. Осы уақыт ішінде үлкен жұмыс жасаған редактордың көмекшілері Рафаэл Дейндл, Жоанна Грубнер, Уалид Ибрагим және Кристин Шикертпен бірге Жаһандық диалогты жаһандық және академиялықпен қатар академиялық емес оқырмандардың кең ауқымына қолжетімді еткен керемет және табысты ынтымақтастығы үшін аймақтық редакторлар мен олардың бүкіл әлемдегі командаларына; журналдың шығармашылық және ұйымдастырушылық негізі басқарушы редакторлар Лола Бусуттил мен Аугуста Багаға; кіші редакторлар Апарна Сундар мен Кристофер Евансқа құнды редакторлық жұмыстары үшін; ISA Президенті мен хатшылығына тұрақты қолдауы үшін; және Жаһандық диалогтың барлық авторларына әлемнің көптеген жерлерінде әлеуметтанудың жарқын беттері туралы түсінік бергені үшін өте ризамыз. Жаһандық диалогтың осы бір теңдессіз ұжымының белсенді бөлігі болу жанға рахат сыйлады және бәріңізді сағынатын боламыз. Біз қазір оның жаңа редакторы ретінде халықаралық танымал саяси әлеуметтанушы және ХҚА-ның көптен қызмет еткен белсенді мүшесі Брено Брингельді қарсы алғанымызға өте қуаныштымыз, ол Жаһандық диалогты алдағы жылдарда әрі қарай және жоғары қарай жалғастыратыны сөзсіз. ■

Брижит Ауленбахер мен Клаус Дёрре,
Жаһандық Диалогтың редакторлары

> Жаһандық Диалог бірнеше тілде [website](https://www.globaldialogue.isa.org) орналастырылған.

> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.

isa International
Sociological
Association

**GLOBAL
DIALOGUE**



> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Рафаел Дейндл, Йоханна Грубнер, Валид Ибрахим.

Редактордың орынбасары: Кристофер Эванс.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Хуан Лейжарага.

Редакциялық кеңес:

Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерец, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабелла Барлинска, Тоба Бенски, Чи-Ю Я Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айсе Сактанбер, Сели Скалон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі: (Тунис) Мунир Сайдани, Фатима Радхуани, (Ливан) Сари Ханафи.

Аргентина: Магдалена Лемус, Хуан Парсио, Данте Маркиссио.

Бангладеш: Хабидул Хондкер, Хайрул Чоудури, Фатема Резина Икбал, Мумита Таджеева, Мохаммад Жасим Аддин, Бижу Кришна Баник, Сабина Шармин, Абдур Рашид, Саркер Сохел Рана, Мд. Шахидул Ислам, А.Б.М. Наймас Сахиб, Эшрат Джахан Аймун, Хелал Аддин, Масудур Рахман, Шамсұл Арефин, Ясмин Султана, Сыка Парвин, Рума Парвин, Салех Эль Мамун, Экрамал Кабир Рана, Шармин Актер Шапла, Мд. Шахин Актар.

Бразилия: Фабрицио Макиэль, Анджело Мартинс Джуниор, Андреса Галли, Рикардо Висер, Густаво Диаш, Хосе Гюрадо Нето, Джессика Мазини Мендеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Ракеш Рана, Маниш Ядав, Прагья Шарма.

Индонезия: Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибuddin, Домингус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нуру Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Саед Мухамад Муталеби, Эльхам Шуштаризаде.

Қазақстан: Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Қуаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл, Мадияр Алдияров.

Польша: Урзула Ярека, Джоанна Беднарек, Марта Бласчинска, Анна Тернер, Александра Бернака.

Румыния: Ралука Попеску, Райса-Габриела Замфиреску, Бианка Михайла, Руксандра Падурару, Ана-Мария Ренца, Мария Влашчану.

Ресей: Елена Здравомыслова, Дария Холодова.

Тайвань: Ван-Ю Ли, Тао-Юн Лу, Ю-Вен Лиано, По-Шун Хонг, Ю-Шо Хуанг, Чиен-Юн Чен, Жи Хао Керк, Марк Ю-вей Лай, Ю-Джу Лин, Юн-Суан Чоу.

Түркия: Гүл Шарбаджоғлы, Ирмак Эврен.



Бұл топтамада авторлар «Жаһандық диалогтың» негізін салушы және ХӘҚ бұрынғы президенті **Майкл Буравойдың** жұмысын, соның ішінде **қоғамдық әлеуметтану** мәселелерін талқылайды.



Украина мен Румынияның зерттеушілері **Украинадағы ағымдағы ахуалды** және ресейлік әскери агрессияны, сонымен қатар оның әлеуметтанудағы салдарын сараптайды.



Теориялық бөлім соңғы уақытта **Fridays For Future** компаниясын ең табысты ұжымдық акция деп тану себебін әлеуметтік қозғалыстар тұрғысынан қарастырады.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Жаһандық әрекет: әлеуметтанушылар еңбек құқықтарын қорғауда Мишел Фордпен сұқбат

Димитра Лоуренс Ларошел, Франция 5

> МАЙКЛ БУРАВой – ҚОҒАМДЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Ресей контекстіндегі қоғамдық әлеуметтану

Светлана Ярошенко мен **Елена Здравомыслова**, Ресей 8

Қоғамдық әлеуметтануды диалогтық әлеуметтануға бағыттау

Сари Ханафи, Ливан 11

Майкл Буравой және қоғамдық әлеуметтану туралы ой

Маргарет Абрахам, АҚШ 13

> СЕКТОРАРАЛЫҚ ДИАЛОГ

Локалды және жаһандық деңгейдегі сектораралық туралы пайым

Кати Девис, Нидерланд және **Хелма Лутс**, Германия 15

Сектораралық өткен шақтың болашақ сектораралыққа ықпалы

Анна Феникс, ҰБ 17

Әлеуметтік қозғалыстардың сектораралық перспективасы

Барбара Жиованна Белло, Италия 20

Сектораралық ынтымақтастық және күтім саласындағы мигранттар

Етел Тунгохан, Канада 23

Сектораралық оң метафораны іздеу

Амунд Раке Хоффарт, Норвегия 25

Сектораралық әдіс – сыни әдіс

Кати Девис, Нидерланд және **Хелма Лутс**, Германия 27

> ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

Fridays for Future: қоғамдық қозғалыстар перспективасы

Коиши Хасегава, Жапония 29

> УКРАИНАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Ресей-Украина соғысы әлеуметтануға қалай ықпал етеді

Наталия Черныш, Украина 33

Ұжымдық және жеке жарақат

Юрий Пашковский, Украина 35

Украинадағы соғыс білгеніміз туралы түсінігімізді өзгертеді

Дарие Кристеа, Румыния 37

> АШЫҚ БАҒАНА

ЛГБТ+ салыстырмалы сектораралық мәліметтері бізге не үшін қажет?

Саит Байрақдар мен **Андрю Кинг**, ҰБ 40

Кім біледі? Таным, дәйексөз және эпистемологиялық әділетсіздік

Яна Бачевич, ҰБ 42

Орталық және Шығыс Еуропадағы қымбат дене мен күтім мүмкіндігі

Петра Еззеддин, Чех Республикасы және **Кристин Крауз**, Нидерланд 45

Үй қызметіне делдалдық: Шри-Ланка және Сауд Арабиясы нарығы

Уасана Хандапангода, Аустрия және Шри-Ланка 48

“Әлеуметтануда микро-деңгейдегі зерттеулерге шынымен батып кету өте оңай – және ол маңызды – бірақ оны ірі мәселелер деңгейіне жеткізе алу мүмкіндігіне ие болу аса үлкен жеңіс”

Мишел Форд

> Жаһандық әрекет:

әлеуметтанушылар еңбек құқықтарын қорғауда

Мишел Фордпен сұқбат



Профессор **Мишел Форд** — Оңтүстік-Шығыс Азияның Сидней орталығының директоры, Аустралия. Оның ізденістері Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жұмысшы қозғалысы, ұлттық және халықаралық кәсіподақтардың, еңбек миграциясы мен жұмыс күшін саяси салаға тарту қиылысында орналасқан. Осы және басқа тақырыптармен байланысты зерттеуі Аустралия зерттеу кеңесінің (ARC) бірнеше грантына ие болды. Қазіргі кезде Мьянмадағы тоқыма өнеркәсібі мен Индонезияның өнеркәсіптік балық аулаудағы еңбек қатынастарына арналған ARC Discovery, сондай-ақ Камбоджаның құрылыс саласындағы гендерлік күштеуге кәсіподақтардың реакциясына арналған ARC Linkage жобаларын басқарады. Академиялық жұмысына қосымша ретінде Халықаралық Еңбек ұйымы (ХЕҰ), халықаралық жұмысшы қозғалысы мен Аустралия үкіметіне жан-жақты кеңес беру ісіне де қатысады.

Мишел Форд Франциядағы Université Polytechnique Hauts-de-France докторанты **Димитра Лоуренс Ларошелге** сұқбат береді. Ол ХӘҚ Біріккен Ұлттар Ұйымындағы жастар өкілі, ХӘҚ коммуникация, білім және мәдениет әлеуметтануы бойынша зерттеу комитеті Басқармасының мүшесі (ЗК14), Art Style | Art & Culture International Magazine редакторының көмекшісі, THE-SIS халықаралық журналының редколлегия мүшесі.

Д.Л.Л.: Маған Халықаралық Еңбек Ұйымымен қарым-қатынасыңыз туралы айтып бере аласыз ба? ХЕҰ қалай бірлесе жұмыс жасап жүрсіз және көп болды ма?

М.Ф.: ХЕҰ-мен Мьянмада алғаш рет байланысқа шықтым. 2013 жылы сонда ауысқаннан кейінгі еңбек қатынастары қалай қалыптасып отырғаны туралы зерттеумен айналыстым да, ХЕҰ қызметкерлерінен сол зерттеу аясында сұқбат алдым. Оңтүстік-Шығыс Азияның Сидней орталығын да басқарып отырғандықтан, өндірістік қатынастарға қатысты басқа елдердегі істер жөнінде институттық қатысу және кәсіподақ мүшелері,

жұмыс берушілер мен мемлекеттік шенеуніктер үшін семинар өткізу, ақпарат беру артық болмас деп шештім. Мьянмадағы ХЕҰ кеңсесімен осы ойыммен бөлістім және олар бірге жұмыс жасауды қуана құптады. Министр мен тиісті бас директорларды қосқанда шамамен 70-80 адам қатысты. Бұл шынында ойдағыдай ынтымақтастық болды. Осыдан кейін ХЕҰ басқа лауазымдарына ауысқан кейбір кісілер маған басқа да мәселелермен айналысуға өтініш айтты. Мысалы, ХЕҰ аймақтық бюросы қолдаған Азияның сегіз еліндегі тоқыма өнеркәсібі бойынша анықтамалық құжатты әріптесіммен бірге дайындадым.

Содан соң 2019 жылы мен жаһандық кәсіподақтармен

>>

жұмыс жасау үшін Женеваға бардым. ХЕҰ-дағы бір кісі дүниежүзілік кәсіподақтар мен еңбек миграциясы туралы жазған кітабымды көріп, таныстырылым жасауымды өтінді, сол жерде болған кезде бірнеше адамнан сұқбат алдым, солардың бірі – Еңбекшілер ісі бойынша Азия-Тынық мұхиты аймақтық бюросының (ACTRAV) басшысы. Кейін ол маған Индонезиядағы пальма майы өнеркәсібінің жұмысшылары мен Азия-Тынық мұхит аймағындағы кәсіподақтардың цифрлық стратегиялары бойынша зерттеу жүргізуді тапсырды.

Бір қызығы, ХЕҰ-да жариялаған кейбір материалдарым, мысалы, оның Мьянмадағы рөлі туралы сыни мазмұнда болды, бірақ мен араласатын адамдар оны дұрыс қабылдай алады деп ойлаймын. Айтайын дегенім, егер олар сынды қабылдай алмаса, менімен араласпас еді. ХЕҰ-да мен араласатын адамдар дос/бөтен адам ретінде сыни көзқарасымды құрметтейді. Сондықтан олармен араласу үшін ымыраға келу деп есептемеймін. Егер олай жасасам, мұны жасамас едім.

Д.Л.Л.: ХЕҰ-да әлеуметтанулық көзқарасыңыз бен дағдыңызды қалай қолданатыныңызды айтып бере аласыз ба? Дәлірек айтсақ, әлеуметтанушының еңбекпен байланысты мәселелерге тиісті шешімдерді жақсарту үшін БҰҰ аясында қалай әрекет ете алатынын түсіндіресіз бе?

М.Ф.: Менің ойымша, ең бастысы – академиялық ұстанымды қолдану. Біз мекеме өздігінен жасай алмайтын ойларды ұсына аламыз. ХЕҰ жұмыс істеу тәсіліне қарасаңыз, ол көптеген адамдарға зерттеу жүргізуге тапсырма береді. Осы жобаларды құрылымдау үшін маған көп еркіндік берілді, өйткені барлығы бағалауға емес, зерттеуге бағытталған жобалар. Мен халықаралық одақ қозғалысы үшін бағалау жұмыстарын көп жасадым және олар мүлдем басқаша болды. ХЕҰ жағдайында өздері жауап алғысы келетін кейбір сұрақтар бар, бірақ одан басқа олар маған жобаны құрылымдауға рұқсат беруде аса ашық болды және мен сол жерден академиялық тәжірибемді шындаймын, солай емес пе? Осылайша, маған қандай деректер қажет екенін және оны қалай жинау керектігін және оны қалай өңдеу керектігін шеше аламын.

Мен жұмысты бастаған кезде қызметім кейбір цензураға ұшырауы мүмкін деп алаңдадым, өйткені ХЕҰ үкіметтік көзқарастарға, сондай-ақ кәсіподақ пен жұмыс берушінің перспективаларына сезімтал болуы керек – және олай болған күнде мен олармен жұмыс істеуді тоқтатар едім. Бірақ менде қандай да бір шектеу болғанын сезген жоқпын. Бұл жағымды тосынсый болды! Мүмкін себептің бірі – пікірталасқа әртүрлі пайымды тарту үшін олардың сырттан зерттеушілерді шақыруды ұнататыны болар (күлді).

Д.Л.Л.: Сіз бұған дейін сыни пікір білдіретініңізді және ХЕҰ-дағы адамдар өте ашық және сізде ешқандай шектеу жоқ екенін айттыңыз. Дегенмен, Сіз басқа қиындықтарға тап болдыңыз ба? Жалпы, халықаралық

ұйымдарда жұмыс істеген әлеуметтанушы қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін? Сіз кез келген басқа қиындықтарды бастан кешкен болсаңыз, оларды қалай жеңдіңіз?

М.Ф.: Шынымды айтсам, кез келген ұйым оқығысы келетін нәрсе емес (күлді), бірақ ХЕҰ – аса бюрократиялық ұйым. Осыған байланысты өте баяу жұмыс жасайды. Мысалы, жақында бір жобада ұйым мен үшін Азия-Тынық мұхиты аймағындағы кәсіподақтармен көп сұқбат ұйымдастырды. Яғни, бір жағынан өте пайдалы болғанына назар аударғым келеді. Бірақ мұны өзім жасағаным тезірек болар еді. Бюрократия көп уақыт алады. Бұл – үлкен ұйым, сондықтан олармен жұмыс істегенде, сізге олардың жұмыс жасау тәсіліне көнуге тура келеді. Істі атқарудың барлық механизмі. Мысалы, Үкіметтік емес Ұйым сияқты икемділігі жоғары және шағын топпен жұмыс істеуден мүлдем басқаша. Дегенмен, артықшылықтары сөзсіз бар, себебі ХЕҰ үшін жүргізілген зерттеулер белгілі бір құндылыққа ие. Жақсы түйіндемеге негіз де. Мен толық профессормын, сондықтан мен үшін бұл академиялық тұрғыдан маңызды емес, бірақ қолданбалы жұмыстың басқа түрлерімен айналысуға мүмкіндік алу тұрғысынан ХЕҰ-да жұмыс істегенім өте пайдалы.

Менің ойымша, егер сіз академик болмасаңыз, кеңесшілер елінде тұрсаңыз, бұл мүлдем басқаша болар еді. Мұндай жағдай адамдар үшін қиын болуы мүмкін, өйткені ХЕҰ кеңесшілер үшін жақсы жұмыс жағдайларын ұсынбайды немесе жоғары еңбекақы төлемейді! Бірақ академиялық тұрғыдан өте жақсы. Бізде пікірталасқа ықпал ету мүмкіндігі бар, солай ма? Осы адамдар ХЕҰ жүзеге асыратын бағдарламалар туралы шешім қабылдайды. Олардың шешім қабылдау процестеріне қатысу мүмкіндігіне ие болуы – нағыз артықшылық. Бұл академиялық және зияткерлік дағдыларымызды нақты әлемдегі проблемаға қолдану тәсілі және нақты нәтижеге үлес қоса аласыз, өйткені бұл шешімдерге ықпал ете алатын ұйым.

Д.Л.Л.: БҰҰ аясында әлеуметтанушының қатысу шегі қандай деп ойлайсыз?

М.Ф.: Менің ойымша, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі ұйымдар көптеген мүдделі тараптары бар ірі ұйымдар. Осы мүдделі тараптардың арқасында бәрі саяси тұрғыдан бағалануы тиіс. Сондай-ақ ХЕҰ-ның қаржыландыру базасы салыстырмалы түрде шағын. Осыған байланысты көп жағдайда донорларының жоспарына бағынуы керек. Кейде бұл жақсы жұмысқа ынталандыруы мүмкін, бірақ кейде жақсы жұмыстан бас тартуға тура келеді, себебі тұрақты қаржыландыру жоқ немесе донорлық бағдарлама сипатына байланысты адамдардың күш-жігері белгілі бір бағытқа оңтайлатыны айқын. ХЕҰ жағдайында оның қызметінің басым бөлігін қаржыландыратын елдер аз. Бұл, әрине, күн тәртібін қалыптастырады. Қалыптасқан жағдай міндетті түрде жағымсыз нәрсе емес, бірақ бұл әлеуметтанушылардың ықпал ету мүмкіндіктерін шектейді.

Д.Л.Л.: 2020 жылдан бері дүние жүзіндегі еңбек пен еңбек жағдайына маңызды салдары сөзсіз болатын жаһандық пандемиямен бетпе-бет келдік. Пандемия кезінде жұмысшылардың құқықтарын нығайту үшін қандай саясатты алға тарттыңыз? Сіздің ойыңызша назардан тыс қалған салалар бар ма?

М.Ф.: Назардан тыс қалды дегеннен гөрі, кейбір негізгі салалар тұрғысынан қазіргі уақытта тасымалдауда кейбір өзекті мәселелер бар десе болады. Егер біз тігін өнеркәсібіне қарасақ, COVID жұқтырған кезде логистикада кедергілер болды және тұтынушылардың тапсырыстары төмендеді. Кенеттен зауыттарда тапсырыстар болмады. Олар адамдардың жұмыс уақытын қысқартуға немесе шығаруға мәжбүр болды. Бұл жағдайда брендтер жұмысшылар үшін жасайтын барлық нәрселер төңірегінде біраз шу шығарады. Бірақ содан кейін COVID сияқты дағдарыс кезінде олардың қаншалықты тез шегінгенін көресіз. Соңғы 20-30 жылда халықаралық еңбекті басқару, оның ішінде ХЕҰ арқылы да көп жұмыстар атқарылды. Дегенмен, еңбек құқықтарына қатысты дұрыс әрекет жасамайтын трансұлттық компаниялар санкцияланатын жүйелерге келетін болсақ, біздің жолымыз әлі ұзақ.

Әлбетте, гиг-экономика қазіргі уақытта еңбек және өндірістік қатынастар әлеуметтанушылары үшін үлкен қызығушылық тудырады және кейбір контексте ол іс жүзінде жұмыстың ресмиленуіне әкелуі мүмкін. Сонымен, Үндістан мен Индонезия сияқты елдерде бұрын бейресми болған адамдар, енді кем дегенде, қарсылық көрсету үшін ұйымдаса алатын адамдары бар. Бірақ екінші жағынан, платформалардың аса мықтылығы – еңбек құқықтарын сақтауда нақты сынақ болуы мүмкіндігі. Тасымалдаушы-жүргізушілердің жұмысшы ретіндегі мәртебесін мойындайтын сот істері болғаны жігерлендіреді, бірақ менің ойымша, ХЕҰ немесе басқалардың осы жаңа жұмыс формаларын қалай реттеуге болатыны туралы әлі де жақсы идеясы жоқ деп ойлаймын.

ХЕҰ осы жылдар ішінде көп жұмыс жасады, бұл, әрине, тамаша, бейресми сектор жұмысын жақсырақ түсінуге тырысады және шын мәнінде цифрлық платформа жұмысымен байланысты. Көп жағдайда цифрлық платформа жұмысы – ресми жұмыспен қамту мен бейресми сектордағы жұмыспен қамту арасындағы аралық форма. Менің ойымша, осы жағдай – бізге әлеуметтанушылар ретінде, сонымен қатар нақты әлемді өзгертісін келетін адамдар ретінде жұмысшылардың мүдделерін рәсімделмеген секторларда көрсетуге болатын әртүрлі әдістерді әзірлеуге тырысу мүмкіндігі. Олар менің үштігімді құрайды деп ойлаймын.

Бұл жаңа мәселе де немесе арнайы COVID-ке де қатысты емес, алайда COVID шынымен де осы салалардағы түйткілдерді жария етті. Ал содан кейін жалпы алғанда, жалпыға игілікті мемлекеттің шегінуі және жалпыға игілікті мемлекеттің бұрын-соңды болмаған елдерде сол күйі болмауы. Білесіз бе, дәл осындай уақытта жағдайдың адамдарға қаншалықты терең ықпал ететіні анық байқалады. Егер сіз Норвегияда, Грекияда немесе Конгода болсаңыз, өмір мүлдем басқаша және пандемия сияқты нәрсенің әсері мүлдем басқаша. Менің ойымша, осылайша жалпыға игілікті мемлекетті қалпына келтіру үшін талап қою – аздап қарулануға шақыру... Пандемия шынымен де әлеуметтік қорғау жүйесінің маңызды екенін көрсетті.

Д.Л.Л.: Халықаралық салада мансабын бастап жатқан әлеуметтанушылар мен жас әлеуметтанушыларға қандай да бір кеңесіңіз бар ма? Жұмыс табу туралы ұсыныстарыңыз немесе ақпаратыңыз бола ма?

М.Ф.: Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі ұйымдар қазірдің өзінде жас әлеуметтанушыларға жұмыс беретін ірі ұйым, олай болса желіде және желіге топтастырылған ұйымдарда көптеген жұмыс орындары бар. Халықаралық үкіметтік емес ұйымдарда және т.б., PhD дәрежесі бар адамдар да біршама.

Егер біреу академиялық жолда болса, менің ойымша, ХЕҰ сияқты ұйымдармен жұмыс істеу өте пайдалы. Бұл зерттеулерімізді нақтылыққа негіздейді және бізді микро-деңгейден шығарады. Әлеуметтануда микро-деңгейдегі зерттеулерге шынымен батып кету өте оңай – және ол маңызды – бірақ оны ірі мәселелер деңгейіне жеткізе алу мүмкіндігіне ие болу аса үлкен жеңіс. БҰҰ жүйесінің қалай жұмыс істейтінін қарастыру бізге осы маңызды мәселенің кейбірін көтеруге көмектеседі. Бұл сұрақтарға жауап жүйенің өзі естігісі келетін жауап болмауы әбден мүмкін. Бірақ шын мәнінде сол белсенді, бірақ сыни көзқарасты білдіре отырып, біздің осы жүйенің өзіне, сонымен қатар жүйе қызмет етуге үміттенетін бүкіл әлемдегі қоғам топтарына ықпал ету мүмкіндігіміз бар.

Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, жас зерттеушілер үшін топқа қосылу, өз салаңыздағы желіге қосылу, практиктермен байланыс орнату, пайдалы үлес қосу аса маңызды... Біреу жобаға қатысатын адам іздегенде, Сіз туралы ойлау үшін қажет. Мұнда желінің өзі бар, содан кейін Сіздің құндылығыңыздың дәлелі бар. Ақырында, Сіз адамдар іздейтін адамның бірі боласыз. ■

Хаттарды Мишел Фордқа <michele.ford@sydney.edu.au> жолдауға болады.

> Ресей контексіндегі қоғамдық әлеуметтану

Светлана Ярошенко мен Елена Здравомыслова, Санкт-Петербург Әлеуметтанушылар Қауымдастығы, Ресей



«Қоғамдық әлеуметтану туралы Санкт Петербургтегі пікірталас»,
Евгения Голант, 2015.

Мақалада қазіргі Ресейдегі қоғамдық әлеуметтанудың алдында тұрған мәселелерді талқылаймыз. Біз қарастыратын негізгі сұрақ: аты әлі анықталмаған саяси режимге кәсіби міндеттеме туралы не айта аламыз? Қазіргі уақытта «арнайы әскери операцияның» – Украинадағы соғыстың нағыз дистопиялық қорқынышын бастан кешіріп жатырмыз және мұнда оның *nascendi statu* әлеуметтануға ықпалын сипаттаймыз. Ресейде жүргізілген талқылаулар мен зерттеулерге, кәсіби тәжірибемізге, сондай-ақ 2021 жылғы Майкл Буравойдың *Public Sociology: Between Utopia and Anti-Utopia* [«Қоғамдық әлеуметтану: Утопия мен Антиутопия арасында»] (2021) кітабына сілтеме жасай отырып, әріптестерімізбен, соның ішінде Буравой кітабының алғы сөзінде айтқан адамдармен және орыс қоғамдық әлеуметтануының дамуына үлес қосқан зерттеушілермен талқыладық.

> Майкл Буравойдан шабыт алу

Майкл Буравой демократиялық емес режимдегі әлеуметтанудың бірнеше ерекшеліктерін атап көрсетеді. Ол мұндай жағдайларда әлеуметтану «партиялық-мемлекеттік идеологияның трансмиссиялық белдеуі» ретінде қызмет етеді және негізінен құлдық саясат әлеуметтануы түрінде өмір сүреді деп тұжырымдайды. Академиялық еркіндік шектеулі, ал ғалымдар өз кәсіби қызметіне қатаң бақылау жасайды. Бағынышты партиялық-мемлекеттік бағдар Ресейдегі әлеуметтанудың туа біткен жағымсыз белгісі деп санаймыз және бұл жолдан бас тарту аса қиын.

Алайда, сыни кәсіби әлеуметтанудың оппозициялық бағыты және оның көпшілікке ашық болуға деген ұмтылысы Ресейдің әлеуметтанулық бедерінде де маңызды. Әдетте эмпириялық әлеуметтану бағытталған немесе басқарылатын саяси зерттеулер түрінде болғанымен, кәсіби автономия, тәуелсіз сараптама беру құқығы және әлеуметтанулық қоғамдастық пен академиялық емес қоғамдағы мәселелерді ашық талқылау мүмкіндігі үшін күрескен әлеуметтанушылар да бар. Орыс әлеуметтанушылары әрқашан қоғамдық зиялылыққа ұмтылды. Кеңес жылдарында ең жақсы әлеуметтанушы өз зерттеуінің таза сәндік сипаты мен мағынасыздығына қынжыла шағымданды. Олар әлеуметтік диагноз қойып, авторитарлық режимде ешкім құлақ салмайтын кеңестер берді.

Буравой «өркендеу үшін біздің пән қоғамның қатысуын қажет етеді» дейді. Ресейлік әлеуметтанушылардың өзіндік рефлексиясы осы пікірді растайды. 2000 жылдардағы орыс әлеуметтанушылары перспективаларын талқылай отырып, ғалымдар «теориялық кедейлік» пен кәсіпқойлықтың жетіспеушілігі азаматтық қоғамның әлсіздігінен, институттандырудағы олқылықтар мен автономияның болмауынан туындады деген пікірге келді ([Romanov & Yarskaya 2008](#); [Sokolov 2009](#)). Кәсіби қоғамдастықтың бір бөлігі демократияландыру мен әлемдік әлеуметтанулық қауымдастыққа интеграциялау үстірт және құлдық саяси әлеуметтанудың шектеулерін жеңуге көмектеседі деп үміттенді. Басқалары бөлшектену тенденциясын және кәсіби коммуникацияның жоқтығын атап өтті ([Lytkina & Yaroshenko 2019](#)).

> 21 ғасырдағы қоғамдық әлеуметтанудың жетістіктері

Посткеңестік кезеңде әлеуметтанудың қоғамдық саладағы маңызы артты. Қоғамдық әлеуметтанудың пайымдары үнемі кәсіби деңгейде ұтымды идеяларды ұсына отырып, серпіліс тудырды. Ресей әлеуметтанушыларының жаңа буыны әлеуметтанулық зерттеулер азаматтармен өзараықпалдасудың көрінісі деп санайды; олар қарапайым бастама мен ҰЕҰ-ға қатысты зерттеулер жүргізеді. Осылайша, органикалық қоғамдық әлеуметтану идеясы ресейлік кәсіби қоғамдастықта қолдау тапты.

Бірақ көп жағдайда дәстүрлі қоғамдық әлеуметтанудың ықпалын көреміз: қоғамдық дәріс, сұқбат, сараптамалық бағалау, зерттеу деректерін насихаттау; осының барлығы қазір кәсіби рейтингте ескеріледі. Жұртшылықтың қатысуы

>>>

мекеме мен жеке тұлғаға материалдық және символдық пайда әкеледі. Соңғы онжылдықтарда ресейлік әлеуметтанушылар бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнатуды үйренді (бұқаралық ақпарат құралдарында сенімді сұқбаттасушыны саналы түрде таңдау). Бұл ноу-хау Ресейдегі дәстүрлі қоғамдық әлеуметтанудың жетістігіне айналды. Біраз уақыттан бері саяси алауыздық Ресейдегі әлеуметтанулық алаңның маңызды ерекшелігіне айнады. Соңғы уақытқа дейін сан тарап өкілдерінің қоғамдық танымалдығының өзіндік құралдары бар еді. Сыншыл қоғамдық әлеуметтанушылар өздерімен жұмыс жасауға дайын әртүрлі агенттіктерден, соның ішінде The Echo of Moscow радиоарнасынан, The Novaya Gazette басылымынан және бірнеше интернет ресурстардан тұратын сенімді орын тапты.

Алайда, авторитарлық басқарудың күшеюімен қоғамдық сала аясы тарыла түсті. Жеке адамдар мен институттар ұсынған сыни журналистика мен зерттеулер ресми қоғамдық саладан аластатылды. Оларға «шетелдік агент» деген айдар тағылды немесе олар өзіндік цензура арқылы идеологиялық бағытын өзгертті, немесе оп-оңай жабылды.

> Репрессиялық заңнама, азаматтық қоғамның құқықсыздығы және қоғамдық әлеуметтануды тұншықтыру

2022 жылдың 24 ақпанында Ресей мемлекеттік билігі Украинада «арнайы әскери операция» бастаған сәтсіз күнге дейін автократия Ресейдің азаматтық қоғамын биліктен сәтті айырып, халықтық таптардың мемлекеттік саясатқа ықпал ету мүмкіндігін шектеді. 2011-12 жылдардағы сайлауды бұрмалауға қарсы жаппай наразылықтардан кейін Ресей заң шығарушы органы қабылдаған бірқатар репрессиялық заңдардың арқасында жақындағы қудалау заңды түрде мүмкін болды. Нақтырақ айтсақ, «гейлерді насихаттау» (2013) заңы сөз бостандығын шектейді және ЛГБТ +қауымдастығын қылмыстық жауапкершілікке тартады. Ресейдегі гендерлік зерттеулердің күрт өсуіне ықпал етті. «Шетелдік агенттер туралы заң» (2012 ж.) азаматтық қоғамды тұншықтырған және қоғамдық әлеуметтанудың органикалық жобаларымен айналысатын мемлекеттік емес институттардың кәсіби қызметін шектейтін ілмек рөлін атқарды. Бұл заң бастапқыда саяси қызметпен айналысатын және халықаралық гранттар алатын ҰЕҰ-ға қарсы бағытталған. Қазіргі уақытта мұндай біліктілік объектісі саясат және қоғамдық насихат саласындағы зерттеулер болды. Мемориал, Левада орталығы, Тәуелсіз әлеуметтік зерттеулер орталығы және Гендерлік зерттеулер орталықтары сияқты құқық қорғау ұйымдары мен үкіметтік емес зерттеу институттары Шетелдік агенттер (ША) тізіміне енгізілген алғашқы объектілер еді. Бұл «улы» мәртебенің шығыны көбінесе әлеуметтік зерттеулер үшін шешілмейтін кедергі болып саналады, халықаралық ынтымақтастықтың тарылуына, сондай-ақ қатаң қаржылық үнемдеуге және бюрократиялық шығындарға әкеледі (Skibo 2020).

Репрессиялық заңдарды қолдану Ресейдің азаматтық қоғамын да тұншықтырды. Тұншықтырып жатқан жұтқыншақтан тезірек шығуға талпынғандай даусы әлсіреді. Белсенді азаматтар, азаматтық бастамалар мен ҰЕҰ қудалаудан қорқады. Қоғамдық қорқыныш, сондай-ақ нақты қуғын-сүргін қоғамдық әлеуметтанудың тынысын тарылтты.

ҰЕҰ-ның көпшілігі стигматизациядан аулақ болуға тырысып, өзін-өзі тарату стратегиясын таңдады. (Көптеген гендерлік зерттеу орталықтары жабылды.) Бірнеше «ША» үкіметтік емес ұйымдары өз еркімен өмір сүру экспериментін жүргізіп, өз қызметін жалғастырды. Тұншыққан зерттеушілер мен журналистер үшін «қалыпты бизнесті» жалғастыруға тырысатын тағы бір кең тараған стратегия өзіндік цензура болды. Ресми медиа арналары ША-мен байланысты шектегенімен, әлеуметтік медиа ашық пікірталастар мен ашық тыныс арудың балама қоғамдық саласын ұсына бастады.

Алайда, бұл Ресей азаматтық қоғамының әлі де үнсіз қалған бөлігіне қарсы «арнайы операцияның» бастапқы кезеңі ғана болды. COVID-19 пандемиясының екі жылы автократияға қоғамдық іс-шараларға тыйым салуға, наразылықтарды басуға және қоғамның назарын халықаралық істерден денсаулық пен жеке өмірге қауіп төндіруге ауыстыруға көмектесті.

> Арнайы әскери операцияның дистопиясы және қоғамдық әлеуметтанудың тұншығуы

Украинада соғыс басталғаннан кейін жағдай күрт нашарлады. Репрессиялық заңдардың жаңа сериясы қоғамдық талқылауды жауып, наразылықтарды қылмыстық жауапкершілікке тартты. ША заңына 2022 жылғы түзетулер қудалау мақсаты мен сылтаудың ауқымын кеңейтеді. «Жағымсыз ұйым» және «дос ел» деген жаңа мәртебе халықаралық академиялық ынтымақтастыққа нұқсан келтіреді. Бұл тұрғыда қоғамдық әлеуметтануды жақтаушыларды шетелдік агенттер санатына жатқызу және қуғын-сүргінге ұшырағандар қатарына қосу оңай. Бұл тіпті саяси көзқарасын және академиялық бейтараптыққа деген сенімін көрсетуге тырысатын зерттеушілер мен институттарда болуы мүмкін.

Осындай атмосферада жағымпаздар мен сыни көзқарастағы әлеуметтанушылар арасындағы ескі саяси алауыздық қайта жанданды. Соғыс басталғаннан кейін әлеуметтанушылар өз ұстанымдарын қолдау арқылы және наразылық ашық хаттарында білдірді. Наразылық білдірушілердің көбі ішкі немесе сыртқы қуғында таңдау жасауға мәжбүр болды (уақытша деп үміттенемін).

2022 жылдың наурызында бұқаралық ақпарат құралдары Ректорлар Одағының 180 қол жинаған қолдау хатын таратты. Бұл саяси қимыл осы университеттер мен олардың қызметкерлеріне белгілі бір қауіпсіздік дәрежесіне кепілдік бергендей еді, бірақ институттарды халықаралық академиялық қоғамдастықта жою мәдениеті объектілеріне айналдырды. Бұл ретте наразылық хаттарына қол қойылды, жекелеген зерттеушілер мен тәуелсіз институттар өз әлеуметтік желілерінде (Telegram, Facebook және Instagram арналарында) наразылық мәлімдемелерін жариялады. Наразылық хаттарында соғыстың Ресей қоғамы мен ғылыми ортасы үшін жойқын салдары атап өгілді (Dubrovsky & Meyer 2022). Instagram және Facebook соғыс басталғаннан кейін көп ұзамай Ресейде бұғатталды және әлеуметтік желілерге шексіз қол жетімділік тек VPN арқылы ғана.

Алайда, әлеуметтанушылардың басым бөлігі басып алу туралы ашық мәлімдеме жасаудан қашқақтайды. Қалыс қалғандар өз таңдауын «кәсіби бейтараптықпен» түсіндіреді. Олар салқынқандылықты сақтап, сараптамалық білім беріп, саяси

>>>

мәселелерге араласпауы тиіс ғалымның бейтарап ұтымдылығына сенеді. Бұл қисынды болып көрінетін дәлел қоғамдық кеңістікке енетін күшті қорқыныш сезімінен туындайды.

Қоғамдық үрей атмосферасы қоғамдық әлеуметтануды әлсіретеді және тұншықтырады. Дегенмен, кейбір әлеуметтанулық мәселелер ресми түрде де, балама қоғамдық салаларда да табанды түрде талқылануда.

> Қоғамдық пікірді зерттеуді сынау

Дәстүрлі қоғамдық әлеуметтанумен тікелей байланысты бір маңызды тақырып бар. Оппозициялық әлеуметтанушылар репрессиялық режим мен әскери қақтығыс кезінде сауалнама жүргізу әдіснамасын сынға алады. Олар әскери операцияны қолдауды көрсететін сандар шынайы көзқарастың көрінісі ретінде қабылданбауы керек деп санайды. Қоғамдық қорқыныш адам жауабын бұрмалайды; дәстүрлі қоғамдық әлеуметтану саяси манипуляцияның тақырыбына айналды және оның нәтижесі соғыс пен экономикалық санкцияларды қорғауға жұмылдырылды ([Yudin 2022](#)). Мұндай сын оппозициялық қоғамдық зиялылар арасында консенсусқа ие, ал адалдықты білдіретіндер сауалнама деректерін номиналды бағамен қабылдайды.

> Әлеуметтанушы стратегиялары

Академиялық бостандық шектеліп, қоғамдық әлеуметтану тұншығып жатқанда, әлеуметтанушылар қандай стратегияларды қабылдай алады? Академиктердің біразы қалыпты қызметін әдеттегідей жалғастыруда – олар өз жұмыс жағдайына балама көріп тұрған жоқ. Көбіне олар кәсіби міндетті орындауға және «сабырлы болуға және әрі қарай жылжуға» әлі де мүмкіндік бар деп ойлайды.

Өріптестеріміз білім берудегі өз жауапкершілігін, студенттерге шарасыздық пен реніш сезімдерін жеңуге көмектесудің маңыздылығын ескеруде. Көптеген адамдар этнография мен далалық зерттеулер және күнделік жүргізетін уақыт келді деп ойлайды. Кейбірі классикалық шығармалардағы тоталитаризм мен антиутопияны талдауға жүгінеді, олар қазіргі әлеуметтік болмыстағы үлкен өзгерістерді бағалауға көмектеседі деп санайды.

Студенттер мен ғалымдардың көбінде пәнге деген «шарасыз ренішті» сезінуде. Олар қоғамдық әлеуметтанумен айналысудың қаншалықты қауіпті екенін, кәсіби жұмыс пен азаматтық белсенділікті біріктірумен байланысты шығындар қаншалықты орасан зор болуы мүмкін екенін түсінді. Қорқыныш, сондай-ақ Ресейде кәсіби жұмысты жалғастыру перспективасына үміттің жоқтығы тәуекел топтағы ғалымдардың окшаулануына және (уақытша деп сенейік) басқа жаққа ауысуына жол берді. Қоғамдық әлеуметтанудың ауасы тарылып барады, оның келешегі беймәлім, ал наразы әлеуметтанушылар ашық пікір білдіре алатын әлеуметтік медиа платформаларында балама ашық қоғамдық кеңістік ұйымдастыруға тырысуда.

> Балама қоғамдық сала – нақты утопиялық үміт

Наразы сыншыл әлеуметтанушылар Ресей мен әлемге өз үндерін жеткізуге тырысуда. Олардың стратегиясы – кәсіби жұмысын жалғастыру және жаңа ақпараттық технологиялардың арқасында мүмкін болатын балама қоғамдық салада өз дауысын тарату. Наразы журналистер COVID-19 кезінде өрістеген онлайн кеңістікте шекарадан асып жұмыс істейді; олар Ресейдегі өмірге қатысты өзекті мәселелер бойынша онлайн қоғамдық талқылаулар өткізеді. Telegram және Facebook арналары әскери операцияға қарсылар үшін қоғамдық орта құрды. Дегенмен, бұл шаралар шектеулі аудиторияны қамтиды және ақпараттық көпіршікті тудырады.

Осы балама қоғамдық салада әлеуметтанушылар халықаралық қатынастарды қоғамдық зиялылар ретінде талқылайды, сонымен қатар неототалитаризмнің, автократия, отаршылдық және империя диктатурасының абстрактілі тұжырымдамаларына тереңірек үңіледі. Олар Ресей режимі үшін қолайлы белгіні табуға тырысады. Көпшілігі болып жатқан жағдайға жауапкершілікті сезінеді. Олар өздеріне: Не жіберіп алдық? Соғысты қалай болдырмауға болады? Болжамдарымыз неге ақталмады? деген сұрақтарды қояды.

> Қорытынды

Қоғамдық саланы басып жаныштау қоғамдық әлеуметтанудың жарақатты тұншығудан зардап шегетінін білдіреді: тірі денеге оттегі жетіспесе дем ала да, қозғала да алмайтын ауыр патологиялық жағдай. Бұл ахуал өмірге қауіп төндіреді. Ресейлік авторитарлық режим жағдайында қоғамдық қорқыныш пен нақты репрессияға байланысты қоғамдық әлеуметтанудың мүмкіндіктері өте шектеулі болды. Дәстүрлі қоғамдық әлеуметтану қатаң цензурадан зардап шегеді және сауалнама нәтижелері саяси құрал ретінде қолданылады. Бірақ қоғамдық әлеуметтану шекарасыз және әлеуметтік медианың балама қоғамдық саласында өмір сүруін жалғастыруда.

Өмір сүріп жатқан антиутопиялық қорқыныш бізге тиесілі әлеуметтанулық дәстүр моралдық міндеттемелерге, басқалармен тұрақты түрде бөлісетін демократиялық құндылықтарға, яғни еркіндік, ақыл, теңдік, ынтымақтастыққа негізделгенін түсінуге көмектеседі. Қазіргі жағдайда біз болашақта қоғамға тиесілі болатын кәсіби білімді жинақтауымыз қажет. Қалыптасқан ахуал ресейлік әлеуметтанушыларды өз амбициялары мен жұмысының негізіне күмән келтіруге, сондай-ақ бұрын бейтараптық аясында еленбейтін рефлексияларды, яғни кәсіби мен моралдық міндеттері арасындағы тығыз қарым-қатынасты қайта қарауға мәжбүрлейді.■

Хаттарды Светлана Ярошенко <svetayaroshenko@gmail.com> мен Елена Здравомысловаға <zdprav3@yandex.ru> жолдауға болады.

> Қоғамдық әлеуметтануды диалогтық әлеуметтануға бағыттау

Сари Ханафи, Бейрут Америка университеті, Ливан және ХӘҚ президенті (2018-2023)

Майкл Буравой – әлеуметтану ғылымын еңбек және саяси экономия әлеуметтануы саласындағы көптеген теориялық жаңалықпен толықтырған әлеуметтік теоретик қана емес, сонымен бірге ол бүкіл әлем бойынша әлеуметтану тәжірибесін іс жүзінде өзгерту үстіндегі тұлға. Мен *Public Sociology: Between Utopia and Anti-Utopia* [Қоғамдық әлеуметтану: утопия мен анти-утопияның арасы] кітабын оның соңғы бетіне дейін оқымайынша қолымнан тастай алмадым. Роман тәрізді оқылатын бұл кітап Буравойдың соңғы жарты ғасырлық өмір сапарын талдау нысанына айналдырып, оның қоғамдық әлеуметтану пайдасына дәлелдерін алға тартады. Эрик Олин Райттың жобасын өзінің қоғамдық әлеуметтануына сәйкес келтіре отырып, Буравой бұл әлеуметтануды жүзеге асырылуы мүмкін (утопиялық қыры) және жүзеге асырылмауы мүмкін (анти-утопиялық қыры) белгілі бір құндылықтардың артындағы моралдық немесе нормативтік ғылым ретінде қарастырады.

Буравой қоғамдық әлеуметтануды теориялайды, оны органикалық етеді және азаматтық әлеуметтануды ұстанатын шынайы утопияны тудырады. Онымен келіспеуге болмайды, бірақ бұл шағын мақалада мен өз ойымды қанаушыларды өте заманауи түрде сынауға ғана емес, олармен диалог орнату мүмкіндігін де қарастырғым келеді. «Диалогтық әлеуметтану» деп атайтын нәрсемнің негіздемесі менің академиялық белсенділігім мен тұратын жерімнен бастау алады. Әлеуметтанудағы зерттеу салаларым (білім, мәдениет, дін және саясат) Буравойдың еңбек мен маркстіл бағыттағы әлеуметтануынан тым ерекше. Ол неолибералдық капиталистер мен нарықтандырудың үшінші толқыны өкілдеріне қарсы. Мен азаптау, саяси адам ұрлау, өлтіру және иеліктен айыру жиі кездесетін қатыгез авторитарлық және отаршылдық режимдерден азап тұтатын аймақта өсім және әлі де өмір сүріп келемін. Авторитарлық режим мәдени гегемония орнатып, халықтың едәуір бөлігін идеологиялық тұрғыдан «миын ашытып», тұрақтылықтың қайнар көзі ретіндегі авторитаризм күшіне сенуге мәжбүрлеген жағдайда не істеу керек? Холокосттан аман қалған кейбір израилдіктер, бауырлас Палестина жерін тартып алған отаршыл қоныстанушыларға айналғанда, араб-израил

қақтығыстарын қалай шешуге болады? Кең плюралисттік өтпелі сот төрелігі тетіксіз тарихи қалпына келтіретін әділеттілікке ие бола аламыз ба?

Майкл Буравой қаналған халыққа және олардың қасіреттеріне сезімтал болғандықтан, әлеуметтанудың міндеті мемлекеттік үстемдікке де, нарықтық үстемдікке де қарсы тұру үшін азаматтық қоғаммен жұмыс істеу екенін жиі айтады. Бұл – өте қажет міндет, бірақ мен осы міндетке тағы екеуін қосар едім.

Біріншісі – әлеуметтанулық миссияны азаматтық қоғамнан тыс, Джеффри Александер түсінетін мағынадағы азаматтық салаға дейін кеңейту. Александр бізге азаматтық қоғам – отбасы, діни топтар, ғылыми және корпоративтік бірлестіктер және жағрафиялық шектеулі аймақтық қоғамдастықтар кіретін кең әлеуметтік жүйенің бір саласы ғана екенін еске салады, өйткені олардың барлығы тауарлар шығарады және әлеуметтік қатынастарын әртүрлі идеалдар мен шектеулерге сәйкес ұйымдастырады. Егер өзімізді осы азаматтық саланың және либералды-демократиялық мұраттардың қамқоршысы ретінде көргіміз келсе, миссиямыздың шамадан тыс кеңеюі өте маңызды.

Екінші міндет – әртүрлі азаматтық емес салалармен делдалдық орнату: олармен диалог жүргізу. Біз алға тартатын идеалдарды ішінара немесе толығымен қабылдаудан бас тартқандарды мұқият тыңдауымыз керек. Буравой бұның маңыздылығын Арли Расселл Хохшилдтің *Strangers in their Own Land: Anger and Mourning on the American Right* [Өз жеріндегі өгейлер: америкалық оңшылдардың ашуы мен қайғысы] кітабын мақтаған кезде және оның Луизианадағы Шәй кешін жақтаушылармен «ортақ қабырғаны» қалай ұзартуға ықпал ететінін сезгенде байқайды. Олар жаһандану мен әлеуметтік теңсіздікке деген көзқарастарын білдіріп, наразылық ретінде Трамптың жақтасына айналды. Оларға кінә артпас бұрын, мысалы, Еуропаға көшіп келген сириялық және африкалық мигранттардан қорқатын адамдарды тыңдап көрейік. Осы жерде нормативтік әдістер, алғышарттар және нақты міндеттемелер негізінде азаматтық емес саламен диалог жүргізу және делдалдық

>>

“Қоғамдық әлеуметтану мәселесі қоғамдық ортада талқыланатын ұтымды мәлімдемелер немесе нормативтік дәлелдер ғана емес, сонымен бірге басқа біреудің эмоциялары мен моралдық шаршауын түсіну”

қабілетімізді ерекше атап өткім келеді. Радикалды сыни әлеуметтік теорияға қарсылық таныта отырып, неғұрлым сыншыл болуды жақтаймын. Өзі билікті сынайтын тұлғаның сынап қана қоймай сынап отырған күштермен диалог орната алатын қабілеті де бар. Бұл Роулздың саяси либерализмін (кеңейтілген және өзгертілген нұсқасын) орнату үшін кешенді/классикалық либералды жобаны қолдайтын әлеуметтанудың тәсілі, яғни қоғамдағы әртүрліліктің барлық түрін қоғамдағы әлеуметтік келісіммен (бірыңғай әділеттілік тұжырымдамасы) біріктіре отырып, қоғамымызда плюрализмді (ізгілік туралы плюралистік тұжырымдамалары) дамыту.

Кеңірек айтсақ, мен үшін – және мен Буравойдың да маған қосылатынына сенімдімін – қоғамдық әлеуметтану мәселесі қоғамдық ортада талқыланатын ұтымды мәлімдемелер немесе нормативтік дәлелдер ғана емес, сонымен бірге эмоциялар: басқа біреудің эмоциясын қалай түсінуге болады: моралдық сезімталдық, басқалардың моралдық шаршауы, бұл кейде оларды әлеуметтік азапты байқауға деген мүмкіндігін жоғалтады. Бұл диалогтық әлеуметтану адамдардың өз әрекеттерін этикалық тұрғыдан қалай ақтайтынына ғана емес, сонымен қатар әлеуметтанушылар бұл азапты қалай байыппен қабылдай алатынын және Силвия Каталдидің сөзімен айтқанда, қатысудың герменевтикасы ретінде қалай қарай алатынын да сезінеді.

Адамгершілік туралы әңгімеге келетін болсақ, бізде үлкен діндарлық бар араб аймағында дін – адамгершіліктің қайнар көзінің бірі. Бұл саяси зорлық-зомбылыққа қатысты жағдайларды қоспағанда, әлеуметтану әдебиетінде

әдейі немесе бейсаналық түрде ескерілмеген бөлмедегі үлкен пілге ұқсас. Бұл араб әлеміне, Таяу Шығысқа, Израилге ғана қатысты емес; дін Латын Америкасында (мысалы, Бразилиядағы жаңа пентакоштализм) және одан тыс жерлерде де маңыздылыққа ие болуда. Сонымен, менің ойымша, әлеуметтанушылар ретінде кішіпейіл болуымыз керек және біздің қоғамда антиклерикалистік әлеуметтанушылар артта қалған және реакцияшыл деп атаған ұзақ уақыт бойы еленбеген немесе кем саналған діни адамдарды қамтитын әртүрлі элиталық құрылымдар бар екенін мойындау туралы ойлануымыз керек.

Ақырында, Буравойдың өмірбаяны/терең аналитикалық кітабы утопиялық көзқарастарды алға жылжытудың заманауи әлеуметтану міндетінің бірі екенін анық айтады; бұл социализм дискредитацияланған кезде оңай іс емес. Буравой үшін адамдар әлеуметтануға «бай болу үшін емес, әлемді жақсарту үшін, [...] тең, еркін, ынтымақтастықты әлем құру үшін» бет бұрады. Буравой әлемді тек ойымен ғана емес, сонымен қатар тәжірибесімен де жақсартты: ол студенттеріне және кеңірек ғылыми қауымға қамқорлық жасағанда өте жомарт болды. Мен оған көп қарыздармын, өйткені менің әлеуметтануым кәсіби және саяси әлеуметтанудан қоғамдық әлеуметтануға емес, жергілікті және аймақтық мәселелер анықтаған әлеуметтанудан жаһандық мәселелерді қамтитын әлеуметтануға ауысқанға дейін мені моральдық жағынан қолдады. Сонымен қатар, ол мені ХӘҚ Атқарушы комитетіне ұлттық қауымдастықтардың вице-президенті және осы қауымдастықтың президенті ретінде сайлауға қатысуға шақырды. ■

Хаттарды Сари Ханафиге <sh41@aub.edu.lb> жолдауға болады.

> Майкл Буравой және қоғамдық әлеуметтану туралы ой

Маргарет Абрахам, Хофстра Университеті, АҚШ



Нью-Йорктегі «Уолл-стритті басып ал» наразылығы акциясы. Суретті түсірген Маргарет Абрахам, 2011

Дүние жүзінде әлеуметтанушылар, әлеуметтік ғалымдар, зерттеу белсенділері, феминистер және түсті адамдар зерттеулер мен әрекетті байланыстыру мен қоғаммен өзара әрекеттесу бойынша ұзақ жылдарды қамтитын бай тарихқа ие. Бұл теңсіздік, апартеид, қанау, қысым көрсету, оқшаулау, соғыс, нәсілшілдік, отаршылдық, капитализм, демократия, гендерлік зорлық-зомбылық және әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік өзгерістер үшін қозғалыстар мәселелерін шешуді қамтиды.

Америка Құрама Штаттарында қоғаммен әлеуметтанулық қарым-қатынас тарихы көп жағдайда еленбей қалды немесе әлеуметтанулық қағиданың тасасында қалып қоя берді. Классикалық теоретиктер Маркс, Вебер және Дюркгейм заңды түрде батыс пантеонының бөлігі болғанымен, протоәлеуметтанушылар, әлеуметтанушылар және В.Э.Б. Дюбуа, Гарриет Мартино, Жейн Аддамс, Анна Жулия Купер, Айда Б.Уеллс-Барнетт және Марианна Вебер соңғы уақытқа дейін салыстырмалы түрде көбіне танымал болған жоқ. Тарихи тұрғыдан алғанда, билік пен артықшылық негіздері, білімді өндіру, бөлу және тұтыну жүйелері канонды құру мен қалыптастыруда шешуші

рөл атқарды. Бұл Батыс, ақнәсілді және ер адамдар басым болатын негізгі теориялық және әдіснамалық кәсіби әлеуметтануға сәйкес келетіндей етіп жасалды. Нәтижесінде қоғаммен жұмыс істейтін, әлеуметтанумен айналысатын және қағидадан тыс жұмыс істейтін маңызды әлеуметтанушылардың теориялық білімі мен әдіснамалық үлестерін төмендетті.

2004 жылы Майкл Буравой Америка әлеуметтанушылары қауымдастығының (АӘҚ) Президентіне жолдауында АҚШ-тағы «қоғамдық әлеуметтану» терминін (қайта) танымал етті. Әлеуметтанулық білімнің түрлерін (қоғамдық, кәсіби, саяси және сыни) сипаттай отырып және қоғамдық әлеуметтануды адамды адам ететін барлық әлеуметтік қатынастарды насихаттайтын және қорғайтын әлеуметтанулық білімді құруға ынталандыру ретінде анықтай отырып, ол пәннің мақсаты туралы оймен бөлісуді және пікірталасты күшейтті. Феминистік әрекетті зерттеуші, маргиналды әлеуметтанушы ретінде 1990-шы жылдардан бастап тұрмыстық зорлық-зомбылықты жеке проблемадан қоғамдыққа айналдыруға белсенді қатысқан мен үшін 2004 жылдан басталған жыл сайынғы кездесу АӘҚ ұйымдастырған әлеуметтанулық тұрғыдан

>>

ең тартымды және көпшілікке арналған конференцияның бірі болды. Буравой америкалық әлеуметтанушылардың қоғаммен әлеуметтанулық қарым-қатынасқа қосқан орасан зор үлесін, сондай-ақ Әлеуметтік мәселелерді зерттеу қоғамы және «Қоғамдағы әйелдерге арналған әлеуметтанушылар» сияқты қауымдастықтың үлесін жақсы білсе де, Буравойдың презентациясы мен қоғамдық әлеуметтануға үндеуі резонанс тудырды! Ол кәсіби соқырлыққа қарсы шығып, әлеуметтану біліміне күмән келтіріп, кім үшін және не үшін? Деген сауал тастады.

Буравой үшін, әлеуметтану – әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күші. Негізінде, ол – терең гуманистік әлеуметтану, ол әлеуметтік азаптан босатылған жақсы әлемге мағыналы үлес қосуға тырысады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік оқшауланудың, байлық пен мүмкіндіктің үлкен теңсіздігінің, коммодификацияланған және нарыққа бағытталған әлемнің нақты мәселелерімен күресетін әлеуметтануды талап етеді. Әлеуметтанудың негізгі миссиясы – қоғамды нарықтық фундаментализмнің зиян салдарынан қорғау үшін күреске белсенді қатысу. Буравой одақтар құратын және азаматтық ұйымдар мен әлеуметтік қозғалыстардың қолдауына ие болатын және студенттерге маңызды қоғам ретінде баса назар аударатын қоғамдық әлеуметтану парадигмасын іздейді. Әлеуметтану тек белсенді, прагматикалық импульстармен шектелмейді, бірақ адам, әлеуметтік әлемді жақсы түсіну үшін құндылықтармен бірдей байланысты болуы керек. Әлеуметтану өз талдауының алдыңғы қатарында құралдар туралы инструменталдық білімді ғана емес, сонымен бірге мақсаттар туралы «рефлексиялық білімді» де қоюы керек. Қоғамдық әлеуметтану құндылықтар мен мақсаттар, сондай-ақ оларды жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы қоғамдық диалогқа ықпал етуі керек. Ол білімнің қоғамдық, кәсіби, саяси және сыни сияқты әрбір түрінің дамуына байланысты болатын «органикалық өзара тәуелділікті» білдіреді.

Буравойдың 2004 пен 2014 жылдар арасында жазылған эсселері оның шығармашылығының қоғамдық әлеуметтанудан жаһандық әлеуметтануға қарай дамуын көрсетеді. Олар бірге АҚШ-тағы кәсіби әлеуметтанудың гегемониясын анықтаудан және даулаудан басталған және әділетсіз әлем тудырған жаһандық сын-қатерлерді сыни тұрғыдан түсінуге және өзара әрекеттесуге көшкен траекторияны анықтайды. Жергілікті және ұлттық білім жүйелеріне қатты сүйенетін жаһандық әлеуметтануды жақтайтын Буравой білім өндірісіндегі Жаһандық Солтүстіктің гегемониясын жақсы біледі. Сонымен бірге ол әлеуметтік ғылымдарды біріктіру туралы позитивистік қиялдан сақтандырады, өйткені бұл міндетті түрде күшті лагердің бақылауында болады және өз кезегінде батыстық «жаңа империализмнің мүдделерін алға жылжыту» қаупін тудырады. Оның орнына ол соңында

диалогқа және жаһандық әлеуметтанулардың қорытынды синтезіне әкелетін ұлттық әлеуметтануларды жергілікті бірлестіктерге біріктіруді көздейтін баламалы жобаны сипаттайды. Жаһандық диалог, оның Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының жобасы, заманауи мәселелердің кең ауқымы бойынша әлемдегі халықаралық әлеуметтанулық диалог пен пікірталастың бір тармағы болды.

Буравойдың *Public Sociology: Between Utopia and Anti-Utopia* [Қоғамдық әлеуметтану: утопия мен анти-утопия арасы] кітабын оқып отырып, оның 2004 жылы АӘҚ президентіне жолдауынан кейін жиырма жылға жуық уақыт өткен соң және 2014 жылы ХӘҚ президентіне сөйлеген сөзінен кейін он жылға жуық уақыт өткен соң, оның әлеуметтанудың тұзақтары мен перспективаларына қатысты табанды, ынталы және сенімді екендігі туралы ой қалыптасады. Марксизмге деген адалдық және оны сынау, сондай-ақ В.Е.Б.Дюбуаның әлеуметтану мен әлеуметтік өзгерістерді байланыстырудағы терең әлеуметтанулық үлесіне баса назар аудару айқын көрініс табады. Буравой өзінің жеке тәжірибесін әлеуметтік, кәсіби, саяси және сыни әлеуметтануды талдаумен мұқият байланыстырады және қиылыстырады. Өмірбаянын тарихпен тоғыстырып, дүние жүзіне жасаған социологиялық саяхаттары өмірлік тәжірибенің социологиялық қиялдың құрамдас бөлігі екенін көрсетеді. Бұл естеліктер оны заманымыздың пәндік және әлеуметтік мәселелерін шешу үшін үнемі әлеуметтануды пайымдауға және (қайта)өзгертуге тырысатын әлеуметтанушы, білім алушы, зерттеуші, мұғалім, әкімші, дос, әріптес, белсенді және кәсіби бірлестік жетекшісі ретіндегі жолын егжей-тегжейлі, ұқыпты және дара тұлғалық сипатта баяндайды. Дәл осы жерде ол әлеуметтанудың тәуекелдері мен өзектілігін күмәнға алып, экстраполяциялайды және түсіндіреді.

Бүгінгі таңда жаһандық індеттің салдарымен, авторитаризмнің күшеюімен, діни фундаментализмнің күшеюімен, жалған жаңалықтардың, әлеуметтік желілердің ағыны мен жалпы игілікке жиі қарсы тұратын манипуляциялық қоғамның мега-дезинформацияны тұтынуымен бетпе-бет келіп отырмыз, осының аясында әлеуметтанудың уәдесін орындау үшін не істеу керектігі туралы тағы да ойлануға мәжбүрміз. Бәлкім, үміт әлеуметтік ғылымды қатал теория арқылы алға жылжытып, тұрақты және пайда болған теңсіздіктерді шешу үшін оқыту мен зерттеуге бағыт алған әлеуметтанушылар мен тарих белсенділерінің жаңа ұрпағына жүктелген шығар. Түйткілдерді атау мен түсіндіру жеткіліксіз екенін білеміз. Теңсіздікті жою тәсілдеріне күмән келтіруіміз, ұсынуымыз, іздеуіміз және басқаруымыз керек. Біз әлеуметтанудың үздік, әділ және тең әлем құру туралы уәдесін берік ұстануымыз керек. ■

Хаттарды Маргарет Абрахамға <Margaret.Abraham@Hofstra.edu> жолдауға болады.

> Локалды және жаһандық деңгейдегі сектораралық туралы пайым

Кати Девис, Амстердам Еркін университеті, Нидерланд және Хелма Лутс, Франкфурт университеті, Германия



Колумбия округі, Вашингтондағы 2020 жылғы әйелдер шеруі. Ұсынған: [risingthermals/flickr](https://www.flickr.com/photos/risingthermals/).

Сектораралық термині әлеуметтік құрылымдар мен сәйкестіктердің қиылысуы және тоғысуын сипаттайды. 1989 жылы Кимберли Креншоу ойлап тапқан осы термин қиылыс метафорасын қолданады: әр түрлі гендердегі, сексуалдықтағы, әлеуметтік топтағы немесе нәсілдік сәйкестіктегілердің үнемі кемсіту қаупінде болатын өкілінің жиі өтетін тұсы. Бұл метафора әлеуметтік позициялану және кемсітушіліктің әр түрлі формаларының қиылысуын бейнелеу қабілетіне байланысты әлеуметтік теңсіздік туралы талдау мен пікірталастарда сәтті

қолданылады. Билік қатынастарындағы айырмашылық категорияларына (гендерлік және таптық және «нәсіл») «толықтырушы» (ad-hoc) көзқарасты алмастыра отырып, сектораралық жаңа күн тәртібін қалыптастырды: үш немесе одан да көп билік пен бағынушылық остері арасындағы өзара әрекеттесудің құрылымдық салдарын да, процессуалдық динамикасын да айқындайды.

Креншоудың қанау жүйелері арасындағы қиылысу идеясы 2001 жылы Дурбан қаласында өткен БҰҰ-ның нәсілшілдікке қарсы әлемдік конференциясында жаһандық жаңғырық тудырды. Бүгінгі күні сектораралық тұжырымдамасы өзі пайда болған салалардан тыс қолданылып жатыр: гендерлік зерттеулер, сыни нәсілдік зерттеулер және құқықтану. Қазіргі уақытта осы тұжырымдама әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік география, антропология, психология, саясаттану, әдебиеттану және тіпті сәулет саласындағы зерттеулерде де қолданылады. Гендерлік зерттеулерде сектораралық магистратура мен бакалавриат бағдарламаларында ұсынылатын курстардың негізгі тақырыбына айналды. Сектораралыққа арналған конференциялар, академиялық журналдардың арнайы басылымдары және кітап басылымдары өте көп. Енді «сектораралықты зерттеу» туралы сөз қозғауға болады.

Америкадан Еуропаға таралу барысында сектораралық ұғымы әлемнің көптеген бөліктерінде қабылдана бастады. Таралу үдерісінде тұжырымдама локалды жағдайлар мен тарихи контекстерге бейімделу үшін өзгертілді. Мысалы, Еуропада этникалық пен дін мигранттар арасындағы кемсітушілікті талдаудың маңызды категорияларына айналды; ал Үндістанда «каста» әлеуметтік теңсіздікті түсіну үшін қажет категория ретінде қабылданды. Таяуда сектораралықты қалай немесе қалай тұжырымдау керектігі туралы ұрпақтар арасындағы айырмашылықтар пайда болды. Black Lives Matter сияқты соңғы қозғалыстар нәсілдік пікірталасқа және нәсілшілдікке қарсы күреске ықпал етіп, сектораралық саласындағы инновациялық жұмысты ынталандыра түсірді.

Бұл оқиғаларды түсіну бізден сектораралық тарихын бүгінгі күннің призмасы арқылы бағалауды талап етеді. Сыни ғалымдар мен белсенділердің сектораралыққа қайта-қайта оралуына не мәжбүр етеді? Сектораралық тұжырымдамасында оған өзін үнемі жаңғыртып отыруға мүмкіндік беретін соншалықты не бар? Соңында, сектораралық қалай қалыптасып жатыр, қалай өңделіп жатыр және әр түрлі мақсаттар мен аумақтарда қалай қолданылады?

Қазір біз дайындап жатқан және 2023 жылы жарық көретін Рутледж нұсқаулығында «*Routledge Handbook of Intersectionality Studies*» [Сектораралықты зерттеу бойынша Рутледж нұсқаулығы] аталмыш мәселелер басты тақырып болып саналады. Нұсқаулық халықаралық және пәнаралық авторлар дайындаған сектораралық зерттеу саласындағы тақырыптың кең ауқымын қамтиды. *Global Dialogue*-тың осы шығарылымы үшін біз бірнеше автордан өз тарауының қысқа нұсқасын беруді сұрадық. Бұның нәтижесі – әлеуметтік, мәдени және геосаяси теңсіздікті түсіну үшін сектораралықты пайдаланудың кейбір тәсілдерін алдын ала қарау. Анна Феникс ойды құлдық пен отаршылдық тарихының бүгінгі заманға қалай ықпал етіп отырғандығын қарастырудан бастайды және оны жаһандық ауқымдағы сектораралық жайлы пайымның бір бөлігі болуы керек екенін айтып өтеді. Барбара Жиованна Белло Америка Құрама Штаттарында

пайда болған, бірақ содан бері жаһандық сипатқа ие болған қазіргі күннің ең маңызды екі әлеуметтік қозғалысы – Black Lives Matter және #MeToo-ға шолу жасауды жалғастыруда. Етел Тунгохан Канададағы мигранттарға күтім жасау жөніндегі жұмысшылардың соңғы қозғалысын түсіну үшін сектораралықтың қаншалықты маңызды екенін атап өтеді, сонымен бірге әртүрлі әлеуметтік қозғалыстар қысымды жеңілдету үшін күш біріктіруі керектігін айқындайды. Сектораралық зерттеулер саласында туындаған пікірталастарға сілтеме жасай отырып, Амунд Рейк Хоффарт тұжырымдаманың барлық мәселесін шешетін таза сектораралық метафораны іздеуге сыни көзқараспен қарайды. Оның орнына ол сектораралық теңсіздіктер мен билік формаларын зерттеуде «бейберекеттік қажеттілігіне» дәлел келтіреді. Ақырында, біз (Кати Девис пен Хелма Лутс) сектораралық зерттеу әдіснамасын әзірлеуге халықаралық үндеуді қабылдай отырып, біз «басқа сұрақ қою» алдамшы қарапайым рәсімі адамдардың күнделікті өмірінде билікке қарсы тұру немесе оған бейімделу стратегияларын талдауға қалай көмектесетіндігін көрсететін боламыз.

Тұтастай алғанда, бұл диалог сектораралықтың ғалымдар мен белсенділердің локалды және жаһандық деңгейде теңсіздік, билік және әлеуметтік өзгерістер туралы пайымына қалай ықпал еткенін көрсетеді. ■

Хаттарды Хелма Лутс <lutz@soz.uni-frankfurt.de> пен Кати Девиске <k.e.davis@vu.nl> жолдауға болады.

> Сектораралық өткен шақтың болашақ сектораралыққа ықпалы

Анна Феникс, Лондон Университеттік колледжі, ҰБ



Колумбия округі, Вашингтонда ереуілші Джордж Флойдтың суретін ұстап тұр. Ұсынған: Obi – @pixel6propix/[Unsplash](#), Creative Commons.

Бүгінгі сектораралық әлеуметтік қатынасты, күнделікті әлеуметтік тәжірибені және қоғамның қалай қызмет ететіндігін түсінуде маңызды орын алады деген идеяны жоққа шығаратындар аз. Оның басты назары әр адамның бір уақытта гендер, сексуалдық, әлеуметтік тап және нәсіл сияқты бірнеше әлеуметтік категорияларға жатуы теңсіздікті, билік қатынастары мен әлеуметтік позициялаудың күрделілігін талдау эвристикасын тудыруында жатыр.

Бұл кез-келген әлеуметтік категорияның оның басқа әлеуметтік категориялармен қиылысуымен және олардың динамизімімен, өзара байланыстылығымен және тарихи орналасуымен қалай анықталатынын көрсетеді.

Әлеуметтанушылар құлдық пен отаршылдықтың қазіргі заманның жаһандық тарихын қалай қалыптастырғаны туралы тарихи түсінікке көбірек бет бұруда. Дегенмен, сектораралық тарихи түрде локализацияланған деген

>>



Ұсынған: Томас Уиллмотт/[Unsplash](https://unsplash.com/photos/7K8v8v8v8v8),
Creative Commons.



Сектораралық ұстаным өткенге ғана емес, сонымен бірге болашақтағы әрекетке де тың көзқарастарды ынталандыруы мүмкін. Ұсынған: Nakase/[iStock](https://iStock.com/Nakase).

теория әлеуметтік жіктелу, құрамдас бөліктер мен ерекшеліктердің негізінде жатқан ықтимал қарама-қайшы үдерістерді түсінуге мүмкіндік бергенімен, тарихтың сектораралықтың бір бөлігі екендігі туралы мәлімет аз. Бұл мақалада тарихтың қазіргі уақытқа ықпал ету жолдары сектораралық теориялары үшін маңызды екендігі айтылады.

> Тарихи елестер

Тарихи елестің қазіргі әлеуметтік қатынастарға қалай ықпал ететіні және психоәлеуметтік тұрғыдан күтпеген жолдармен көрінуі 2020 жылы АҚШ полициясының Джордж Флойдты өлтіргені туралы бейнежазбадан кейін нәсілшілдікке және репрессиялық нәсілшілдік оқиғаларға қарсы жаһандық наразылық кезінде айқын көрініс тапты. Бұл Black Lives Matter қозғалысын қолдауды жандандыра және кеңейте түсті. Отаршылдық пен құлдыққа салу туралы нәсілдік оқиғалардың көп қоғамға ықпал ететіндігі Джордж Флойдтың өліміне (көптеген ақнәсілді полицейдің қаранәсілді адамды өлтіру оқиғасының бірі) реакциядан байқалды. Осы реакция ғасырлар бойы созылған нәсілдік қанауға қарсы жұмылып, қанаушы тарихты, оның ішінде құлиеленушілер мен отаршылдар ескерткіштерін нысанаға айналдырды. Ұзақ жылдар бойы ұмытылған, санада жерленген немесе ешқашан ойға алынбаған оқиғалар бүгінгі әлеуметтік ландшафтқа ықпал ете бастады. Бұл тарихтың пайда болуы әлеуметтік-құрылымдық өзгерістер мен жеке куәгерлікті жайып салу науқанының бастауына әкелді.

Тарихи елес ұғымы жаңа ұғым емес екені анық. Бұл, мысалы, Холокост пен құлдық жарақаттары ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың бөлігі екендігіне және олардан зардап шеккендердің ұрпақтың өміріне залалы және әдетте оның қалай жүзеге асатыны түсініксіз болып

қалуы ұзақ уақыт романдар мен академиялық еңбектерде зерттелініп келеді. Джордж Флойдтың өліміне қатысты реакция ұжымдық оқиғаның қалай индивидуалды сипатта болатынын және тарихтың элементтері қалай қайтып оралатыны мен бүгінгі күні сақталатындығын айқындайды. Сонымен қатар, ұжымдық оқиғалар болашақты қалай елестететінімізде және болашақтың мүмкін болатын нұсқаларында басты рөл атқарады.

Сектораралық тұрғысынан хаунтологияны теориялау әлеуметтік категорияларды талдау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұған адамдар арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты тудыру арқылы жеке және ұлттық оқиғалардың барлық әлеуметтік категорияларда қалай өзара байланысты және шоғырланатыны туралы сұрақ қою арқылы қол жеткізіледі. Мұндай темпоралды түсінік, мысалы, азшылық әлеміндегі қаранәсілді жұмысшы әйел болу деген не, жанама түрде эссенциалистік әлеуметтік категориялардан аулақ болатын трансгенерациялық және ұлттық оқиғаларды біріктіруді талап етеді. Сонымен қатар, бұл сол оқиғалардың сол елдердегі ақнәсілді орта тап адамдары өмірімен тығыз байланысты екеніне назар аударуды талап етеді.

Хаунтологияға қатысты сектораралық назар зерттеушілерге әлеуметтік мәселелер туралы маңызды сұрақтарды қоюға көмектеседі. Мысалы, COVID-19 пандемиясы кезінде көп ұзамай гендер, ұлт, көші-қон мәртебесі, әлеуметтік-экономикалық жағдай, мүгедектік, жас, баспана және кәсіп бірі-бірімен қиылысатынын және ауру мен өлімнің бірдей көрсеткішіне алып келмейтінін анықтады. Алайда, көптеген түсініктемелер, мысалы, өмір сүру жағдайы тұрғысынан, осы айырмашылықты дараландыратын және мәдени айырмашылыққа баса назар аударатын тәсілмен түсіндірілгендігі таңқаларлық. Өлім-жітім көрсеткіштері қандай факторлармен байланысты

>>



Ганалық құс Санкофа. Тви тілінде «санкофа» сөзі «өткенге оралу және болашаққа пайдалы нәрсені алып келуді» білдіреді. Акан халқы оны кейде жүрек сияқты, кейде аяғында нық тұрып, тұмсығын артқа қарай бүгіп, аузынан тіршілік жаршысы, жұмбақ жұмыртқа шығып тұрған қиялдағы құс етіп суреттейді. Ұсынған: [tatadonets/iStock](https://www.tatadonets.com/stock).

екенін анықтау өте маңызды болғанымен, анықталған байланыстар зерттеліп жатқан нәрсеге қатысты екенін мойындау да маңызды, бұл өз кезегінде бұрыннан бар түсініктерге қатысты. Белгілі бір позиция мен тәжірибені тудырған оқиғалар және олар көрсетілген әлеуметтік-эмоциялық контекст туралы сұрақтар қою әлеуметтік әділеттілік пен саналы түрде араласудың талаптарына негізделген талдауға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар осы сұрақтар белгілі бір әлеуметтік позициялардың қиылысуы азшылықтар әлеміндегі қоғамдық теңсіздікті қалай күшейтетінін байыпты қарастырады.

> Қуалаушы сектораралық болашақ

Қазіргі кезде сектораралық ықпал өткен шақтың осы шақтың бір бөлігі екенін көрсететіндіктен емес, сонымен бірге болашақта әрекетті ынталандырушы болғандықтан да темпоралды. Бұл Black lives Matter-дің қайта жандануы немесе тыныш және үнсіз қатысуы жағдайындағыдай, өткен шақтың осы шаққа киліккеніне қарамастан дұрыс. Екі жағдайда да жабысып қалмай жүрген идеялар жаңа оқиғаны, демек, болашаққа жаңа көзқарасты құруды талап ететін көкейкесті сюжеттік позицияларды тудырады. Осылайша, тарихи маңызы бар оқиғалар күнделікті тәжірибеге ықпал етеді және әлеуметтік қарым-қатынастарға еніп, ықтимал болашақты шектейді немесе жеңілдеті түсіреді. Елестер санада пайда болған кезде жарқ етіп еске түсетін ой болашақ әрекеттер мен ұнамды болашақ туралы мәлімдемеге итермелейді. Сектораралық өткен оқиға саналы сипатқа ие болғанда белгілі бір

әлеуметтік санаттағы адамдардың әртүрлі реакциясы, үміті мен көзқарасын түсіндіруге көмектеседі.

Соңғы жылдары әртүрлі елдерде әртүрлі әйелдерді немесе қара нәсілділерді өлтіруге жауап ретінде жаңа гендерлік/нәсілдік оқиғалар пайда болды, бұның нәтижесі – мысалы, АҚШ-та #SayHerName акциясының танымал болуы, ал бұл – өз кезегінде полицияның кейбір қаранәсілді ерлерді өлтіруі атышулы бола бастағанымен, полицияның қаранәсілді әйелдер мен балаларды өлтіруі жиі көпшілікке жария етілмейтіндігінің көрінісі. Осылайша, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, күнделікті тәжірибеде орныққан, мысалы, нәсілшілдік пен сексизмді қатар жаңғыртып отырған қарым-қатынастар мен салдарлардың жиынтығын білмей, тарихи оқиғаның кез келген адамға ықпалын түсіну мүмкін емес. Қандай да бір әлеуметтік жағдайда қандай категориялар туындайтынын түсіну, сондай-ақ әлеуметтік жағдайдың, эмоциялық байланыстардың, позициялардың және билік қатынастарының өзектілігі міндетті түрде айқын емес. Яғни, әлеуметтік категориялар назар аударылған кезде немесе олар нақты әрекет еткенде ғана өзекті деп болжау дұрыс емес. Сондай-ақ ұлттық мемлекеттер легитимизациялаған тарих сектораралық елестерді түсіну үшін жеткіліксіз екенін білдіреді, өйткені бұндай тарихта көп нәрсе жасырын түрде қалады. Қазіргі уақыттағы шектеулік/инклюзивтілік күнделікті сектораралық әлеуметтік қатынастар арқылы қалыптасқан үнсіз оқиғалар әртүрлі қоғамдарға өз орнын табуын жалғастыруда. ■

Хаттарды Анна Феникске <a.phoenix@ucl.ac.uk> жолдауға болады.

> Әлеуметтік қозғалыстардың сектораралық перспективасы

Барбара Жиованна Белло, Милан Университеті, Италия және ХӘҚ Заң әлеуметтануын зерттеу комитетінің басқарма мүшесі (ЗК12)



Ұсынған: Рафаел Дендл.

Вlack Lives Matter (BLM) және #MeToo қозғалыстары сәйкесінше 2013 және 2017 жылдардан бастап жаһандық вирустық сипатқа ие болды. Әлеуметтік медианың күшеюі арқасында олар АҚШ және одан тыс жерлерде әйелдер мен қара нәсілділер кездесетін тұрақты және жүйелі зорлық-зомбылыққа халықаралық қауымның назарын аударды.

> Бастауы

BLM негізін 2013 жылы Алисия Гарза, Патрис Каллорс және Опал Томети Трейвон Мартинді өлтірген адамға ақтау үкіміне жауап ретінде құрып, осы түрдегі алғашқы интернет қозғалысына айналды. Содан бері оның басшылығы қаранәсілді, әйел және түсініксіздеу болды. #MeToo қозғалысының басқа тарихы бар: қаранәсілді

белсенді Тарана Берк 2006 жылы әйелдерге, жастарға, гомосексуалдарға, трансгендерлерге және мүмкіндігі шектеулі қара қауымдастықтарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық жарақаттарын емдеу мақсатында негізін қалаған, оның жылдам онлайн саяхаты 2017 жылы Харви Уайнштейн жанжалы кезінде басталды, атакты Алисса Милано, сол кезде MeToo бұрынғы жаппай қозғалысы туралы білмеген ол бүкіл әлемдегі әйелдерді #metoo хэштегін пайдаланып жыныстық зорлық-зомбылық тәжірибесімен бөлісуге шақырды.

> «Екеуі де/және» перспективасы

Неліктен қаранәсілді әйелдер бастаған екі қозғалыс, олар құрылған сәттен бастап-ақ қиылысып, «екеуі де/және» перспективасын тиімді жұмыс істетуге келгенде қиындықтарға тап болады деп сұрауы мүмкін. Біз

>>

қаранәсілді ер белсенділердің өздерін біртіндеп өз қауымдастығының қорғаушылары және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің нәсілдік зорлық-зомбылығының басты нысаны ретінде көрсететінін байқаймыз; сонымен қатар, ақнәсілді әйелдердің жыныстық зорлық-зомбылық қаупінсіз еңбек нарығында бәсекеге түсу туралы сұранысы сахнада басым көрінеді; алайда қаранәсілді әйелдер дауысы мен тәжірибесі барған сайын жоғалып барады. Болашақта мен олардың көрінбейтіндігі туралы кейбір ықтимал түсініктемелерді қорытындылаймын және сектораралық тәсіл оны түзетуге қалай ықпал ететіні туралы ойланамын.

> Әлеуметтік әділеттіліктің қосжақты мәселелері

Біріншіден, құрылымдық деңгейде жыныс пен нәсіл тәуелсіз санаттар ретінде пайдаланатын әртүрлі мәртебе мұқият талдауды қажет етеді, өйткені бұл олардың өзара әрекеттесуіне және иерархиялық билік қатынастарындағы басқа санаттармен өзара әрекеттесуіне ықпал етеді. Шын мәнінде, BLM қозғалысы, ең алдымен, қаранәсілділерді ақнәсілділердің үстемдігімен және нәсілдік зорлық-зомбылықтың көбеюімен күресуге үндейді. «All Lives Matter» және «Blue Lives Matter» топтары сияқты консерваторлардың қарсы талаптары әсіресе қаранәсілді әйелдер мен ең аз қамтылған қаранәсілді адамдардың абыройына қойылатын талаптарды азайтады. Өз кезегінде, #MeToo барлық әйелдерге (әлем халқының жартысынан көбі) бағытталған: ол патриархатты жоюға тырысады, бірақ бұл биліктің «бөлмесіне» жыныстық зорлық-зомбылық қаупінсіз, қаранәсілді әйелдерге қол жеткізу одан да қиын болатын жерге қол жеткізуге қатысты. Жалпы, екі қозғалыс та әлеуметтік әділеттілік мәселесін көтереді, бірақ олар мұны басқаша жасайды.

> Артықшылықтың өзіндік өміршеңдігі

Екіншіден, америкалық және халықаралық ірі бұқаралық ақпарат құралдары қаранәсілді әйелдердің көрінбейтіндігін насихаттауда маңызды рөл атқарды. Қаранәсілді ерлерді қатыгез өлтіруге қатысты жаңалықтар мен суреттер және олардың «Мен дем ала алмай жатырмын» деген соңғы сөзі құлағымыз бен жанымызда, бірақ өлтірілген қаранәсілді әйелдердің есімдері беймәлім. Сол сияқты, атакты немесе атакты емес ақнәсілді әйелдер айыптаған жыныстық зорлық-зомбылық «басқа» әйелдердің айтқандарынан асып түсті. Бұл тұрғыда «тап» екі қозғалыста да маңызды. Тап-нәсіл-гендер үштағаны бұқаралық ақпарат құралдары жүйесінде екшелетін өзара құрылымдалған артықшылық жүйелерін анықтауға көмектеседі – мұнда ақнәсілді адамдар, соның ішінде әйелдер де назар аудару үшін ең жақсы жағдайда және бұл ақпарат арқылы кеңінен таратылады.

Бұл алғашқы екі бақылау #MeToo кең қолдауын және қаранәсілді әйелдер мен азшылық топтағы әйелдер тәжірибесін төмендетуді түсіндіруі мүмкін, сонымен

қатар билік қатынастарын бұзуға және «барлығының» дауыстарын қосуға мүмкіндік береді.

> Неліктен бізге сектораралық әдіс қажет

Үшіншіден, қаранәсілді әйелдерге қатысты кісі өлтіру мен жыныстық зорлық-зомбылық әлі де барлық әйелдер мен қаранәсілді адамдардың «әмбебап» бейнетін көрсету үшін тым ерекше деп қабылданады деп болжауға болады. Осылайша, сектораралық әдіс нәсілдік пен жыныстық зорлық-зомбылық сәйкесінше қаранәсілді ерлер мен ақнәсілді әйелдерге қатысты болады деген болжамға негізделген қоғамдық дискурсты өзгерте алады.

Төртіншіден, сектораралық әдіс әлеуметтік құрылымдардың BLM жағдайында дегуманизацияланатын және #MeToo жағдайында жұмыс істейтін денелердің үстемдігін/бағыныштылығын қалай қуаттандыратынын түсіндіруге көмектеседі. Қаранәсілді әйелдерді агрессивті Сапфир ретінде немесе «адами емес» күшке ие немесе қол жетімді деп болжанған гиперсексуалды Изабел ретінде бейнелеу оларға қарсы мемлекеттік күштің теріс пайдаланылуын немесе келісімсіз жыныстық қатынасты ақтау құралы бола алады және олардың сенімділігіне күмән келтіреді. Бұл Уайнштейн ісінде де пайда болды: көптеген айыптаулардың ішінде ол қаранәсілді кениялық-мексикалық актриса Люпита Нионгоның беделін түсірді. Сонымен қатар, қаранәсілді еркектерді ақнәсілді әйелдердің «зорлаушылары» ретінде көрсету көбінесе негізсіз айыптауларға әкеліп соқтырды және олардың бұрынғы кездегі қырып жоюын заңдастырды, мүмкін олардың кейбіреуінің #MeToo, «Әйелдерге сеніңіз» ұранын қолдағысы келмейтінін түсіндірді, бұл олардың қаранәсілді әйелдермен ынтымақтастығына да әсер етуі мүмкін.

> Алға жылжу

Ақырында, эвристикалық құрал ретінде сектораралық билік құрылымдары арасындағы өзара әрекеттесудің салдарына бағытталған, бірақ саяси шешімдер кімді және қалай қолдау керектігін анықтайды, деп атап өтті Кейша Линдсей. [Keisha Lindsay](#) Екі қозғалыста да көптеген жақтаушылар әлі де бір ось үшін күресуде, ал олардың негізін қалаушылар мен басқа белсенділер әлі де көрінбейтін адамдарды көрінетін етуге тырысады: олардың бастамалары бүкіл әлем бойынша БАҚ пен онлайн режимінде көбірек назар аударуға лайық. Осылайша, #SayHerName жобасы 2014 жылдың Желтоқсанында Афроамерикалық Саяси Форуммен (AAPF) және Сектораралық және Әлеуметтік Саясатты Зерттеу Орталығымен (CISPS) қаранәсілді әйелдерге (соның ішінде трансгендерлік және гендерлік сәйкес келмейтін әйелдерге) қатысты полицияның зорлық-зомбылығымен күресу үшін іске қосылды; түпнұсқа #MeToo және #UsToo қозғалыстары түрлі-түсті әйелдерге, біліктілігі жоқ жұмысшыларға және ЛГБТ+

өкілдеріне қатысты жыныстық зорлық-зомбылықпен күресуге тырысады.

Келесі қадам ретінде мен интернет сипаттамаларын жаһандық ауқымда «өзара байланыс мәселесін» қою үшін жақсырақ пайдалануға болатынын ұсынамын. Шын мәнінде, егер трансұлттық және веб-байланыстың күшеюі акнәсілді әйелдер мен қаранәсілді ерлерге баса назар аударуға мүмкіндік берсе, олар сондай-ақ «біреудің» әңгімеде жоқ екенін анық көрсетті және ол жерде «біреу» «неліктен» болмағанына жылдам жауап беріп, ағымдағы олқылықтарды талқылауға жол

ашты. Бұл «виртуалды» кеңістікте BLM және #MeToo коалициялар құру арқылы өзінің офлайн және онлайн «секторааралық» күн тәртібін барынша арттыра алады. Егер біз америкалық заңгер және белсенді Мари Мацуданы еске алсақ [Mari Matsuda](#): «Тарихтың осы кезеңінде біз бір-бірімізге қатысты барлық артықшылық пен бағыну позицияларында бір-бірімізбен кездесу үшін коалицияға кірмей, әртүрлі орындардан шықпай, жемісті қарым-қатынас жасай алмаймыз [...]». ■

Хаттарды Барбара Жиованна Беллоға <barbara.bello@unimi.it> жолдауға болады.

> Сектораралық ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

және күтім саласындағы мигранттар

Етел Тунгохан, Йорк университеті, Канада

2 018 жылдың сәуірінде Либералды партияның бұрынғы иммиграция министрі Ахмед Хуссен 2020 жылдан бастап канадалық Тұрақты Күтім Бағдарламасы [Live-In Caregiver Program](#) тұрақты тұруға өтініш қабылдамайтынын мәлімдеді. Бұл мәлімдеме канадалық күтім саласындағы мигранттар қозғалысы құрған ұйымдарды алаңдатты. Торонтодағы мигранттар қозғалысы, әртүрлі әлеуметтік топтардан және әртүрлі ұйымдардан тұратын, нормативтік мақсаттары мен күн тәртібі күрт ерекшеленетін қозғалыстар күшіне енді.

> Барлық күтім саласындағы мигранттарға тұрғылықты мекенжайға қалай қол жеткізуге болады

Торонтодағы Жұмысшылардың Іс-қимыл Орталығында әртүрлі мигранттар ұйымдары қатысқан кездесу асығыс ұйымдастырылды. Күтім жасаушылар әлі де Канадада тұрақты тұру мүмкіндігіне ие болуы керек деген келісімнен кейін қозғалыс бөлініп, барлық күтім саласындағы мигранттар үшін тұрақты тұруға деген сұранысты қалай қанағаттандыру керектігі туралы келіспеушіліктер туындады. Сондай-ақ, қандай күн тәртібіне басымдық беру керектігі туралы мәселелер көтеріліп, мынадай сұрақтар туындады:

Кім кімнің атынан сөйлейді? Бұл компанияда шын мәнінде не қауіп бар? Біздің ұжымдық күш-жігеріміз құқықтық реформаға бағытталуы керек пе әлде күтім саласындағы мигранттар отбасыларын тастап, Канадаға жұмысқа келуге мәжбүр ететін құрылымдық теңсіздіктерді де ескеруіміз керек пе?

> Ұсыныстар қайтарылды

Аталмыш сауалдар жауапсыз қалды және шынымен де шиеленіс ошағы болып қалды. Соған қарамастан, қамқоршылар ұсынылған өзгерістермен келіспейтіндіктерін білдіре алды, бұл олардың көзқарасының жалғасын тапқан диалогтың бір бөлігіне айналуына себбі тиді. Пресс-релиздер мен наразылықтар арқылы олар күтім жұмысы канадалық қоғамның құнды

бөлігі және олардың көпшілігі Жаһандық Оңтүстік елдерінен келген нәсілдік жұмысшы әйелдер күтім саласындағы мигранттар жұмыс күшінің ажырамас бөлігі екенін түсіндірді. Осы белсенділіктің нәтижесінде либералды үкімет өз ұсынысын қайтарып алып, Канада азаматтығын алу үшін күтім саласындағы мигранттарға жаңа мүмкіндік берді. Қол жеткізген нәтижелер күтушілерге бұрын жұмыс істемейтін тұрғын үй күтімі бағдарламасы арқылы Канада азаматтығын алуға өтініш беруі керек болатын автоматты құқықтан алыс болғанымен, тұрғылықты тұру жолдары сақталды және күтушілер коалициялары азаматтықтан толық айыру қаупінің тежелуіне байланысты өздерін біршама жеңіл сезінді.

> Сектораралық линза

Төрт жылдан кейін, 2022 жылы осы пікірталастар туралы ойлана отырып, менің ойымша, күтім саласындағы мигранттардың қозғалысын және жалпы әлеуметтік қозғалысты зерттеуде сектораралық тәсілді қолдану мұндай қозғалысқа қатысушыларда жиі кездесетін күрделі дилемманы көрсетеді.

Біріншіден, сектораралық тәсіл бізге бірыңғай платформаны жобалау кезінде күтім саласындағы мигранттар қозғалысының алдында тұрған қиындықтарды, оның мүшелері алатын саналуан және қиылысушы әлеуметтік орындарды ескере отырып, шынайы бағалауға мүмкіндік береді. Сектораралық қолайсыздықтарға тап болған мүшелердің сөйлеу мүмкіндігі аз екенін ескере отырып, қай белсендінің қозғалыстың дауысы бола алатынын анықтауда шиеленіс сақталады. Дегенмен, нақты солардың қажеттіліктері, мүмкін – ең өзекті. Демек, бұл сектораралық тәсіл өз мүшелерінің қажеттіліктерін, әсіресе ең үлкен қиындықтарға тап болғандардың қажеттіліктерін ескеретін қозғалыс құрудағы қиындықтарды анықтайды.

Екіншіден, сонымен қатар сектораралық тәсіл күтім саласындағы мигранттар қозғалысы олардың көзқарасы сектораралық екендігінен қалай пайда табатынын

>>

“Сектораралық тәсілді қолдана отырып, осы қозғалыстарды талдау күтім саласындағы мигранттар қозғалыстары қабылдаған тәсілдердің икемділігін жақсы бағалауға мүмкіндік береді”

көрсетеді. Өздерін сектораралық деп анықтайтын күтім саласындағы мигранттар ұйымдары түрлі мүшелік базасы бар әртүрлі қозғалыстармен біріктіруге тырысады. Олар көбінесе жұмысшы қозғалысымен және феминистік қозғалыспен одақ құрады. Канададағы күтім саласындағы мигранттар мүддесі үшін әрекет ете отырып, олардың азаматтық талаптары олардың немесе олардың отбасыларының мүгедектігі болғандықтан қабылданбайды деп есептей отырып, бұл ұйымдар мүгедектерге қатысты әділеттілік қозғалыстарымен коалиция құруға тырысты. Осы әртүрлі қозғалыстармен жұмыс істеу мүмкіндігі күтім саласындағы мигранттар мәселелерін кеңірек қабылдауға мүмкіндік береді. Фернандо Тормос-Апonte екеуіміз алдағы мақалада жазғанымыздай, сектораралық ынтымақтастықты құру қабілеті әртүрлі қауымдастықтарға өз тағдырындағы өзара байланысты көруге мүмкіндік береді. Күтім саласындағы мигранттар қозғалысының бөлігі болып табылатын прогресшіл ұйымдар – басқа әлеуметтік қозғалыстармен бірге олар негізгі кампанияларда күш біріктіру және қоғамдық талқылауға ықпал ету арқылы қысымды жеңілдету үшін бірлесіп жұмыс істей алады деген ойда.

> Күшін жою немесе реформа

Әрине, бұл – қозғалыстың әр түрлі қатысушылары қақтығысқа түсетін нормативтік күн тәртібі туралы мәселе. Мұнда сектораралық линза қайтадан жарықтандырушы болып шығады. Кейбір күтім саласындағы мигранттармен айналысатын ұйымдар Combahee River Collective сектораралық көзқарасымен келісе отырып, қозғалыстар ақырында капитализмнің, империализмнің және патриархаттың өзара байланысты билік құрылымдарын жоюға көшуі керек деп санайды. Алайда, басқа ұйымдар өздерінің күш-жігерін саясаттағы өзгерістерді іздеуге бағыттаған дұрыс деп санайды. Менің болашақ Care Activism: Migrant Domestic Workers, Movement-Building and Communities of Care [«Күтім активизмі: үй қызметіндегі мигрант, қозғалыстар құру және күтім қоғамдастықтары»]

кітабымда бұл айырмашылықтың күшін жою немесе реформаға негізделген деп санаймын: кейбір ұйымдар қозғалыстың сәттілігін аболиционистік көзқарасты ынталандыру ретінде қарастырады, ал басқалары сәттілік саясаттағы өзгерістерге негізделген деген ойда.

> COVID-19 салдары

COVID-19 пандемиясы осы идеологиялық келіспеушіліктердің көпшілігін төңкеріп, сектораралық талдауды одан әрі көрнекті етті. Мен әр түрлі ұйымдардың нормативтік көзқарасы, сайып келгенде, идеологияға негізделген деп санасам да, сектораралық тәсілді қолдана отырып, осы қозғалыстарды талдау күтім саласындағы мигранттар қозғалыстары қабылдаған тәсілдердің икемділігін жақсы бағалауға мүмкіндік береді. Сектораралық тәсіл, жеке адамдар тәжірибесі аясын кішірейтіп және әсер ететін процестердегі, жүйелердегі және құрылымдардағы өзгерістерді анықтайтын көп өлшемді билікті талдауға баса назар аудара отырып, COVID-19 күтім саласындағы мигранттар үшін қаншалықты апатты болғанын көрсетеді: мемлекеттік саясат пен еңбек жағдайындағы осыдан кейінгі өзгерістер жойқын болды.

Пандемия Канададағы күтім саласындағы мигранттар қозғалысы үшін өзгеріс кезеңі болды, бұл қозғалыс ішіндегі белсенділіктің өзектілігін көрсетті. 2018 жылы қарама-қайшы позицияларға ие болған көптеген ұйымдар пандемия кезінде күтім саласындағы мигранттарды қолдау саясатын жақсартуға және қамқорлықтың негізгі қоғамдық құндылық ретінде орталық болуына әкелетін ұзақ мерзімді құрылымдық өзгерістерді бастау мақсатында бірігіп кетті. Пандемия сонымен қатар күтім саласындағы мигранттар қозғалысына қатысушыларды жергілікті қозғалыстармен, Black Lives Matter және басқа прогресшіл әлеуметтік қозғалыстармен одақ құрудың маңыздылығы туралы қайта ойлауға итермелейді. Олардың тағдыры басқа аз қамтылған қауымдастықтармен біржола байланысты екенін түсіну сектораралық ынтымақтастық қажеттілігін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. ■

Хаттарды Етел Тунгоханға <tungohan@yorku.ca> жолдауға болады.

> Сектораралық оң метафораны іздеу

Амунд Раке Хоффарт, Осло Университеті, Норвегия



Көбіне сектораралық көлік жүретін бөлік пен қиылыстан тұрады. Ұсынған: Jeremy Bishop/[Unsplash](#).

25

Тіл өзінің күнделікті және академиялық формасында метафораға толы. Егер сіз мәтіннен метафораны іздей бастасаңыз, олар саңырауқұлақ сияқты көп болуы мүмкін. Метафорада троптар қолданылады: бұлар сөздің әдеттегі мағынасын басқа нәрсені бейнелейтіндей өзгертетін өрнек. Жаралы жүрек, шіріген алма, моралдық компас, кеш гүлдер және қос қырлы қылыш сияқты метафоралар күнделікті ортадағы белгілі нысандарды пайдаланады және оларды жаңа, кейде күтпеген заттарға ауыстырады. Күнделікті және академиялық тілімізде метафораның байлығын көрсете алу Жордж Лакофф пен Марк Жонсонның 1980 жылғы метафоралар туралы

классикалық шығармасында айтылғандай, біздің қалай «өмір сүретінімізді» көрсетеді. Тілдің перифериялық құбылысы – поэзия мен риторика саласына жататын ерекше нәрсе емес, метафоралар күнделікті ойлауымыз бен әрекетімізге терең ықпал етеді.

> Креншоу жол қиылысы

Кимберли Креншоудың 1989 жылғы «Demarginalizing the Intersection of Race and Sex: A Black Feminist Critique of Antidiscrimination Doctrine, Feminist Theory and Antiracist Politics» [«Нәсіл мен гендердің қиылысын демаргиналдау: кемсітушілікке қарсы доктринаың, феминистік

>>

теорияның және нәсілшілдікке қарсы саясаттың қаранәсілді феминистік сыны» эссесінде қиылысу тұжырымдамасы көлік қиылысының метафорасы арқылы жасалды. Қаранәсілді әйелдерді кемсіту тәжірибесін әртүрлі бағыттағы көліктермен қозғалу тәжірибесі ретінде елестете отырып, Креншоу АҚШ кемсітушілікке қарсы доктриналарда қаранәсілді әйелдер сәтсіздікке ұшыраған АҚШ сот істерін талдаумен бірге жүретін ерекше есте қаларлық бейнелерді ұсынды. Содан бері жол қиылысы қиылыстың орталық бейнесіне айналғанымен, ол да белгілі бір дәрежеде сынға ұшырады. Қарсылықтың көпшілігі жол қиылысы бейнесінің аддитивті аспектілеріне бағытталған: ол гендер, нәсіл, тап және сексуалдылық сияқты әлеуметтік санаттарды бөлек және тәуелсіз етіп бейнелейді, бұл оларды бір-біріне қосуға мүмкіндік береді. Жол қиылысының бейнесі аддитивті екенін жоққа шығару қиын сияқты, өйткені ол қиылысқа апаратын және одан шығатын тәуелсіз жолды бөледі. Креншоудың эссесі жарияланғаннан бергі отыз жылда көптеген эксцентристтік-балама метафоралар ұсынылды. Осылайша, бұл сектораралық әдісті таратудың маңызды әдісінің біріне айналды: идея метафора мен ұқсастық арқылы үнемі жаңа түсіндіру мен нақтылауды игеріп, кең етек жайып, алысқа таралды.

> Мысықты сергітудің бірнеше жолы бар!

Бір қызығы, қиылыстың кейбір баламалы метафоралары ось, интерференция, конфигурация, құрастыру, фрактал, аралық, вектор, топография және ретсіз пайда болу кеңістігі сияқты ауыстыруға арналған көлік қиылысына қарағанда, абстрактілі. Неғұрлым нақты салада метафора іздейтіндер үшін тамақ дайындау және пісіру саласы шабыттандыратыны анық, өйткені қарым-қатынас қантпен, тәтті нанмен, қатпарлы тортпен, мәрмәр торттағы шиыршықтармен, қамырмен және рагумен салыстырылады. Тамақ дайындаудың және тамақтанудың бір аспектісі бар, ол қарым-қатынастың ең жақсы метафораларын іздеуде ғалымдарға ерекше тартымды: ингредиенттердің араласуы, бір-бірімен араласуы және бір-біріне бірігіп кетуі; бөліктің бүтін болуы, ал бүтіннің бөлікке айналуы; әртүрлі ингредиенттердің араласып, ұсақталып және бірге шайналуы. Тамаққа қатысты метафоралар шоғырының бір мысалы – Шеннон Салливанның 2001 жылғы «Living Across and Through Skins» [«Тері арқылы өмір сүру»] кітабында ұсынған бұқтырылған ет. Ингредиенттер бірге бөгіп, ыдырайтын фондюден айырмашылығы, Салливан бұқтырмасындағы көкөністер ыдыстағы өз «даралығын» сақтайды, бірақ сонымен бірге олар басқа көкөністермен әрекеттескенде өзгереді. Бұқтырылған етті өзара байланысты әлеуметтік қатынастар мен сәйкестіктердің метафорасы ретінде қарастыра отырып, ыдыстағы көкөністер адамның әлеуметтік сәйкестігінің әртүрлі бөлігі арасындағы динамикалық және өзара байланысты қатынастарды, мысалы, нәсіл, гендер, тап, сексуалдылық, жас, мүгедектік және т.б. көрсетеді.

> Таудың лас қиылысы

Басқа ғалымдар жол мен қиылыстағы жол қозғалысының суреттерімен жұмыс жасауды жалғастырды. Анна Гарри өзінің 2011 жылғы «Intersectionality, Metaphors, and the Multiplicity of Gender» [«Гендердің сектораралылығы, метафоралары және көптігі»] эссесінде көлік қиылысына жаңа элементтердің кезең-кезеңімен қосылуын сипаттайды: Креншоудың бастапқы метафорасына сүйенетін, бірақ сонымен бірге оны қиындататын элементтер. Оны түсінікті және репрессиялық жүйелердің толық араласуын жақсырақ жеткізу үшін Гарри көбірек көшелерді, көбірек көліктерді және айналма жолды қосады. Дегенмен, бұл қосылған элементтер әлі де көлік қиылысы кескінінің шектеу көлденеңдігін түсіндіре алмайды. Мұны түсіндіру үшін біз айналма жолдың тегіс құрылымынан шығуымыз керек. Артықшылық пен қысым құрылымдарының бірге қалай жұмыс істейтінін және бір-бірімен байланысын жеткізу үшін вертикаль элементі қажет. Осы кезде Гарри тауларға жүгінеді, содан кейін таудың бейнесіне су ағынын енгізеді. Осы реттегі мотивация – бұл кескіндерді біртұтас және дискретті емес, ағымдағы күйде ұстау. Гарридің қайта құруы мына нәрсеге алып келді: таудан аққан су көптеген көше мен көлік түйісетін орталықтағы айналма жол қиылысына қарай ағып жатыр. Егер бұл көрініс бей-берекетсіз болып көрінсе, Гарри бізге қарым-қатынастың сектораралық күрделілігін түсінуге көмектесу үшін метафораларымызда осындай тәртіпсіздік қажет деп сендіреді.



> Айқын тәртіпсіздік жоқ

Бұл балама сектораралық әдістің метафораларын іздеуге не түрткі болады? Жаңа және жетілдірілген метафораны іздеу орталық сектораралық әдістің кең таралған наразылығынан туындайтын секілді. Көлік ағындарының қиылысу метафорасы талаптарға сай келмейді: ол жеткілікті болу үшін жеке ағындардың аддитивтілігіне тым тәуелді. Бұл сектораралық әдіс үшін «дұрыс» метафора аддитивтілікпен ластанбаған метафора болуы керек дегенді білдіреді. Осы кезде мен Гарридің біздің қарым-қатынас метафораларында тәртіпсіздік қажеттілігін талап еткені есімде. Алайда, сектораралық әдіс үшін дұрыс метафораны іздеу, парадоксалды түрде, таза емес нұсқаға ұмтылу сияқты көрінеді; яғни, бұл аддитивті ластанудан тәуелсіз метафораны құру әрекеті. Мұндай тазалық идеалдарына ұмтылу маған тәртіпсіздікке мүлдем қарама-қайшы болып көрінеді және бұл интеллектуалды және метафоралық қиялымызға кедергі келтіруі мүмкін. Біздің метафораларымыздағы «тәртіпсіздік қажеттілігіне» байыпты қарау ойлау қабілетіміздің қосымша аспектілерін мойындауды және оларды кедергі емес, әлеуетті ресурс ретінде қарастыруды талап етпей ме? ■

Хаттарды Амунд Рейк Хоффартқа <a.r.hoffart@stk.uio.no> жолдауға болады.

> Сектораралық әдіс – сыни әдіс

Кати Девис, Амстердамның Еркін Университеті, Нидерланд және **Хелма Лутс** Франкфурттағы Гете Университеті, Германия



Ұсынған: Нью-Йорктағы
The City University феминистік баспасөзі.

Ұсынған: I.B. Tauris.

Гендер саласын зерттеуші көптеген ғалымдар сектораралық әдісті жақсы феминистік теорияның ажырамас бөлігі екеніне сенімді болғанымен, зерттеу контексінде сектораралық әдісті қалай қабылдау керектігі әрқашан анық бола бермейді. Іс жүзінде сектораралық әдіс біршама сұрақтар туғызады, мысалы: сектораралық талдауға қандай санаттарды қосу керек? Зерттеушілер әрқашан «үлкен үштікті» – жыныс, нәсіл және тапты ұстануы керек пе, әлде кеңірек желіні пайдалануы керек пе? Кейбір ғалымдар санаттарды қолдану қажет пе деп ойлайды, өйткені олар жаңылыстыруы мүмкін және тәжірибе мен сәйкестіліктің алуан түрлілігін көрсетпеуі мүмкін.

> Сектораралық әдісті қалай қолдануға болады?

Америкалық заңгер-ғалым Мари Мацуда сектораралық талдаудың қарапайым рәсімін енгізді, ол оны «басқаша сұрақ қою» деп атады: «Мен нәсілшіл болып көрінетін нәрсені көргенде: «Бұл жерде патриархат қайда?» Сексистік болып көрінетін нәрсені көргенде, мен: «Гетеросексизм қайда?» Гомофобиялық болып көрінетін нәрсені көргенде,

мен: «Бұл жерде таптық мүдделер қайда?» деген секілді сұрақтарды қоямын». Бұл рәсім – сектораралық биліктің адамдардың өмір тарихында қалай жұмыс істейтінін және бұл қиылыстардың ынталандырушы да, тежеуші де болуы мүмкін екенін талдауды бастаудың таңқаларлық қарапайым, бірақ пайдалы әдісі.

> Бостандық күрестің интеграциясына байланысты екенін қалай көруге болады

Мысал ретінде біз бұл әдісті Оңтүстік Африканың әйгілі дәрігері, жазушы және апартеидке қарсы белсенді Мамфела Рамфеленің өмір тарихына қолдандық. Ол түрмеге жабылды және жұмысына көп жылдар бойы тыйым салынды, бірақ ол Оңтүстік Африка университетін басқарған алғашқы қаранәсілді әйел, Дүниежүзілік Банктің басқарушы директоры және 2014 жылғы жалпы сайлауда Демократиялық Альянстың Президенттігіне үміткер болды¹. Біз «басқаша сұрақ қоюдың» үш әдісін қолдандық: а) талдау алдында өзімізді зерттеушілер ретінде көрсету; ә) талдау барысында пайда болған «соқыр дақтарды» анықтау; б) билік қатынастары туралы ойлауды күрделендіру.

>>

а) Донна Харавейдің (феминистік) зерттеушілер өздері ұсынатын білімнің әрқашан бір жерге шоғырланған, бейтарап және рефлексивті екенін мойындауы керек деген әйгілі дәлеліне сүйене отырып, нәсілшілдікке қарсы күн тәртібі бар ақнәсілді, феминистік, еуропалық/америкалық зерттеушілер ретінде Рамфеленің өмірбаянын талдауға деген ұмтылысымыз кінәсіз әрекет емес екенін мойындадық. Феминистік ғылымдағы нәсіл мен нәсілдікке немқұрайлы қарауды сынап отырып, Рамфеленің өмір тарихы жобамызды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп үміттендік, атап айтқанда, нәсіл туралы айтпай жыныс туралы айту мүмкін емес екенін көрсету. Бастапқыда оның өзін апартеид контекстінде қара африкалық ретінде көрсеткісі келмейтініне немесе нәсілшілдікпен күресу тәжірибесі туралы айтқысы келмейтініне таң қалдық. Ол тіпті өзінің артықшылықты жағдайына, ерекше немесе басқаларға ұқсамайтындығына сүйене отырып, нәсілден және нәсілшілдіктен алшақтап кеткендей көрінді. Одан да маңыздысы, сұқбат барысында оған өзін әйел ретінде көрсетуі ыңғайлы сияқты көрінді. Оның гендерге бірнеше рет баса назар аударуы бізді тоқтатты және сызба тақтасына қайта оралуымыз керек екенін түсінуге итермеледі.

ә) Тағы да «басқаша сұрақ қою» арқылы біз Рамфеле гендерлік теңсіздік пен сексизм оның дамуының қозғаушы күші деген кейбір сәттерді мұқият қарастырдық. Нәсілшілдік оның апартеид кезіндегі өмірінің ең көрнекті ерекшелігі болар еді деген болжамымыздан айырмашылығы, Рамфеле өз өміріне мән беру үшін патриархаттық гендерлік қатынастарға сілтеме жасауды жалғастырды. Оның баяндау стратегиясы оның ерекше позициясын орнатуда маңызды рөл атқарды, оған екі нәсілге бөлінген Оңтүстік Африкадағы гендерлік сәйкестігі арқылы қол жеткізу оңайырақ болды. Ол өзін қаранәсілді немесе оңтүстікафрикалық әйел ретінде емес, өздері қалаған нәрсені жасауға кедергі келтірген ерлер мен институттарға қарсы күресуге мәжбүр болған қыз мен әпке ретінде көрсетті. Осылайша, ол өзін отбасынан, достарынан, әріптестерінен және серіктерінен ерекше деп танытты.

б) «Басқаша сұрақ қою» арқылы Рамфеленің өзін тәуелсіз әйел ретінде көрсету шешімін түсіне алдық. Оның әйелдің қоғамдағы рөлінің нормативтік шектеулерін еңсеруге деген терең ұмтылысы оның тәуелсіз ғалым, белсенді, кәсіпқой және жалғызбасты ана ретіндегі табысының негізі болды. Ол өзі жасаған әрекеттерге назар аударды (мысалы, әйгілі Black Power белсендісі Стив Биконның сүйіктісі ретінде

емес) және ол өзінің сәйкестілігін қалай көретініне тек нәсіл, апартеид мемлекеті немесе қаранәсілділердің сана қозғалысы ғана емес екенін бірнеше рет атап өтті. Ол өзінің өміріндегі әртүрлі аспектілер мен әлеуметтік жағдайдың белгілі бір сәттерде, оның контекстіне байланысты қалай байқалатынын көрсетті. Мысалы, оның АҰК-тің нәсілшілдікке қарсы күресті феминизмнен жоғары қоюына қарсы көтерілісін алайық:

«Сізде бөлінген еркіндік болуы мүмкін емес. Өзімнен, егер мен еркін қаранәсілді болып, әйел ретінде тұзаққа қалсам, өзімді еркін адам ретінде қалай анықтаймын деп сұрадым? Денемді ішімдегі әйел мен ішімдегі қаранәсілді адам арасында бөлудің ешқандай жолы жоқ. Егер сіз бостандығыма ықпал еткіңіз келсе, оны біріктіру керек».

Сектораралық ойлаудың осы тамаша мысалында ол гендер мен нәсілді біріктіреді, ол үшін бостандық үшін күрестің екі жағының өзара интеграциясына байланысты екенін анық көрсетеді.

> Күнделікті стратегиялар бізге билікке қарсы тұру немесе бейімделуге қалай мүмкіндік береді

«Басқаша сұрақ қою» әдісі бізге Рамфеленің өмірбаянын өзара қиылысу арқылы түсінуге мүмкіндік береді, бұл бізге өз болжамдарымыз бен әлеуметтік жағдайымызға сыни тұрғыдан күмән келтіруге, жасырын дағымыздың сұқбатты талдауға қалай кедергі келтіретінін мойындауға және сайып келгенде, сұқбаттасушының жыныс, нәсіл туралы сектораралық түсінікті және өзі үшін мағыналы оқиғаны баяндау мақсатында басқа да әлеуметтік айырмашылықтарды пайдалана отырып, өз өмірін күрделі қайта құруды қалай ұсынғанын ұғынуға мүмкіндік береді. Сектораралық әдісті қолдану тек зерттеушілермен, әлеуметтанушылармен, феминистермен және сыни нәсілшілдермен шектелмейді; қарапайым адамдар оны өздері пайдаланады. Сектораралық әдісті талдау бізден адамдардың әртүрлі контекстерде және өмірінің әртүрлі кездерінде өздерін қалай көрсететініне назар аударуды талап етеді. Бұл әр жағдайда әртекті немесе ұқсамайтын осалдықты мойындауды және адамның осы осалдықтарды азайту немесе басу үшін стратегияларды айтарлықтай тапқырлықпен қалай әзірлейтінін қарастыруды білдіреді. Ең бастысы, бұл адамдар билікке қарсы тұру немесе оған бейімделу үшін қолданатын күнделікті стратегияларды қарастыруды қамтиды: біз күткеннен де күрделі және қарама-қайшы болатын стратегиялар. ■

Хаттарды Кати Девис <k.e.davis@vu.nl> пен Хелма Лутске <lutz@soz.uni-frankfurt.de> жолдауға болады.

1. Бұл талдау әріптес, бұрынғы азаматтық құқықтар белсендісі және ауызша тарихшы Мери Маршалл Кларктың сұхбатына, сондай-ақ Рамфеленің өзі жазған бірнеше өмірбаянға негізделген.

> Fridays for Future:

ҚОҒАМДЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Коиши Хасегава, Shokei Gakuin University, Жапония және ХӨҚ Қоршаған орта және қоғамды зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК 24)



Негізгі суретте: Климаттық әділеттілік үшін әрекеттің Әлемдік күні. 2021 жылы 6 қараша күні Глазгодағы COP26-да 100 000 адамның Климаттық шеруге қосылуы. Ұсынған: Ханаэ Такахаси (Жер жанашырлары, Жапония).

Шағын суретте: Лондондағы климаттық шеру, 2021 жылғы 6 қараша. Ұсынған: Амелия Коллинз (Жер жанашырларының Халықаралық ұйымы).

Климаттың өзгеруі түйткілдерімен айналыстын жастардың Fridays for Future желісі ірі іс-шараларды бетпе бет өткізуді қиындатқан COVID-19 пандемиясына қарамастан әлі де белсенді. Глазго қаласында (Ұлыбритания) 2021 жылдың қарашасында өткен БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясы (COP26) кезінде шамамен 100 000 адам климаттық дағдарын күресу үшін агрессивті шараларды талап етіп шеруге шықты. 2019 жыл қыркүйегінің ортасында осы кампания – бүкіл әлем бойынша 7,6 миллионнан астам жасты жұмылдыра алған және қатысушылар саны бойынша әлемдік рекорд орнатқан көше науқаны, яғни әлемдегі ең табысты ұжымдық акция деп бағалауға болады. Кампания неге осыншалық табысты болды деген сұрақтыңдауы мүмкін. Алайда, жаһандық табысқа қарамастан, Жапониядағы кампанияға қатысу басқа елдердегі белсенді әрекетпен салыстырғанда төмен және баяу жүрді. Не үшін Жапониядағы кампаниялар жұмылдырған қатысушылар саны, көше науқандары өткізілген қала және бұқаралық

ақпарат құралдары мен үкіметке ұлттық және жергілікті деңгейде ықпал ету тұрғысынан шектеулі еді? Мақала мәдени негізіне, ресурстарды жұмылдыруға және саяси мүмкіндіктер құрылымдарына назар аудара отырып, қоғамдық қозғалыстар тұрғысынан осы сұрақтарға жауап ұсынады.

> Fridays for Future: ең табысты ұжымдық акция

Fridays for Future іргетасы 2018 жылдың 20 тамызында 15 жасар швед қызы Грета Тунберг Швеция парламентінің алдында наразылық акциясына шыққан кезде қаланды. Бұл Швециядағы жаңа оқу семестрінің алғашқы күні және жалпы сайлау науқанының орта кезі болатын. Бастапқы жоспары ереуілді үш апта бойы, жұмаға, 7 қыркүйекке, яғни жалпы сайлау науқаны аяқталатын күнге дейін жалғастыру болды. Үкіметтен климаттың өзгеруіне қарсы шараларды күшейтуді талап ету үшін сабақтарына бойкот жариялаудан бастаған «климаттың өзгеруіне қатысты ереуіл» немесе «мектеп ереуілі» ӘЖҚ

(әлеуметтік желі қызметтері) және шетелдегі БАҚ-та жариялау арқылы лезде тарады. Наразылығына күтпеген қолдауды көрген Грета Швеция үкіметі 2015 жылғы Париж келісімі бойынша өз уәделерін орындау үшін неғұрлым агрессивті шаралар қабылдағанша, жалпы сайлаудан кейін әр жұма сайын ереуілді жалғастыруды ұйғарды. Оның 2018 жылдың қарашасында TED-тегі (Технология, ойын-сауық және дизайн) және сол жылдың желтоқсанында БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясында (COP24) сөйлеген сөздері жоғары бағаға ие болып, климаттың өзгеруі туралы ереуіл бірден Fridays for Future кампаниясы ретінде бүкіл әлемге тарады.

Гретаның алғашқы наразылығынан жеті ай өткен соң, 2019 жылдың 15 наурызында, жұмада, кампания кеңейіп, әлемнің 125 еліндегі 2000-нан көп қалада 1,4 миллионнан астам адамды, негізінен жастарды қамтыды. Басталғанынан он үш ай өткен соң, 2019 жылдың 20 қыркүйегінде, жұмада, 23 қыркүйекте БҰҰ-ның климаттық іс-қимыл саммиті басталмас бұрын, 163 елде 4 миллионнан астам адам наразылық шерулеріне қатысты. Кампания 27 қыркүйек, жұмаға дейін жалғасты, сегіз күн ішінде іс-шараға 185 елде барлығы 7,6 миллионнан астам адам қатысты. Көптеген елдерде жастар көшедегі демонстрацияларға өз еркімен қатысты.

Акция – бүгінгі күні кез келген мәселе немесе кез келген алаң бойынша әлемдегі ең ірі ұжымдық шара. Гретаның әрекеттеріне дейін климаттың өзгеруіне қатысты ең үлкен демонстрация Нью-Йоркте 2014 жылдың қыркүйегінде 400 000-ға жуық адам қатысқан БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі арнайы сессиясының алдында өтті.

2020 жылы жаһандық COVID-19 пандемиясына байланысты көптеген елдерде көшедегі іс-шараларға қатаң шектеу қойылды. Бірақ 2020 жылдың 25 қыркүйегінде, жұма күні Жаһандық климаттық әрекет күні деп жарияланды. Пандемияға қарамастан, бүкіл әлем бойынша 3200 жерде шара өткізілді. Германияда 450 жерде көше акцияларына барлығы 200 000 адам қатысты.

Дүние жүзіндегі қарқынды әрекетпен салыстырғанда Жапониядағы іс-шараларға адам аз қатысты және акцияны қолдау қарқыны баяу болды. 2019 жылдың 15 наурызындағы наразылықтар Жапонияда тек екі қалада: Токио мен Киотода барлығы 200 қатысушымен шектелді. Дегенмен, 2019 жылдың 20 қыркүйегіндегі «Жаһандық климаттық марш» деп аталатын демонстрацияға 23 префектураның 27 қаласында 5000-нан астам адам қатысты. Токиода 3000-ға жуық адам қатысты. Адамдардың қатысуын жеңілдету үшін Жапонияда «ереуіл» немесе «әрекет» сөзінің орнына «марш» «жұмсақ» термині қолданылды.

Қозғалыстың сипаттамалары өте қызық. (1) Негізінен орта мектеп оқушылары мен университет студенттері

сияқты жас ұрпақты қамтитын ұжымдық әрекеттерден тұрады. (2) Қатысушылардың басым бөлігі бұрын-соңды ешқандай қоғамдық қозғалыстарға немесе демонстрацияларға қатыспаған жаңадан келгендер. (3) Жастардың климаттың өзгеруіне қарсы шараларды күшейтуге бағытталған мектеп сабақтарына бойкот жариялау мен көше акцияларына қатысу әрекеттері негізінен риясыз болды. (4) Бұл бір реттік іс-шара емес, бірақ ол әр жұма сайын жалғасып, бүкіләлемдік науқан COVID-19 пандемиясы кезінде де бірнеше рет өткізілді. (5) Ол бүкіл әлемге, соның ішінде дамушы елдерге таралды. (6) ӘЖҚ қатысуға шақыру құралы ретінде қолданылады. (7) Соңында, бұл – климаттың өзгеруіне арналған жеке тақырыптық іс-шара.

> Мәдени негіздер, жұмылдыру құрылымы және саяси мүмкіндіктер құрылымы арқылы талдау

Қоғамдық әлеуметтік қозғалыстарды талдауға арналған әлеуметтік қозғалыстың триангуляр үлгісі (TRIM) [МакАдамның \(1996\)](#) жұмысына негізделген және үш элементтен тұрады: мәдени фреймдер, жұмылдыру құрылымы және саяси мүмкіндіктер құрылымы ([Hasegawa \[Хасегава\] 2018](#)). Мәдени фрейм барлық қатысушылар үшін ортақ жалпы жағдайды анықтайды: әлем бейнесі мен қоғамдық қозғалысты және әрекетін және азаматтарды қатысуға итермелейтін қозғалыстың өзіндік бейнесі. Мәдени фрейм – қанағаттанбаушылықты және өзгерістерге бағдарлануды қамтамасыз ететін динамикалық және стратегиялық процесс. Жұмылдыру құрылымы қандай жағдайларда қандай ресурстарды жұмылдыруға болатынына назар аударады. Адами, қаржылық, материалдық және ақпарат сияқты ресурстардың барлық түрін, сондай-ақ легитимділік немесе ақтау сияқты символдық ресурстарды жұмылдыруға болады. Сондай-ақ, саяси мүмкіндіктер құрылымы – қоғамдық қозғалыстардың пайда болуы, дамуы және құлдырауының әлеуметтік процестерін анықтайтын институттық және институттық емес саяси жағдайлардың жиынтығы.

Осы аналитикалық жұмыс ұжымдық ғадет перспективасын, жаңа қоғамдық қозғалыстар теориясын және ресурстарды жұмылдыру перспективасын біріктіреді. Ол үш салаға реакция: «әлеуметтік қозғалыс және мәдениет», «әлеуметтік қозғалыс және ұйым» және «әлеуметтік қозғалыс және саясат».

Fridays for Future атауы және Грета Тунбергтің символдық белгісі өте тиімді болды. Климаттың өзгеруі мәселелері төңірегінде қалыптасқан қозғалыстың негізгі қатысушылары үшін ақ аю сияқты бұрыннан келе жатқан символдық белгілер бар болса да, ұзақ жылдар бойы рәміз болып қалу қиын деп есептеледі. Символдық тұлғалар АҚШ-тың бұрынғы вице-президенті, 2007 жылы Нобель сыйлығын алған Ел Гормен шектеледі. Климаттың өзгеруі мәселесін персонализациялау тұрғысынан Грета Тунбергтің басты назарда болуы өте

>>>

маңызды. Ол 2019 жылдың қаңтар айында Дүниежүзілік экономикалық форумға, ақпан айында ЕО Парламентіне және қыркүйекте БҰҰ-ның климаттық іс-қимыл саммитіне шақырылды және оның үні әр жиыннан кейін үдей түсті. Сол жылдың желтоқсанында Time журналы оны «Жыл адамы» деп таныды.

Fridays for Future – Гретаның мақсатты наразылығы белгіленген жай ғана жұма еді – сәтті фрейм. #MeToo қозғалысы сияқты бұл сөздер мен сөз тіркестері ағылшын тілді елдердегі бастауыш сынып оқушыларына түсінікті. Хабарлама тікелей және позитивті. Ол болашаққа бағытталған. Небәрі 16 әріптен құралғанымен, болашаққа дағдарыс сезімін білдіретін жұма күнгі әрекетке шақыру. Сондай-ақ, оны аббревиатура ретінде пайдалану оңай және #FFFSendai сияқты хэштегтер үшін ыңғайлы: Fridays for Future Kyoto немесе Fridays for Future Kobe сияқты елдің атын ғана емес, сонымен қатар жергілікті жер атауын да қоса аламыз. Оны локализациялау жеңіл болғандықтан, жастар үшін оны өз аймағында ұйымдастыру да оңай. Жапонияда әр аймақта 30-дан астам Fridays for Future тобы үнемі наразылық білдіріп отырды. «Қарама-қарсы», «анти-хх» және «хх жасамаңыз» сияқты теріс, тыйым салынған және айыптаушы фреймдермен салыстырғанда, ол қарсылық немесе жиіркеніш тудырмайды. Сондай-ақ Fridays for Future не екендігіне қызығушылық тудыруы мүмкін.

Жұмылдыру құрылымына келетін болсақ, Гринпис, Friends of the Earth [Жер достары] және WWF (Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры) сияқты нық орныққан экологиялық үкіметтік емес ұйымдар екінші орынға ығысты. Кейбір беделді экологиялық үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері мен олардың хатшылығының қызметкерлері оларға азды-көпті қолдау көрсету үшін қосылатыны рас; бірақ олар ұйымдастырушылық негізге сүйенбейді. Осы фрейм табыстылығының ең жақсы дәлелі – жастар климаттық дағдарысқа Fridays for Future атауымен қарсы тұруы.

Жастар байланысу және ақпаратты жұмылдыру үшін ӘЖҚ пайдаланады. Гретаның твиттердегі аккаунтында 5,05 миллион фолловер бар (2022 жылдың маусым айының соңындағы жағдай). Facebook парақшасындағы фолловерлер саны 3,55 миллион. Facebook мақалаларының көпшілігі 10 000-нан астам, ал кейбіреулері 100 000-нан астам лайк жинаған. Гретаның қамтудағы жақсы сезімі, мәселені көтеру қабілеті және дәйекті қатынасы – жұмылдыру туралы ойлағанда үйренуге болатын керемет нәрселер.

2019 жылғы саяси мүмкіндік уақыты Гретаның әрекеттеріне мықты реакция білдіру құралы болды. 2019 жыл – 2020 жылы Париж келісімін жүзеге асырудың басталуына дейінгі жыл және БАҚ үшін осы туралы айту оңай болды. Егер акция 2012 жылы өткенде, мұндай қолдауға ие болуы екіталай еді.

2019 жылдың мамырында климаттың өзгеруі туралы жазатын әлемдегі күнделікті газеттердің ішіндегі ең ынталы британдық Guardian newspaper климаттың өзгеруі атауы сол кездегі шындықтың күрделігін толық көрсетпейтінін айтты. Саясаттың өзгергенін жариялағаннан кейін газет жағдайды климаттық дағдарыс немесе климаттық төтенше жағдай деп сипаттай бастады.

Гретаның әрекеттері сабақтастықты көрсетеді. 2022 жылдың 17 маусымы, жұма күні мектеп ереуілі 200-ші аптаға ұласты; 1 жылда 52 апта барын ескерсек, акция шамамен төрт жыл бойы жалғасуда.

> Жапония: акциялар не үшін аса шектеулі болды

Жапониядағы Fridays for Future кампаниялары басқа елдермен салыстырғанда өте шектеулі. Олар неліктен жұмылдырылған қатысушылар саны бойынша айтарлықтай шектеулі?

Жапондық жастар топтары Fridays for Future атауын ағылшын тілінде аудармасыз қолданады. Қарапайым сөз тіркесі болғанымен, жапон тілінде түсіндіру өте қиын және әлі ешкім жапон тіліндегі сөз тіркесінің тиімді баламасын ұсынған жоқ. Дәл осылай, Грета сияқты символдық тұлғаға айналған адам болған жоқ. Жалпы, Жапония жастары үн қатпайды, менсінбеушілік немесе немқұрайлық танытады, ал көше акцияларының қатысушылары – негізінен, шетелдіктер мен шетелдік мектеп оқушылары. Тіпті Азия елдерінің ішінде де жапондық қоғамдық қозғалыстардың саяси жетістіктері төмен; Оңтүстік Кореямен, Тайваньмен, Гонконгпен, Филиппинмен және т.с.с. салыстырғанда Жапонияның қоғамдық қозғалыстары қаржыландыру, адам ресурстары, ұйымдастырушылық негіздері және сарапшыларды тарту тұрғысынан әлсіз. Олардың күші жеткіліксіз, себебі мәдени негіздер, жұмылдыру құрылымы және саяси мүмкіндіктер құрылымы өте әлсіз. Сайып келгенде, жұмылдырудың кеңеюі шарықтау шегіне жетеді және үнемі әрекет етеміз, бірақ соңында өз қызметімізден ешқандай нәтиже көрмеуіміз мүмкін деген оймен саяси тиімділіктің төмендеуі мен дәрменсіздік сезімін бастан кешіру ықтималдығы бар. Әр уақытта бір нәрсені қайталайтын әрекеттердің белсенділігін және қатысушылардың сергектігі бәсеңдеп, бұқаралық ақпарат құралдарында хабарламалар азайған кезде осы практиканы сақтап қалу туралы сұрақтар туындайды.

Саяси мүмкіндіктер құрылымы тұрғысынан жастар топтары агрессивті климаттық саясатты ілгерілетудің тиімді саяси жолын әлі таба алмады. Көшедегі наразылықтардан кейін нақты саяси бағдарлама немесе күн тәртібі жоқ. Fridays for Future кампаниясын жаңа бағытта қалай ұйымдастыру керек; келесі қадам қандай болуы тиіс; және олардың саяси одақтастары кім болғаны дұрыс? Әлі де түсініксіз. Белсенділікке негізделген дүрбелең ешбір ұлттық сайлауда жеңіске

>>

алып келмеді. Ұйымдастырушылық тәжірибесі шектеулі болғандықтан, белсенділер үшін саяси ықпалға ие болу өте қиын. Этноцентризм мен популизмнен туындаған саяси қарсылық, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси қысым аясында Жапонияның азаматтық қоғамы мен климаттың өзгеруіне байланысты азаматтық белсенділік құбылмалы және олардың

болашақ бағыты белгісіз. Бұл Fridays for Future жапондық кампаниялар үшін ғана емес, сонымен қатар шетелдегі акциялар үшін де ортақ мәселе болуы мүмкін. Бірақ, әсіресе, жалпы халықтың саяси белсенділігінің артуы екіталай Жапонияның саяси мәдениеті жағдайында қозғалысты қалай сақтап, ілгерілетуге болатынын шешу өте қиын. ■

Хаттарды Коиши Хасегаваға <k_hasegawa@shokei.ac.jp> жолдауға болады.

> Ресей-Украина соғысы әлеуметтануға қалай ықпал етеді

Наталия Черныш, Иван Франко атындағы Львов Ұлттық Университеті, Украина

Украинаның Әлеуметтанулық қауымдастығының III съезінде жаһандану жағдайында әлеуметтанулық ой дамуының төрт кезеңін атап өттім¹. Құрылымдық жағынан, әр кезеңнің жеті компоненті бар, мен оны ерекшелігін түсіну және дамудың жалпы тенденцияларын анықтау үшін маңызды деп санаймын: заманауи әлеуметтанудың сипаты, анықтайтын белгілері, негізгі түсініктері, орталық тақырыптары, негізгі функциялары, оның басым ерекшелігі және эмпириялық зерттеулерде қолданылатын негізгі әдістер.

> Жаһандану әлеуметтануы

I-кезең: жаһандануға дейінгі әлеуметтану (әлеуметтанудың пайда болуынан бастап 1985 жылға дейін), осы саладағы алғашқы әлеуметтанулық жұмыстар пайда болған уақыт. Ол кезде әлеуметтану қоғам туралы ғылым болып саналды; оның абстрактілі идеалы аумақтық және ұлттық аясындағы батыс типтегі қоғам болды. 2000 жылы У.Бек оны «контейнерлік» әлеуметтану деп атады. Бұл әлеуметтанулық ереженің қалыптасу кезеңі.

II-кезең (1985–2002): жаһанданудың қуатты процестерінің күшейген дәуірі әлеуметтануы; осылайша әлеуметтану батыстану, дәлірек айтсақ, америкалану (нақтырақ айтсақ, макдоналдтану) түрінде батыстық үлгі бойынша жаһанданатын адам туралы ғылымға айналады. Сол үшін де П. Бергер негізгі жаһанданушылар деп америкалықтарды көрсетті. Бұл кезеңде әлеуметтанулық ереженің қалыптасуы жалғасады.

III-кезең (2002–2016): бірнеше жаһандану дәуірінің әлеуметтануы (шығыстанудың, балама жаһанданудың және т.б. пайда болуы). Яғни, әртүрлі жолдармен жаһанданған адамзат туралы ғылымға айналған жаһандық әлеуметтану қалыптасуда. Онда жергіліктілер өмір сүру құқығын алады, ал әртүрлі ұлттық мектептердің өкілдері 2008 жылы М. Буравой атап өткендей, «бай

әлеуметтанулық Солтүстіктің» өкілдерімен қатар әлеуметтанулық диалогқа қатысуға мүмкіндік алады. Тиісінше, әлеуметтанулық ережеден тыс әлеуметтанулық жұмыстар санының тез өсуі байқалады.

IV-кезең (2016 – қазіргі уақыт): жаһанданудан кейінгі дәуірдің әлеуметтануы, өйткені жаһандану процестерінің төмендеуі және әлемделокалданудың орталықтан алшақтау күштерінің күшеюі байқалады. («пост-жаһандану» терминін Д. Беллдің «постиндустриялық» терминіне ұқсас, индустриялық қоғамды алмастыратын, бірақ индустрияға дейінгі және индустриялық секторларды сақтайтын қоғам түріне қатысты қолданатынымды ескеріңіз.) Сондықтан осы кезеңдегі әлеуметтану аймақтық құрылымдардың көбеюі орын алған адамзат туралы бытыраңқы ғылымға айналды. Ережеге сәйкес және сәйкес емес сипаттағы туындылардың қатары биологиялық ерекшеліктермен және пәнаралық мазмұнда қалыптасты.

> Жаһандану әлеуметтануы қазір қайда

Осы төртінші кезең жаһандану процестерінің жойылуын және жаһандану әлеуметтануының құлдырауын білдірмейді. Керісінше, жаңа әлеуметтік-мәдени ақиқаттар пайда болады және әлеуметтанулық білімнің тағы бір қайта конфигурациясы жаһандану сценарийлері үлесінің салыстырмалы түрде төмендеуімен жүреді. Мысалы, COVID-19 пандемиясының пайда болуы көптеген жағдайда жаһандық байланыстар мен қатынастардың бұзылуына, шекаралардың қайта жандануына немесе трансұлттық құрылымдар мен процестердің қысқаруына алып келді, бұл дамып келе жатқан әлеуметтанушы санының арттуынан көрінеді.

Осы жаһандық кезеңнен кейінгі кезең Ресей-Украина соғысы кезінде идентификацияға ие болды. Бүгін біз Украинада Батыстың (енді «біріккен ұжымдық Батыс» деп аталатын) реинкарнациясы ретінде елестетуге болатын әлемдік тәртіптің жаңа түрінің туғанына куәміз.

>>

“Бүгінде локалдықтың жаһандыққа бітісуі жүріп жатыр, локалдык жаһандықтың ядросына айналады”

Яғни, менің ойымша, бүгінде жаһандық және локалдык қарама-қайшылық жоқ, локалдык және жаһандық түрлену жоқ. Бүгінде локалдықтың жаһандыққа бітісуі жүріп жатыр, локалдык жаһандықтың ядросына айналады. Басқаша айтқанда, жаһандық-локалдык білім берудің жаңа түрі бар, онда жалпыадамзаттық құндылықтардың үстемдігі батыстық емес әлемдегі осы құндылықтар үшін күресте бейнеленген; Украина осы жағдайда. Жаңа жаһандық қоғамдық қозғалыстар, ең алдымен, Украинамен ынтымақтастықты білдіретін қозғалыс пайда болды. Олардың ерекшелігі – үкіметке ықпалы зор және шешімнің жылдам қабылдануы. Кейде ортақ шекаралары жоқ елдер арасындағы жаңа локалдык одақтар ерекше рөл атқара бастады (Ұлыбритания-Украина-Польша немесе бірлескен трио: Украина-Молдова-Грузия сияқты «шағын одақтарды» айтып отырмын).

Әрине, бұл процестер әлеуметтанулық ойлар мен пікірталастарды, әртүрлі ұлттық мектептер мен ағымдардың өкілдері арасындағы диалогты қажет етеді. Мысалы, Ресей-Украина соғысы қазірдің өзінде әлеуметтанулық маңызға ие. Мен ХӘҚ Президенті Сари Ханафи, Путиннің империялық парадигмасын сипаттайтын және осы соғыстың Таяу Шығыс үшін төрт сабағын көрсететін хатын айтып отырмын. Жалпы, осы мәтіндегі көптеген тезистермен келісемін, бірақ сонымен бірге Таяу Шығыстағы соғыстарды украин халқының геноцидін жүзеге асырып отырған Украинадағы қазіргі соғыспен тікелей салыстыру дұрыс емес деп есептеймін. Кез-келген соғыс қорқынышты, бірақ егер біз империялық парадигмаға негізделген режимді жою үшін бірге жұмыс жасамасақ, Ресейдің Украинаға қарсы агрессиясы тек Украинаның өзіне ғана емес, сонымен бірге әлемнің көптеген басқа елдеріне қауіп төндіреді.

> Әлеуметтану қайда бағыт алды

Енді осында айтқан кезеңдердің мәніне сәйкес қазіргі әлеуметтанудың тенденцияларын анықтауымызға болады. Алдын ала тізім мынадай 10 бағытты қамтуы мүмкін:

(1) пән аясына канондық салалардың енуі нәтижесінде әлеуметтанудың, оның пәні мен зерттеу объектісі шекарасының тез кеңеюі, сондай-ақ алаңға жасанды нақтылық тудырған құбылыстардың (виртуалды өмір, толықтырылған нақтылық, жасанды интеллект және т.б.) әлеуметтанулық көріністерінің қосылуы;

- (2) әлеуметтік практикада іске асыруға мүмкіндіктер беретін қабілеті бар жаһандық, аймақтық немесе жергілікті масштабтағы күрделі өзін-өзі реттейтін жүйелердің тұжырымдамалары мен моделдерін құру міндетіне сәйкес гибриді сипаттағы көп өлшемді және көп функционалды әлеуметтанулық рефлексивтілікті дамыту және өндіру;
- (3) транспәндіктен синкретизмге және тұтас ойлауға негізделген метатеорияландырудың тиісті түрінің пайда болуы және пәнаралықтан транспәндікке өту;
- (4) аймақтық даму жобаларын, сондай-ақ жергілікті, глокалды, жаһандық, жаһандық емес және постжаһандық процестермен құбылыстардың қатар өмір сүру мәселелерін тұжырымдаудың мәнділігі мен маңыздылығын арттыру;
- (5) постклассикалық және постклассикалық емес әлеуметтану ұғымдарының синтезімен қатар жүретін әлеуметтік және жаратылыстану, сондай-ақ техникалық және гуманитарлық ғылымдардан шыққан гибриді терминдер санының артуымен көрінетін терминологияның айтарлықтай күрделенуі;
- (6) әлеуметтанушылар назарын негізінен статикалық, динамикалық және тіпті реактив әлеуметтік өзгерістерге ауыстыру;
- (7) әлеуметтік шиеленісте бейнеленген теңсіздіктің, сондай-ақ қарама-қарсы мүдделер мен құндылықтар төңірегіндегі қақтығыстардың жаңа түрлеріне ерекше назар аудара отырып, күрделі (негізінен материалдық емес) әлеуметтік теңсіздікті зерттеу маңыздылығының өсуі;
- (8) гиперэргия (немесе гипердинамизм) және реактив әлеуметтік трансформациялар жағдайында заманауи әлеуметтанудың теориялық және когнитивті функциясының, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу мен ағымдағы гибриді соғыстар салдарынан арта түскен адамгершілікке жат құбылысқа қатысты гуманистік функциясы маңыздылығының арта түсуі;
- (9) жаңадан синтезделген және өзгертілген сандық және сапалық әдістемелерді қолдану, сондай-ақ басқа пәндерден әдістерді алу арқылы әлеуметтану ғылымында қолданылатын әдістер мен тәсілдерді әртараптандыру. Олардың жиынтық ықпалы әлеуметтанушыларға тез және сенімді әлеуметтік нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді;
- (10) әлеуметтанулық зерттеудің вербалды және вербалды емес әдістерінен цифрлық технологияларды қолдануға көшу және т.б. ■

Хаттарды Наталия Чернышқа <nchernysh@gmail.com> жолдауға болады.

1. Наталия Черныш (Қазан, 2017) «Sociology today – Trends and perspectives for development» [Бүгінгі әлеуметтану – трендтер және даму перспективалары] <http://stmm.in.ua/archive/ukr/2017-4/4.pdf> (орыс тілінде).

> ҰЖЫМДЫҚ ЖӘНЕ жеке жарақат

Юрий Пашковский, Иван Франко атындағы Львов Ұлттық Университеті, Украина



Ұсынған: Nastyaofly/Depositphotos.

Жүріп жатқан Ресей-Украина соғысы бүкіл өркениетті әлемге қиындық тудырды. Бүгін Украина контекстінде мемлекеттердің халықаралық қатар өмір сүруінің барлық принциптері күйреуін және адам тағдырының бір елдің қалауы мен империялық амбицияларына, ал шын мәнінде, адамдарды жек көретін идеологиясын бүкіл әлемге таңуға тырысатын мемлекет басындағы бір ғана адамға тәуелділігін байқай аламыз. Қазір Украинаның әрбір азаматы басынан кешіріп отырған соғыс қасіреті әлемдік қауымдастықтың барлық саласына ықпал етеді, әлем өз қауіпсіздігінің жаһандық сын-қатерлеріне, атап айтқанда Ресей тарапынан ядролық қауіпке, сондай-ақ соңғы көші-қон сын-қатерлеріне, жаһандық аштық пен энергия ресурстарына және экологиялық дағдарыстарға тап болды. Дегенмен бұл бүкіл украин халқы басындағы трагедиямен, шын мәнінде геноцидпен салыстырғанда ұсақ-түйек болып көрінуі мүмкін. Ресми статистикаға сәйкес, Ресей соғыстың алғашқы 115 күнінде Украинада 2021 жылғы Сириямен немесе 1992-1995¹ жылдар аралығындағы Босниямен салыстырғанда, балалар көп өлтірілген.

Соғыстың қиындықтары мен оның салдарын пайымдай отырып, мен әлеуметтанушы және психолог ретінде әлеуметтік жарақат (П. Штомпка, Дж. К. Александер, Р. Ейерман және т.б.) ұғымына сәйкес келетін бірқатар салыстыру мен ұқсастық туралы ойладым: соғыс – жаһандық сынақ; адам тағдырын тас талқан ететін соғыс; соғыс – адам өміріне жаңа көзқарас пен құндылықтар жасау және құрастыру тәсілі; соғыс – қамқорлық пен өмірлік тәжірибе; соғыс – адамның белсенділігі мен рух күшінің кеңістігі; соғыс – жеке болашақ пен ұрпақ тағдыры үшін күрес; соғыс – геноцид; соғыс – жұмылу мен ынтымақтастыққа апаратын жол және т.б. Осының барлығы

жалғасуда. Алайда, осы түсініктердің барлығын соғыспен байланыстыратын нәрсе – бізге әр адамның, сондай-ақ бүкіл қоғамның өміріне ықпал ететін зақымдаушы оқиғаны жеңудің жолы қажет. Соғыстан өткен немесе оның жалынына оранған әрбір адамның өзіндік және ерекше өмір тарихы бар. Осы өмірлік оқиғалар «бір-бірімен астасып жатыр» немесе біз туылған, өмір сүретін және жұмыс істейтін, тарихын жасайтын елмен байланысты.

Украинаның тарихы жараланған құстың ұшуға талпынысы іспетті, жоғарыға және қараңғылық пен белгісіздіктен де биік жарыққа көтерілуге тырысады. Даму барысында Украина орасан зор тарихи жарақат алды (мысалы, XX ғасырдың басындағы оқиғаларды, большевиктік Ресейден тәуелсіздік үшін украиндардың күресін, 1930 жылдардағы ашаршылықты, 1941-1945 жылдардағы неміс-кеңес соғысын, 1986 жылғы Чернобыль оқиғасын атап өткен жөн, ал қазір 2014 жылдан бері жалғасып келе жатқан Ресей-Украина соғысы Қырымның Ресейге қосылуына және Донецк пен Луганск облыстарының бөлінуіне алып келді), сондай-ақ 2004 жылғы «қызғылт сары» төңкеріс кезіндегі демократия үшін күрес пен ескі құндылықтар жүйесінің ыдырауы мен ұзақ уақытқа созылған әлеуметтік трансформация кезеңінен туындаған XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы әлеуметтік-мәдени жарақат, 2013-14 жылдардағы Абырой төңкерісі кезінде еуропалық перспектива үшін баррикадалардағы күрес. Күрес пен азаптың ұзақ тарихи жолы украин халқының әлеуметтік жадында сақталды; терең эмоциялық тәжірибе әлеуметтік топтар мен жеке адамдар деңгейінде психикалық жарақатқа алып келді. Украина Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, бүгінде жаппай соғысқа байланысты 15 миллионға жуық украиналық психологиялық көмекке, ал 3-4 миллион адам психикалық ауытқудан емделуге мұқтаж. Кем дегенде бес украиндықтың біреуінің денсаулығы соғыстан зардап шекті, соғыс жалғасқан сайын психикалық денсаулығына байланысты мәселелерге тап болған адамдар саны артып келеді.

Украин халқының тәжірибесін ескере отырып, қазіргі соғыс нақтылықты жанаша қабылдауға итермеледі; орташа украиндықтың деңгейінде – Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі жылдардағы экономиканы қайта құру арқылы бірлескен кез келген ортақ жолды қамтитын «орыс-украин бауырластығы» туралы бұрыннан келе жатқан барлық мифтердің күл талқаны шықты. Ортақ славяндық тамырды жою идеясын қабылдағысы келмейтін украиндықтар да бөтен екендігімізді түсінгені айқын болды. Әсіресе, осындай сәйкестікті біз үшін, украиндар үшін соғыс шын мәнінде

>>>

біздің бостандығымыз, қадір-қасиетіміз және өмір сүруіміз үшін екенін қабылдау арқылы байқауға болады (ал олар үшін, яғни ресейліктер үшін бұл соғыс емес, арнайы операция: олардың қанішер көсемдерін мадақтау және украиндыққа тән нәрсенің бәрін мансұқтау). Біз, украиналықтар, үшін бұл соғыс – терең жарақаттайтын жағдай, ал олар үшін бұл – эмоциялық шаттану және бұқаралық санадағы Z және V символдарының салтанат құруы. Осы жаңа өмір бүкіл демократиялық әлемнен, әсіресе барлық еуропалықтардан, бүкіл украиналықтардан үлкен күш-жігерді, күрес пен топтасуды талап етеді.

Осы соғыстың ерекше қасіреті – күтпеген жағдайды күту. Біз елдің шығысындағы соңғы сегіз жыл бойы жалғасып келе жатқан әскери жағдай мен елде, әрқайсымыздың басымызға «түскен» қиын жағдайды түсініп (түсінбей) өмір сүрдік. 2022 жылдың 24 ақпаны – біздің, ересек адамдардың, өзімізге «Мен КСРО-ға оралғым келеді ме?» деген күрмеуі қиын сауалды қойдырған біз үшін жаңа тарихтың бастауы. Немесе басқаша: «Мен адам құқықтары, бостандық және демократия құрметтелетін елде өмір сүргім келеді ме?» деген сауал. Жаңа дәуірдің басталуы – шын мәнінде үлкен күйзеліс (жарақат оқиғасына байланысты эмоциялық күй), осы кезде елдің тағдыры ортақ шекарамыздың 1000 шақырымы бойына Ресей жаппай басып кірген алғашқы 5-7 күнде шешілді. Мен Иван Франко атындағы Львов ұлттық университетінің әлеуметтану факультетінің студенттерінен соғыс басталғаннан бергі соңғы үш айдағы соғыс туралы түсінігін сипаттауды сұрадым. Олардың өміріндегі ең күшті эмоциялық әсерлер бірінші күн(дер)мен байланысты болды: «Соғыс басталған таң мен үшін жақыным қайтыс болып, жерлеуге бара жатқан күндей болды. Барлығы қорқып кетті. Алғашқы күндері көшеге шығуға қорықтым, төсекте жатып, жаңалықтарды қарап отырдым. Соғыстың үшінші күні мен үйден бірінші рет досыммен бірге нанға шықтым; дүкендердегі кезек ұзақ болды, ал ең қажетті тауарлар қойылатын сөрелер бос болды. Менің бойымда беймазалық пен қорқыныш сезімі орын алды». (Вира, 19 жаста)

«Соғыс жарияланғаннан кейінгі бірінші түн мен үшін ұзақ болды, үйдің жанынан өткен әрбір көлік тікұшақ немесе зымыран сияқты көрінді; Осыған байланысты және тұрақты күйзелістен ұйықтай алмадым ...» (Дмитро, 21 жаста)

«Бірінші түн ең нашар түн болды деуге келеді. Аса қатты күйзеліске байланысты ұйқысыздық басты, үнемі жаңалықтарды қарап отырдым, не істерімді білмедім, үрейлендім. Түнгі сағат үш шамасында үш жойғыш ұшақ үйдің үстінен ұшып өтті. Бұл бір қатты, ауыр және ұзақ дыбыс болғандықтан, олар ұшып бара жатқанда, бітпейтін сияқты көрінді. Содан бері үрейім еселене түсті. Ұйқысыз және тамақтана алмай өткізген бірнеше күн мен іәбден әлсіретті. Оқуға бара алмадым,, осылайша ешкімге көмектесе алмайтынымды түсініп, пайдам тиетін жерді іздей бастадым.» (Анастасия, 20 жаста)

«Біреуден айырылуым немесе біреуді жоғалтуым мүмкін деп ойлаған сайын жылаймын... Менің ойымша, бұл фильмдегідей қорқынышты емес, оны бастан өткеруіміз керек. Мен барлық қиыншылықтар мен жанжалдарға қарамастан өз отбасымды, туыстарымды қатты жақсы көремін. Мен бәріміздің деніміз сау, аман, бірге болғанымызды қалаймын. Бәрі жақсы болсын. Мен өмір сүргім келеді». (Ксения, 18 жаста)

«Львовта сағат 7.44-те әуе шабуылы дабылы алғаш рет

қағылды. Төсегімнен атып тұрып, дәлізге қарай жүгіріп шықтым. Күйзеліс күлкісі бетімде қатып қалды, денем дірілдеп кетті...» (Марта, 18 жаста)

Жан жарақатын жеңу үшін адамға күшті эмоциялық тәжірибеге алып келген жарақаттаушы оқиғаның әсерінде болған уақытқа тең уақыт қажет деп саналады. Бұл «жеңу» процесі оқиғаның адамға әсер ету күшіне және олардың күйзеліске төзімділігіне байланысты айлар, жылдар, тіпті ондаған жылдарға созылуы мүмкін. Әлеуметтану тұрғысынан, менің ойымша, бүгінгі күні соғыстың ұжымдық жарақатын «куәгерлердің жарақаты», «адам азабы», «өмірдің жаңа мәнін іздеу», «әскери дабыл синдромы», «жанды жарақаттайтын оқиғаларды бірлесе еңсеру» және т.б. зерттеу дер кезінде жүзеге асырылу қажет. Украина қоғамының қазіргі жағдайы өзін-өзі ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсетеді. Осы мысал терең психотерапевтік мәнге ие ұжымдық жарақаттың алдын алуды, атап айтқанда, жалпы қоғамға – қаншалықты ақылға сыйымсыз сияқты көрінгеніне қарамастан – конструктивті ықпал етуге едәуір шабыт беруі мүмкін. Украина үшін соғысты ұжымдық жарақат ретінде жеңу мынаны білдіреді:

- 1) өткен кеңестік кезеңнен және Ресей империясының арамза пиғылы және «орыс әлемімен» байланыстан түбегейлі қол үзу;
- 2) қауіпсіз және бейбіт жолмен жерді жалға алудың халықаралық кепілдіктерін қамтамасыз етумен ұштастыра отырып, өзінің аумақтық тұтастығын қалпына келтіру мүмкіндігі;
- 3) азаматтық қоғамды және ең алдымен кең тараған және мемлекеттілік үшін күрестің маңызды алғышарттарының біріне айналған еріктілер қозғалысының мүмкіндіктерін құру;
- 4) Украинаның ЕО мүшелігіне үміткер ел ретіндегі жаңа еуропалық перспективасын ашу;
- 5) соғыс қимылдарынан ерекше зардап шеккен аймақтарды қолдау үшін батыстық инвестицияларды және кең халықаралық бағдарламаларды тарту арқылы елді қалпына келтірудің соғыстан кейінгі перспективасы ретінде инновациялық прогресс;
- 6) қазіргі әлемдегі демократиялық (өркениетті) құндылықтарды, олардың мызғымастығын қолдау;
- 7) соғыстан туындайтын жаһандық қатерлерді ортақ түсіну негізінде біріккен елдер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа үлгісін құру;
- 8) Украина халқының өз тәуелсіздігін қорғаудағы табандылығын тану және Украина өзінің қайтпас қайсарлығымен Ресей агрессиясын жеңгенін түсіну.

Әрине, жарақатты жағдайдан шығу бүкіл украин қоғамының келісілген әрекетін ғана емес, сонымен бірге соғыстан зардап шеккен әрбір адамның жеке мәселесін түсінуді де болжайды. Менің ойымша, жеке адам мен ұжымды осы күйзеліс жағдайынан шығудың жолын біріктіретін фактор – әрбір адамның жеңіске деген терең сенімі. ■

Львов, 25-маусым, 2022 жыл

Хаттарды Юрий Пашковскийге <ypachkovskyy@gmail.com> жолдауға болады.

1. (украин тілінде) <https://molodost.in.ua/news/7002/> (2022 жылғы 19 маусым).
2. (украин тілінде) <https://poglyad.tv/u-moz-vvazhayut-shcho-cherез-viyну-kozhhen-p-yatiy-ukrayinec-matime-problemi-z-psihikoyu-article> (2022 жылғы 10 маусым).

> Украинадағы соғыс білгеніміз туралы түсінігімізді өзгертеді

Дарие Кристеа, Бухарест университеті, Румыния

Халықаралық қатынастар әлеуметтануында және қауіпсіздікті зерттеуде әдіснаманың жоқтығы туралы, журналистикамен тым жақын және мүмкін құлдырауға апаратын байланыс туралы басқа жағдайларда да жазған болатынмын. Әлеуметтанушылар сәуегейлік функциямен әуестенеді: мүмкін олар себептілік қағидасына ену қабілетін дәлелдеу үшін дағдарыстарды, үрдістерді және сайлау нәтижелерін болжауға тырысады. Әр жолы оларды қате деп айыптайды: 2020 жылға дейін әлеуметтану ықтимал пандемияға назар аудармады; Украинадағы соғыс белгілері қате «оқылды»; әрбір сайлау циклінде сауалнамалар баспасөз бен жұртшылық қалайтындай дәл бола бермейді.

> Тосын сыйға толы екі жыл

Соңғы екі жарым жыл тосынсыйларға толы болды. Басқа ауруға ұқсамайтын тұмаудың (COVID-19 пандемиясының) тосынсыйдан кейін өткен ғасырдың бірінші жартысында көргенімізге ұқсас соғыс тосынсыйы келді. Соғыстың Украинаға алып келген қасіреті орасан зор және көп талқыланды. Бірақ Батыс әлеміндегі босқындардың бейнесінен соғыс дүмпулерінің, танктер мен қираған қалалардың бейнесіне дейінгі есеңгіреуді түсіну керек. Нағыз аутсорсинг жағдайындағыдай, адамдар отыз жылға жуық уақыт бойы осы мәселелермен әлеуметтану, саясаттану, халықаралық қатынастар, стратегиялық және қауіпсіздік зерттеулері, әскери ғылым және дипломатия айналысады деп сенді. Батыс қоғамы мұндай алаңдаушылықтан азат болып шықты: осы мәселелерді зерттеп, мұндай жағдайлардың қайталанбауы үшін әрекет еткен адамдар болмады ма? Сонымен, біз әлеуметтанушылар ретінде Украинада болып жатқан оқиғалардан не білдік?

> Румынияның ұстанымы және НАТО-ның өзектілігі

Румыния НАТО мен ЕО-ға кіргеннен бері румындар ЕО-дағы НАТО-ны, ЕО-ны және америкалықтарды қолдайтын халықтың бірі болды және бұл Ресейдің Украинаға шабуылы барысында барынша анық бола

түсті. Шындығында, соңғы жылдардағы НАТО-ның негізгі жаһандық сыны қауіп енді мемлекеттен емес, мемлекеттік емес субъектілермен асимметриялық қақтығыстардан (мысалы, терроризм) болатын біршама қауіпсіз тұрақты жағдайда немесе халықаралық тәртіппен «таласатын» мемлекеттердің арасындағы жекелеген жағдайларда НАТО сияқты алпауыттың пайдасыз екендігі туралы болды. Ресейде ресми түрде соғыс деп танылмаса да Ресейдің Украинаға шабуылы НАТО-ның оған мүше мемлекеттердің қауіпсіздігінің кепілі ретіндегі өзектілігін қалпына келтірді және оған қосылмау идеясының қаншалықты бұрыс екенін дәлелдеді (Финляндия мен Швецияны еске алайық).

> Жүйеге қарсы партиялар

Соңғы жылдары Еуропада белгілі бір популистік, егемендік немесе еуроскептикалық сипаттағы біршама сәтті жүйеге қарсы партиялар құрылды. Пандемия және еуропалық мемлекеттердің оны бақылауда ұстауға күш салуы осы қозғалыстар үшін платформа берді, олардың көпшілігі вакцинаға және шектеулерге қарсы шықты немесе пандемияны жоққа шығарды. Ресейдің Украинаға басып кіруі Румынияда мұндай жүйеге қарсы қозғалыстардың тартымдылығын азайтып, НАТО мен ЕО-ның танымалдылығын арттырды.

Жүйеге қарсы қозғалыстардың Ресейге немесе ресейлік үгіт-насихат тақырыптарына жақындығы туралы көптеген болжамдар болды, бірақ бұл өте күрделі және оны дәлелдеу қиын. Соңғы үш айда бұл қозғалыстардың соғысқа қатынасы типтік емес екенін көрдік: соғыс мәселесін ашық түрде қарастырмаудан бастап, Украинаның аса демократиялық емес екенін айтуға (осы Ресейдің бұл соғыста анық агрессор екенін өзгерте алатындай) дейін; соғыс құрбандарына деген жанашырлық фактілерінен бастап, Украинадағы румын азшылығына алаңдаушылыққа, агрессорды салыстырмалы түрде анықтауға дейін. Сонымен, Украинадағы соғыс жүйеге қарсы партиялар үшін нағыз лакмус қағазы және олардың путиндік Ресей үшін түсініксіз әлсіздігі.

“Әлеуметтік ғылымдардың көппарадигмалық сипаттағы қасиеті ерекше бола алар еді, егер әлемді түсіну – гипотезаларымызды тексеруден маңыздырақ екенін ұғынып, оны пайдалана алатын болсақ”

> Реализм кегін қайтаруда

1990 жылдан кейін халықаралық қатынастар әлеуметтануы белгілі бір соңғы тарих парадигмасында өмір сүрді: ұлы соғыстар аяқталды, тіпті қырғиқабақ соғыстар да аяқталды; либерализм реализмді жеңді. Жергілікті немесе аймақтық мәселелермен түсіндірілетін бір реттік соғыстар орын алып отырды; бірақ әлем бірполярлы болды, бірнеше орташа державалар АҚШ-қа, жалғыз супердержавалық парадигмаға қарсы тұра алмады. 2001 жылдың 11 қыркүйегінен кейін сценарий қайта жазылған сияқты еді, бірақ тек сырттай ғана. Жаңа қарсылас (терроризм) қалыптасты, мемлекет субъектілері қолдайтын зұлымдық осі; және әлемдік тәртіпке қарсы тұратын қарулы күрес және т.б. соғыс емес, құқық бұзушылық әрекеттеріне айналды. Халықаралық жүйе 1990 жылдан кейін елестетілген бейбіт жүйе (бір жолғы соғыстармен бірнеше рет қайшы келсе де) орнамады. Батыста асимметриялық және дәстүрлі емес жау пайда болды, бірақ әскери тұрғыдан алғанда әлемге үлкен қауіп төніп тұрған жоқ, жалпы соғыс қорқынышы шамалы болды, ал АҚШ/НАТО бұрынғысынша халықаралық жүйенің орталық супердержавасы ретінде қала берді. Жүйе әлі де либералды еді. Америка президенті Г.В. Буш Румынияның жаңа Ресейге көпір болатынын айтты. Батыс әлемінің әскери және экономикалық күшінің артында жұмсақ күш факторы тұрды. Батыс кеңейді, өйткені оның есігін қағуға үміткер елдер бар еді.

Бірақ реализм өзіне тиесіліні алуы керек болатын. 2010 жылдан кейін Қытайды экономикалық держава ретінде қарастыру қажеттігі туды. Шамамен сол уақытта Ресей де, Қытай да алдыңғы жиырма жылдағы әлемдік тәртіпке «келісуге» дайын емес сияқты көрінді. Егер біз Ресейді мұқият қарастырсақ, оның 2008 жылы Грузияға басып кіргенін көреміз; 2010 жылдардың басында Ресейдің Украина мен Молдованың ықтимал еуроатлантикалық жылжуын тоқтатуға бағытталған кейбір ірі әрекеттері; 2014 жылы Ресейдің қолдауымен болған Донбасс көтерілісі, одан кейін Ресей Қырымды аннексиялады. Батыста Еуропада соғыс болуы мүмкін деп ешкім болжамады, сондықтан бұл эпизодтар салыстырмалы түрде жеңіл өтті. 2010 жылдан кейін Ресей басқа бағыт алды, ол әлеуетті агрессор ретінде көріне бастады, бірақ әлемдік тәртіпті қолдау басым еді.

2022 жылдың ақпанында Ресейдің Украинаға басып кіруі жалпы жұртшылық үшін түсініксіз агрессиялық

әрекет ретінде басталды. Украинаның Батысқа бағдарлануы Ресейді НАТО мен ЕО-ның алдында осал етеді деген идеяны түсіну моралдық тұрғыдан қиын: 2014 жылда Ресей мен Украина арасындағы нақты келіспеушілік орын алды. Ресей жұртшылығының соғысты қолдауы ақылға сыймайды. Бірақ сарапшы 100 жылға жуық теориялық бәсекелестіктен кейін халықаралық қатынастар бойынша парадигмааралық пікірталаста жеңіске жеткендей көрінген реалистік парадигманы қабылдауды және либерализмнен бас тартуды мойындай алады.

Сонымен қатар, 50 жыл бұрынғы соғыс туралы құжаттар мен фильмдердегідей зымырандар, танкілер, дулығалар мен пулеметтер соғыстың жойылмағанын айқын көрсетті. 1990 жылдан бері халықаралық қатынастарда айтылмайтын ядролық қару да жойылған жоқ. Тіпті осы құбылыстың негізгі теориясы да жаңа емес. Корей соғысы мен Кубаның зымыран дағдарысына қайта оралғандаймыз және ондаған жылдардағы халықаралық қатынастар мен қауіпсіздікті зерттеу текке кеткен сияқты.

Қорытындылай келе, қауіпсіздіктің классикалық толыққанды қауіпсіздік дилеммасының алдында тұрмыз. НАТО-ның Украинаға тікелей қатысы жоқ, бірақ жоғары дайындық жағдайында. Ресей қай жерден тоқтайды? Шығыс Еуропада соғыс қорқынышы 1990 жылдан бері ең жоғары деңгейге жетті. Қазіргі соғыстың бұрынғыдан еш айырмашылығы жоқ: ол үнемді емес, желіде емес, өркениетті емес, бейбіт тұрғындарды қорғамайды. Заманауи соғыс мүмкіндігінше классикалық, тек жойқын. Саясаткерлер, әскерилер, сарапшылар және жалпы жұртшылық жиырма жыл бойы иллюзияға толы жайлы өмір сүрді. Жалған жаңалықтар мен ресейлік үгіт-насихат жылдар бойы, әсіресе 2014 жылдан кейін талқыланғанын ұмытпайық, бірақ көпшілігі осы жағдайды түсіндіру үшін «киберсоғыс» терминін қолданды, осы термин нағыз соғысты ауыстырғандай кейіп танытты. Біз қазір жалған жаңалықтар көмегімен насихат әрқашан айналысатын нәрсені жасап жатқанын көріп отырмыз: ол нағыз соғысқа негіз дайындады және қазір оны басқаруға көмектесуде.

> Молдованы ұмытпайық

Егер Украинадағы соғысты румындық тұрғыдан қарастыратын болсақ, Молдованы атап өту керек.

Румынияның Молдова Республикасына қатысты сезімталдығы және сәйкес бірегейлік байланыстары белгілі. 1990 жылы таңдау ұсынылған кезде Молдова қайтадан «дуалдың» арғы жағында қалды, ал Румынияда бір ғана үйлесімді саяси жоба болды: Еуроатлантикалық интеграция. Және жоба сәтті жүзеге асқан сияқты. Қазіргі қорқыныштың бірі – Днестр жағалауы мен Молдова Республикасындағы қақтығыстың (осы уақытқа дейін естімеген) ұзаруы мүмкін екендігінде. Молдова бейтараптықтың пайдасы бар деген сеніммен офсайдқа түскен мемлекеттің ең жақсы үлгісі болса керек. Бұл прагматизм әрекетіне талпыныс: Молдова 30 жыл бойы ЕО/Румыниямен,

сондай-ақ Ресеймен функционалды қарым-қатынасты сақтауға тырысты.

Бір сөзбен айтқанда, зерттеушілердің бірінші міндеті болашақты болжау талаптарын олар сәйкес жауап таба алатын ықтимал сценарийлерге назар аударумен ауыстыру деп есептеймін. Бұл шындықтың теорияға сәйкес келмеуі тарихта бірінші рет емес. Өйткені, әлеуметтік ғылымдардың басты кемшілігі – олардың көппарадигмалық сипаттағы қасиеті ерекше бола алар еді – егер әлемді түсіну гипотезаларымызды тексеруден маңыздырақ екенін ұғынып, оны пайдалана алатын болсақ. ■

Хаттарды Дарие Кристеаға <darie.cristea@sas.unibuc.ro> жолдауға болады.

> ЛГБТ+

салыстырмалы сектораралық мәліметтері бізге не үшін қажет?

Саит Байрақдар, Лондон Королдік коллежі, Ұлыбритания және **Андрю Киң**, Суррей университеті, Ұлыбритания



Теңсіздік деңгейін ұғыну LGBT+ тобының өмірін жақсартудың дәйектелген саясатын жасау үшін керек.
Ұсынған: Саит Байрақдар.

Соңғы онжылдықта еуропалық елдердің көбінде қол жеткізілген едәуір жетістіктерге қарамастан, зерттеулер билесбий, гей, бисексуал, трансгендерлер мен сексуалдық және гендерлік әртүрліліктің басқа да өкілдері (ЛГБТ+) бетпе-бет келіп отырған теңсіздіктің сақталғандығын көрсетуде. Көп адам түрлі әлеуметтік ортада, жұмыс орындарында, қоғамдық кеңістікте немесе мемлекеттік қызметті алу кезінде осындай кемсітуге ұшырайды.

> Қазіргі теңсіздік мәліметтерінің шектеулігі

ЛГБТ+ өкілдері өмірін жақсарту жөнінде негізделген саясатты әзірлеу үшін осы теңсіздіктің тереңдігін ұғыну өте маңызды. Алайда, осы уақытқа дейін саясаткерлерге

осындай білімді алуға мүмкіндік беретін мәлімет көздері қолжетімді болмады. Осы ғасырдың екінші онжылдығына дейін жаппай сауалнамаларда сексуалдық бағыт немесе гендерлік сәйкестену туралы ақпарат тұрақты жинақталмады; тіпті, негізгі жаппай сауалнамалар әлі күнге дейін гендерлік сәйкестену туралы сұрақтарды қамтымайды.

Мәліметтердің шектеулігі ЛГБТ+ теңсіздігі көрінісінің таралуын елдер арасында салыстыру мүмкіндігін шектеді: сауалнама мәліметтерін жинақтау негізінен ұлттық шекара шеңберінде қалды. Зерттеушілер мәліметтерді жинауды тек өз елдерінің шекарасымен ғана шектеп, кейіннен тәжірибе мен теңсіздікті ұлттық заң шығарушы, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени контексте

қарастырады. Жеке елдерде жинақталған мәліметтер, сөз жоқ, маңызды және пайдалы. Дегенмен, осындай практикалық және жергілікті көзқарастармен шектелген әдіснамалық шешімдер ЛГБТ+ теңсіздігін ұғынуымызды кең сценарийлерге экстраполяциялауға көмектеспейді. Бір елдің мәліметтерін пайдаланатын кейбір зерттеулер, әдетте, зерттеушілерге ел деңгейіндегі контекстік ақпараттың ЛГБТ+ теңсіздігіне қалай ықпал ететінін зерттеуге мүмкіндік бермейді. Кейбір саяси араласудың нәтижелерін лонгитюдтық мәліметтер көмегімен анықтауға болса, ұзақ мерзімді әлеуметтік процестерге кіріктірілген контекстік факторларды тіпті салыстырмалы түрде ұзақ панелді зерттеулерде де айқындау қиын.

> Не үшін мәліметтер салыстырмалы және сектораралық болуы қажет?

Әртүрлі елдердегі теңсіздікті зерттеуде қолданылатын салыстырмалы әдісті қабылдау контекстік факторлардың ЛГБТ+ теңсіздігі мен дискриминациялық ғадетті қалай қалыптастыратынын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл – әлеуметтанулық та, саяси да перспективада маңызды. Әлеуметтанулық тұрғыдан маңызды, себебі фокусты индивидуалдық факторлардан контекстікке ығыстырады және теңдік жолындағы құрылымдық кедергілерді айқындайды. Саясатты әзірлеу тұрғысынан оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу талпынысында бір елдің екінші елмен салыстырғандағы жетістіктерін көрсетіп, қай жерде үкімет пен басқа ұйымдар нәтижелі саясатты жүргізуге қауқарсыз екендігіне және қандай салаларға ден қою қажеттігіне назар аудартады.

Алайда, тағы бір түйткіл бар. Сауалнамалар жыныстық және гендерлік сәйкестену сияқты әлеуметтік сәйкестену туралы мәліметтерді жинамағанда, зерттеушілерге тек ұлттар ғана емес, сондай-ақ топтық айырмашылықтар арасында салыстыру жүргізуге немесе «сектораралық факторлар» деп аталатынды да: тап, этникалық тиістілік, діндарлығы, қабілеттері және т.б. сияқты бірқатар сипаттамалары бойынша ЛГБТ+ ішіндегі және өзарасындағы ерекшеліктерді – есепке алуға мүмкіндік бермейді. Сектораралық айырмашылықтарды түсіну ЛГБТ+ қауымдастығындағы адамдарға қызмет ететін инклюзиялық саясатты құру үшін маңызды.

> Әлеуетті салыстырмалы және сектораралық зерттеу

Осы түйткілдерді шешу үшін салыстырмалы сектораралық әдісті [CILIA-LGBTQI+](#) (Еуропаның төрт еліндегі ЛГБТК+ азаматтары өміріндегі интерсекциялық теңсіздікті салыстыру) жобасында қолдандық. Англия, Германия, Португалия және Шотландияны қамтыған жобаның алғашқы кезеңінде салыстырмалы сектораралық білімдегі кемшіліктерді анықтау үшін әдебиетке шолу жасап, мәліметтерді өзара салыстырдық. Бізге кросс-ұлттық немесе сектораралық салыстыруларды жүргізуге мүмкіндік беретін мәліметтер жиынтығы қажет екендігін анықтадық, бірақ қолда бар ақпарат шектеулі еді. Дегенмен,

ЕО Негізгі құқықтар агенттігі жүргізген лесбийлер, гейлер, бисексуалдар мен трансгендерлер мәселелері бойынша Еуропалық одақ зерттеуі ([EU LGBT Survey](#)) өте пайдалы болды. Зерттеуде 28 еуропалық елден шыққан ЛГБТ өкілдері ұсынған өмірлеріндегі оқиғалар, кемсіту тәжірибесі мен демографиялық сипаттамалары туралы ақпарат қамтылған. Оның салыстырмалы дизайны және ЛГБТ-мен байланысты тәжірибе мен инциденттерге қатысты егжей-тегжейлі сұрақтар ұлттық контекстке назар аударатын салыстырмалы әдісті пайдалана отырып, әртүрлі қауымдастықтардың сектораралығын саралаудың бірегей мүмкіндігін ұсынды.

> Кейбір салыстырмалы және сектораралық нәтижелер

Осы мәліметтерді [талдау](#) Германия, Португалия және Ұлыбританиядағы кемсіту, харассмент және зорлық-зомбылық жағдайларының ықтималдығын саралауға жол ашты. Зерттеу үш елдің лесбийлері, гейлері, бисексуалдары мен трансгендерлері арасындағы кейбір алшақ айырмашылықты көрсетті. Мысалы, трансгендерлер үш елде де кемсіту, харассмент және зорлық-зомбылыққа жиі ұшырағанымен, лесбий-әйелдер гей-ерлерге қарағанда кемсіту мен харассментке, ал гей-ерлер зорлық-зомбылыққа көбірек ұшырайды. Жалпы, ЛГБТ+ тәжірибесі кең, сондықтан саясатты әзірлеу барысында есепке алынуы тиіс.

Үш ел арасында қызықты айырмашылықтар да бар. Ұлыбританияда дискриминация, харассмент және зорлық-зомбылық туралы жиі арызданатындар – трансгендерлер және дәл осы елде оларға қатысты зорлық-зомбылық кең таралған. Германия мен Португалияға қарағанда, Ұлыбританияда гейлер – анағұрлым жиі зорлық-зомбылық құрбаны. ЛГБТ өкілдерінің тәжірибесін қалыптастыру үшін басқа да әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар маңызды. Мысалы, этникалық азшылыққа өкілі немесе мүгедек болу үш елде де зорлық-зомбылыққа ұшырау ықтималдылығын арттырады, алайда (үй қожалығы табысымен өлшенетін) экономикалық ресурстардың көбеюі Германия мен Ұлыбританияда зорлық-зомбылық ықтималдылығын төмендеткенмен, Португалиядағы жағдай басқа.

> Саясатты қалай алға жылжытамыз?

Осындай мән берілмейтін айырмашылықтарға назар аудару қажет, себебі олар елдегі және елдер арасындағы контекстік факторлар ЛГБТ өкілдері тәжірибесіне ықпал ететіндігін алға тартады. Сондықтан, ЛГБТ теңсіздігін салыстырмалы және сектораралық тұрғыдан зерттеу үшін ауқымды мәліметтер қажет. Осылайша, зерттеуіміз кемсіту, харассмент және зорлық-зомбылық ЛГБТ өкілдеріне ықпал етуін көрсететін өте сезімтал бағыттарды түсіну жай реактивті емес, проактивті саясатты құрудың алғашқы қадамы дегіміз келеді. Бұл құрылымдық және контекстік факторлар арасындағы өзара әрекеттесу ЛГБТ өмірін қалай қалыптастыратынын түсіну үшін заңнамадан тыс теңдікке деген көзқарасты қамтамасыз етеді. ■

Хаттарды Сайт Байрақдарға sait.bayrakdar@kcl.ac.uk және Андрей Кинге Andrew.king@surrey.ac.uk жолдауға болады.

> Кім біледі?

Таным, дәйексөз және эпистемологиялық әділетсіздік

Яна Бачевич, Дарем университеті, Ұлыбритания



Ұсынған: Pixabay 2016.

Көптеген жағдайда академиялық мамандық эртарапты бола бастайды. 1990 жылдан бастап әлем бойынша әйелдер бакалавриат және магистратура студенттерінің көпшілігін құрайды. ЕО-да әйелдер бакалавриат студенттерінің 54%, магистранттардың 58% және докторанттардың 48% құрайды, дегенмен олар әлі де профессорлардың тек 24%. Академиялық салада этникалық азшылықты құрайтын ғалымдар үлесі аз: мысалы, Ұлыбританияда қара нәсілді және этникалық азшылықты құрайтын ғалымдар профессорлық лауазымда 7,3%.

> Білім, ілім және әлеуметтік әділеттілік арасындағы байланыс

Соңғы жылдары оқу бағдарламаларын отарсыздандыру науқаны мен білім, ілім және әлеуметтік әділеттілік арасындағы байланыс туралы хабардарлықтың артуы арқасында бұл теңсіздік ішінара байқала бастады.

Алайда, әлеуметтік және эпистемологиялық теңсіздіктер арасындағы байланыс терең, сонымен қатар біз өз сыныбымызда кім оқитынын немесе сабақ беретінін ғана емес, сол сияқты оқу пәндерін қоса алғанда, білім көзін де қарастыруымыз керек: ұсынылған кімнің дауысы? Кімнің ілімі өзекті және не үшін?

Эпистемологиялық әділетсіздік тұжырымдамасы әлеуметтік теңсіздіктің – мысалы, гендерлік және этникалық/нәсілдік – кімнің жарамды/сенімді білім иесі ретінде танылуы мүмкін екенін қалай анықтайтынын көрсетеді. Миранда Фрикер дайындаған тұжырымдамаға философтар, феминистік гносеологтар және «сенімнің артықшылығы» немесе «тапшылығының» әртүрлі формасын зерттейтін басқа ғалымдар ықпал етті: жеке тұлғаға негізделген алалаушылық формаларының білім туралы талаптарды қабылдау мен түсіндіруге қалай әсер ететіндігіндегі айырмашылықтар. Мысалы, сотта кім «сенімді куәгер» екені, табы, жынысы, жасы, мәртебесі

>>

және этникалық/нәсіліне байланысты – көбінесе маргиналды немесе тарихи жағдайы төмен топтарға зиян келтіреді.

Дегенмен, мұндай теңсіздік білімге қосқан жеке үлесінің деңгейінде ғана орын алмайды. Олар білім өндірісінің, өлшенуінің, бағалануының және алмасуының ажырамас бөлігі; басқаша айтқанда, білім өндірісінің жаһандық саяси экономикасы. Бұл тұрғыда сенімді білім иесі ретінде кімді санауға болады деумен қатар олар не туралы білетіні де сұрақ болып отыр. Әлеуметтік теоретик және білім әлеуметтанушысы ретінде мен оны гносеологиялық субъектілер (білетіндер) мен гносеологиялық объектілер (не туралы білетіндер) арасындағы қатынас деп атаймын.

> Академиялық ортадағы әлеуметтік теңсіздіктің ұдайы өндірісі

«Эпистемологиялық позициялау және эпистемологиялық әділетсіздік: салааралық саяси экономикаға бет бұру» еңбегімде мен білетіндер туралы пайымдау білім объектісіне және кері қалай әсер ететінін көрсету үшін эпистемологиялық позициялау тұжырымдамасын жасадым. Белгілі мысал – әйелдердің білім туралы мәлімдемелері «эмоциялық» немесе «тәжірибеге негізделген» деп қарастырылса, ал еркектер немесе ғалымдардың көпшілігінің мәлімдемелері «теориялық» немесе «жалпы» деп жіктеледі. Бірақ, дискредитациялаудың басқа да жүйелі және арам пиғылды түрлері бар, мысалы, сыни нәсілдік теорияны немесе «наразылық туралы зерттеулердегі» бірегейлікке негізделген білімді көшіріп алу. Мен мұны шектеу деп атаймын, өйткені ол білімді олардың субъектілерінің жеке тәжірибесіне (немесе «шағымдарына») байланысты шектейді, ал ғылыми білімге тең үлес қоспайды.

Позициялаудың екінші түрі, үстемдік, біріншісімен тығыз байланысты: бұл белгілі бір білгірлердің білімге қосқан үлесі оның жеке басына негізделген салалармен немесе пәндермен байланысты. Мысалы, академиялық ортадағы әйелдер көбінесе «гендерлік» немесе «феминистік» тақырыпқа өз көзқарасын білдіреді, ал қара нәсілді ғалымдар мен азшылық өкілдері «нәсілдік мәселе бойынша» әңгімеге тартылады. Жағдайды қиындататын нәрсе – позициялаудың мұндай формаларын ғалымдар көбінесе академиялық патронат және тану желілерінде навигация/бағдар үшін стратегиялық түрде пайдаланады. Дегенмен, олар сондай-ақ кез-келген ілім авторлары үшін жасанды шекара қояды: азшылықты құрайтын ғалымдарды, әдетте олардың жеке басы немесе мұрасы элементі бойынша сарапшылар ретінде таныса, ал ақ және «белгіленбеген» ғалымдар кез-келген мәселе бойынша сарапшы бола алады. Бұл олардың академиялық капиталын айтарлықтай айырбастауға мүмкіндік береді: егер сіз тек бір саланың маманы болмай, бірнеше тақырып бойынша сөйлей алсаңыз, еңбек нарығындағы мүмкіндігіңіз де жоғары болмақ.

Шектеумен қатар, яғни білім өндірушілерінің жеке басына қойылатын талаптарға дейін білімді азайту тенденциясымен бірге, бұл Академиядағы әлеуметтік теңсіздіктің ұдайы өндірісіне ықпал етеді.

> Мэттью эффектсі

Осы жәйтке қарамастан, академиялық кәсіптегі жетістік тек тиісті контексте сараптамалық білімді танудың нәтижесі ғана емес; бұл жалпы танымал болу немесе мойындалу. Әйелдер мен азшылықты құрайтындардан шыққан ғалымдар көбінесе позициялаудың үшінші түріне тап болады: авторлықты көрсетпестен – олардың жұмыстары қолданылса да, тиісті дәйексөздер мен еңбекті мойындау жоқ. Кейде ол толық көлемді «иемденуге» айналады – бұл адам көбінесе ақ нәсілді, жасы үлкен, артықшылыққа ие ер адам. Әрине, бізде әлеуметтануда оның атауы бар: ол – Мэттью эффектсі.

Әдетте Роберт Мертонға тиесілі «ғылымдағы Мэттью эффектсі» (Матай Инжілінің атымен аталған: «өйткені кімде-кімге көп берілсе, ол молшылыққа ие болады; ал кімде жоқ болса, ол тіпті бар нәрсесінен құр қалады») ғылыми жаңалықтардағы сіңірген еңбегі үшін топтағы ең үлкен және танымал ғалымның қызметін/жетістігін мойындауға деген талпынысты сипаттайды. 1993 жылы Маргарет Росситер әйелдерден гөрі ер адамдар қызметінің мойындалу тенденциясын тұжырымдау үшін «Матилда эффектсі» деген ұқсас терминді енгізді. Бірақ әлеуметтанушылардың азы ғана, Матилда мен Мэттью эффектсінің ең танымалы Мэттью эффектсі екенін біледі.

Алғаш рет Science журналында Мертонның атынан жарияланған «Ғылымдағы Мэттью эффектсі» Мэттью эффектсінің тұжырымдамасын Мертон мен Харриет Цукерман бірлесіп әзірледі, олардың Нобель сыйлығы лауреаттары туралы жұмысы зерттеуге негізгі эмпириялық материал болды. Мертон мұны «Мэттью эффектсінің» екінші және үшінші басылымдарында нақты мойындады, ескертпеде ол «Цукерманның сұқбаттары мен басқа да зерттеу материалдарын қолданғандықтан, мақала қос авторлықпен пайда болуы керек еді», ал «мақаланы жазу ғана оның жалғыз авторы болуға толықтай негіз бола алмайтынын кеш те болса, дистрибутивті және коммутативті әділеттілік принципі мойындауды қажет етеді» деді. Дегенмен, бұл тұжырымдаманың есте қалуын өзгерткен жоқ: әлеуметтанушылардың көпшілігі әлі күнге дейін бұл терминді Мертон ойлап тапты деп санайды.

> Эпистемологиялық әділеттілікке қойылатын талаптар

Осы авторлық туралы кешіктірілген мәлімдемелер эпистемологиялық әділетсіздіктің ұзақ мерзімді әсерін қайтара алмайтынын көрсетеді. Зерттеуді талап ететін әйелдер мен академиялық азшылықтар көбінесе

тітіркендіргіш, агрессиялық және ұсақ болып саналады. Егер олардың зерттеулері тек белгілі бір объектіге қатысты болса (айталық, университеттер болса, билік емес) немесе ол бірінші кезекте тәжірибеге негізделген болса (айталық, теориялау емес), атап айтқанда, егер олар бұл туралы ұсақ-түйек болған жағдайда, шектеу мен үстемдік біреуді әдебиеттер тізімінен алып тастауды ақтауға жеңілдетеді.

Кәсібіміз бен оқуға тиісті пәндеріміз әртараптанған сайын, ғалымдар еңбектерін тек алып тастауға ғана емес, сонымен қатар оларды аса маңызды емес, жарамды немесе қолдануға болады деп топтастыру тенденцияларына назар аударуғанымыз жөн. Эпистемологиялық әділеттілік әрқайсымыздан зерттеу жүргізуімізді, әрі оның мойындалуын талап етуді қажетсінеді. ■

Хаттарды Яна Бачевичке <jana.bacevic@gmail.com> жолдауға болады.

> Орталық және Шығыс Еуропадағы қымбат дене мен күтім мүмкіндігі

Петра Езеддин, Чарльз университеті Прага, Чех Республикасы және Кристин Крауз, Амстердам университеті, Нидерланд



Қамқорлықтың трансұлттық алаңдары күтуші денені де, күтім қажет денені де талап етеді. Ұсынған: Лайн Мұрат.

Күтім режимдерінің жалпы маркетингіне, эмиграцияға, гендерлік қатынастардың өзгеруіне және халықтың қартаюына байланысты Вишеград тобы елдерінде (Чехия, Словакия, Польша және Венгрия) күтім алаңы тез өзгеруде. Осы өзгерістер әртүрлі бизнес субъектілерінен (соның ішінде кейбір курорттар мен туризм секторларынан) тұратын денсаулық сақтау секторына жаңа қиындық пен әртараптандыру қажеттілігін алып келді, сонымен қатар отбасының да, мемлекеттің де рөліне ықпал етті. Оның үстіне, Еуропадағы бай елдердің денсаулық сақтау нарығына әйелдердің эмиграциясынан туындаған олқылықтарға байланысты медициналық көмек көрсету қиынға соға бастады. Бұл тым шағын топ екеніне қарамастан, егде адамдардың қарсы бағытта, яғни көрші елдерге қарағанда қымбатырақ болғандықтан, күтім шығындары шамамен үштен екіге төмен елдерге көшуімен де байланысты.

«Орталық Еуропадағы трансұлттық күтім алаңы: жекешелендіру, маркетинг және бір-бірімен қиыласатын мүмкіндіктер» және «[Relocating Care within Europe](#)» атты қазіргі ғылыми жобамызда осы екі өзара байланысты күтім мүмкіндігін зерттейміз: Германиядағы Орталық және Шығыс Еуропа елдерінен келген мигрант жұмысшылар, сонымен қатар шағын болса да,

символдық феноменге айналған неміс қарттарының Вишеград тобы елдеріндегі күтім мекемелеріне қоныс аударуы. Екі тенденцияны да пайда табуға қатысушылар деп түсінуге болады: «жұмыс істейтін» денелерден (мигранттардың еңбегі) жұмыс күшін және әлсіз егде жастағы денелерден «құқықты» алу.

> Әлеуметтік ұдайы өндіріс, әлеуметтік азаматтық және дене

Әлеуметтік ұдайы өндіріс пен әлеуметтік азаматтықтағы басты рөліне қарамастан, дене көбінесе еленбейді. Дегенмен, бұл ықтимал шиеленіспен толыққан динамиканың ең шағын көлемде бірігетін негізгі қиылысы: денеге күтім, жуыну, киім және демалу қажет. Жұмысшы орган жұмыс істеуі үшін басқа органдар оларға қызмет көрсетуі керек.

Әлеуметтік ұдайы өндіріс – маркстіл феминистер қоғамның күнделікті өмірін қалпына келтіру, қолдау және тұрақты дамыту үшін қажет барлық көрінбейтін жұмыстарды, соның ішінде әлеуметтік қатынастарды және адамдар өмір сүретін ортаны сақтауды қамту үшін ұсынған термин. Тиісінше, әлеуметтік азаматтық дегеніміз-адамдардың дені сау және сапалы білімді азамат болуына және сондай қалыпта сақталуына мүмкіндік беретін әлеуметтік қорғау және білім алу құқығы.

Осылайша, әлеуметтік ұдайы өндіріс пен әлеуметтік азаматтық бір-бірімен тығыз байланысты. Олардың екеуі де «өмір сүруге» және қоғамның қызмет етуіне, соның ішінде күтім жұмысына мүмкіндік беру үшін қажет кең жүйелер мен инфрақұрылымдарды көбейтуге қатысады. Осы екі фактордың арақатынасы өзгергенде әлеуметтік ұдайы өндірісте түйткіл туындайды; мысалы, қарт кісі күтім үшін көшкенде пайда болады, оны әлеуметтік азаматтықтың қозғалысы деп санауға болады. Еуропадағы күтім мүмкіндіктері алаңын түсінуге тырысқанда, аналитикалық құрал ретінде біз екі терминді де қолданамыз – әлеуметтік ұдайы өндіріс және әлеуметтік азаматтық.



> Орталық және Шығыс Еуропадағы күтім мүмкіндігі алаңы

Орталық және Шығыс Еуропадағы (ОШЕ) медициналық көмектің аутсорсингі мен жеке күтім инфрақұрылымының пайда болуы бұрынғы және қазіргі кездегі еңбек мүмкіндіктерімен әртүрлі байланысады. Мысалы, осыған дейін Германияда күтім қызметінде болған поляк мигранты – қазір Польшадағы жеке қарттар үйінің негізін қалаушының бірі, ал олар жұмыс тәжірибесі мен тілдік дағдыларына байланысты қызметкерлер ретінде де сұранысқа ие. Рекруттық агенттіктер отбасыларға делдал қызметін көрсетеді және ұсынады, оларды аймақтағы қарттар үйлерімен байланыстырады. Сонымен қатар, Вишеград тобы елдеріндегі жеке қарттар үйіндегі кісілер – көбінесе басқа елге жұмысқа қоныс аударған балалардың ата-анасы, осылайша олар үйде ата-анасына күтім жасау үшін жеткілікті қаражат табады. Басқа жағдайларда, егде жастағы адамдар – Аустрияда немесе Германияда жұмыс істегеннен кейін осы елдерде сақтандыру құқығына ие болып, қайтып келген мигранттар, олар жеке күтімге де қол жеткізе алады. Бұл жағдайлар еуропалық жалпыға бірдей игілікті мемлекеттеріндегі әлеуметтік азаматтық мәселесін қиындатады.

Вишеград тобы елдерінде жеке медициналық мекемелердің пайда болуы эмиграциядан туындаған медициналық көмектің сыртқа ағылуымен тікелей байланысты сияқты, бұл зерттеуіміздің мысалында көрсетілген. Чех Республикасы аумағында Германиядан небәрі 2 шақырым жерде орналасқан қарттар үйінде Германия мен Чехияның қарт азаматтары бірдей күтімге алынады. Алайда, оларға күтім жасауды чех қызметкерлері көрсетпейді, өйткені олар чех

нарығынан Германияда жоғары ақы төленетін күтім көрсету саласына кетті; мұндай жұмыс орындарын өз кезегінде Украина мен Молдовадан келген мигрант-күтім қызметкерлері толтырады.

Өзара қиылысатын мүмкіндіктің тағы бір жағдайын инсульт алып, әрі қарай өздігінен өмір сүре алмайтын Робертонның ахуалында байқауға болады. Оны Германиядағы қарттар үйіне орналастыра алмаған балалары Германиядан келген қарттарға қызметтерін жарнамалаған Польшадағы қарттар үйіне көшірді. Алайда Роберт Германияның тумасы емес: ол Италиядан жас «гастарбайтер» ретінде көшіп, сол жерде қалып, отбасын құрып, сол жерде қартайған. Оның балалары, көптеген басқа неміс отбасылары сияқты, зейнетақымен және отбасылық қорлармен «толықтырылуы» керек міндетті медициналық сақтандыруға негізделген күтім жүйесінде не істеу керек деген мәселеге тап болды. Поляк қарттар үйінде Роберто өзі білетін қарабайыр неміс тілін қолдануға тырысты, ал егде жастағы поляк әйелі Паула кейде оған аудармашы болды. Паула Польшаның оңтүстік-батысындағы бұрынғы неміс ауданында өсіп, екі тілде де сөйлей алатын. Польшадағы жеке қарттар үйінде бас қосқан бұл екі қарт қазіргі Еуропадағы әлеуметтік ұдайы өндіріс пен азаматтықтың күрделілігіне мысал болып отыр. Бұл заманауи көші-қонмен қатар, екінші әлемдік соғыстан кейінгі шекаралардың жылжуы мен тарихи қозғалыстар әлі де рөл атқара беретінін көрсетеді.

> Қорытынды

Орталық Еуропадағы трансұлттық күтім жүйелері қамқоршы ұйымдардан да, қамқоршылардан да пайда табады. Біз аймақта өзара байланысты екі құбылыста

көрінетін трансұлттық әлеуметтік ұдайы өндірісті байқай аламыз: (1) әйел қызметкерлердің эмиграциясына байланысты күтімді трансұлттандыру, бұл олардың өз елдерінде «күтімнің дағдарысын» туғызады; (2) ауқымы мен деңгейі жағынан әлдеқайда аз, қарт адамдар күтімі аутсорсингінің кері ықпалы – адамдар өз елдердегі күтім үшін шығындардың шамамен үштен бірін құрайтын жерлерге көшеді. Екі құбылыс та еуропалық

әлеуметтік азаматтық пен қамқорлық режимдері тұрғысынан құқық пен әлеуметтік ұдайы өндірісті қалай тұжырымдайтынымызды сынайды. Біз бұл күтім мүмкіндіктері Еуропадағы әлеуметтік ұдайы өндіріс пен әлеуметтік азаматтық дағдарысына және оның әртектегі әл-ауқат географиясына дененің қатысы болғанымен, оның еленбейтінін көрсетеді деп мәлімдейміз. ■

Хаттарды Петра Эззеддин <Petra.Ezzeddine@fhs.cuni.cz>
мен Кристин Краузе <k.krause@uva.nl> жолдауға болады.

> Үй қызметіне делдалдық:

Шри-Ланка және Сауд Арабиясы нарығы¹

Уасана Хандапангода, Иоханнес Кеплер атындағы Линц университеті, Аустрия

Саудиялық жұмыс беруші.
Ұсынған: Уасана Хандапангода.



1 980 жылдардың басынан бастап Шри-Ланка әйелдері мұнайға бай Парсы шығанағы елдеріне үй қызметшісі ретінде көп қоныс аударды. Жұмыс күшінің мұндай ағымы 1977 жылы Шри-Ланка экономикасын либерализациялау реформаларының және 1973 жылы араб мұнай бумының нәтижесі еді, яғни жаһандану жағдайында ақылы үй қызметшілеріне бай нарық ашылды. Бүгінгі күні мигранттардың үй қызметі Шри-Ланканың валюталық түсімдерге қосқан үлесі бойынша негізгі экспорттық тауарларының біріне айналды. Күтім қызметін импорттайтын Парсы шығанағы елдері арасында Сауд Арабиясы әлі де маңызды орын алады, өйткені Шри-Ланка мен Сауд Арабиясы әлемдік медициналық қызметтер нарығында өзара тиімді, ұзақ мерзімді сатып алушылар мен сатушылар алмасуды

орнатты. Осылайша, Шри-Ланканы жұмысшылардың ақша аударымдары, яғни тапсырыстар үшін үй қызметкері күшін сататын трансұлттық жұмыс күшін жалдау делдалы ретінде анықтауға болады.

Күтім процесі бойынша делдалдықта жеке көші-қон брокерлері (ЖКБ) басты рөл атқарады: Шри-Ланкадағы әйелдердің көпшілігі Парсы шығанағы елдерінде ақылы үй қызметін іздеуде олардан көмек сұрайды. Бұл мақалада жаһандық күтімнің саяси экономикасының құрамдас бөлігі ретінде Шри-Ланка мен Сауд Арабиясының күтім нарығындағы ЖКБ-ң үйде күтім жасау делдалдығына қысқаша шолу берілген. Мақала Шри-Ланка мен Сауд Арабиясында, сәйкесінше 2019 және 2020 жылдары жүргізілген далалық зерттеудің нәтижелеріне сүйенеді.

>>

> Мигрант үй қызметшілеріне делдалдық жасау процесі

Шри-Ланка-Сауд Арабиясы көші-қон дәлізінде үй қызметшілерін жұмылдыру процесі Шри-Ланкада да, Сауд Арабиясында да орналасқан ЖКБ-і қамтиды, олар Шри-Ланканың мигрант үй қызметкерлері (ШЛМҰҚ) мен Сауд Арабиясының жұмыс берушілері арасындағы маңызды трансұлттық байланысты қамтамасыз етеді.

Шри-Ланка (жергілікті агенттер – ЖА) мен Сауд Арабиясындағы (шетелдік агенттер – ША) тиісті үкіметтер аутсорсингке берген жеке жалдау агенттері ретінде бұл ЖКБ мигрант үй қызметшілерінің (МҰҚ) көші-қонын көптеген жолдармен ұйымдастырып, жеңілдетеді. Көші-қон процесі Сауд Арабиясы жұмыс берушісінің ША-да орналастырылған ШЛМҰҚ-не «жұмысқа тапсырыс беруінен» басталады. Кейіннен ЖА Сауд Арабиясындағы Шри-Ланка өкілдігінің тапсырысты міндетті түрде мақұлдауын алады және бекітілген тапсырысты сол жерден ЖА-ке жібереді. ЖА, Шри-Ланкадағы шетелдіктерді жұмыспен қамту бюросына (ШЛШЖҚБ) тапсырысты тіркегеннен кейін, потенциалды МҰҚ-ке жүгінеді, оларды тексереді және жалақы, жас, тәжірибе, тілді білу (араб) және дін (мұсылман/мұсылман емес) сияқты критерийлерге сәйкес келетіндерді таңдайды. Потенциалды МҰҚ іздеу кезінде Шри-Ланка ауыл деңгейіндегі монетизацияланған субагенттік қызмет қалалық ЖА мен ауылдардың бастаушы МҰҚ арасындағы делдал ретінде пайдалы, оларды географиялық және әлеуметтік кеңістікте байланыстырады.

Содан кейін таңдалған үміткерлердің өтінімдері ША-ға жіберіледі, оның ішінен жұмыс беруші өзінің критерийлеріне сәйкес келетін МҰҚ таңдайды. Жұмыс беруші расталғаннан кейін, ЖА көші-қон процесін жалғастырады, бұл МҰҚ-е ШЛШЖҚБ мақұлдауын, сондай-ақ қажетті құжаттаманы, соның ішінде төлқұжат, виза, медициналық және ШЛШЖҚБ оқыту сертификаттарын, сондай-ақ екі жылдық еңбек келісімшартын алуға көмектеседі. ЖА сонымен қатар МҰҚ авиабилеттерінің құнын және жеке комиссияны төлейді, барлық жалдау шығындары агенттік сыйақы есебінен өтеледі. Ақырында, МҰҚ Сауд Арабиясына келгеннен кейін, ША оны әуежайда қарсы алады және оны жұмыс берушіге тапсырады. Келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде ЖА те, ША те МҰҚ-е қажетті кейінгі қызметтерді ұсынады деп күтілуде, мысалы, жұмыс беруші оған қатыгездік көрсеткен жағдайда араласу.

Бір қызығы, ақы төленетін үй еңбегінің жекешелендірілген бұл түрі арзанға түспейді. Бұған ШЛШЖҚБ үшін жергілікті агенттіктің шамамен 3500 АҚШ доллары көлеміндегі төлемі кіреді. Жергілікті агенттік төлемді ША төлейді, ол оны жұмыс беруші төлеген агенттік алымынан қайтарады, бұл ШЛШЖҚБ үшін 5500-6500 АҚШ долларына тең. Осылайша, агенттік төлемі МҰҚ жасы, тәжірибесі, діні, тілді білуі және күтім

нарығындағы оның «құнына» баға беретін ұсыныстар сияқты факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.

> Жеке көші-қон делдалдары: көмектесе ме әлде қауіпті ме?

ШЛШЖҚБ көші-қон тәжірибесі мен нәтижелері көбінесе шетелдік сапарларына стратегиялық ресурс беретін ықпал етуші жергілікті және шетелдік ЖКБ-ге байланысты. Десек те, ШЛШЖҚБ басым көпшілігі бұрыннан бар, кедейленген жергілікті тұрғындардан шыққанын ескерсек, ЖКБ мигрант үй қызметкерлерін прекаризациялауда, тіпті гипер-прекаризациялауда белгілі бір рөл атқарады. Брокерлер көбінесе көші-қон процесінде МҰҚ-ң өміріне қауіп төндіретін құрылымдық жағдайларды жасауға жауапты, ең алдымен агенттік төлемдер, жалған ақпарат және кейінгі қызметтердің болмауы. Олардың ішінде көбінесе шамадан тыс және негізсіз деп саналатын агенттік сыйақы жалдамалы/кіріптарлық еңбек жағдайын құрумен байланысты. Агенттік төлемі жоғары және оны жұмыс беруші төлейтінін ескере отырып, МҰҚ үшін бұл олардың жұмыс берушілерімен келісімшарт бойынша қарым-қатынасын және соның салдарынан саудилықтардың үйлерінде қолайсыз еңбек жағдайларын тудырады.

ЖКБ – Шри Ланка мен Сауд Арабиясы арасындағы трансұлттық күтім нарығындағы «қажет залым». МҰҚ үшін олар – көші-қон траекторияларын жүзеге асырудың және әлеуметтік-экономикалық мүмкіндігіне ұмтылудың кілті. Сол сияқты, күтім тізбегінің екі жағында орналасқан мемлекеттер үшін олар әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылық агенттері ретінде қызмет етеді. Жалпы, ЖКБ Шри-Ланка – Сауд Арабиясы көші-қон дәлізінде кең таралған құбылысты сипаттайтын сияқты.

> Қорытынды

Шри Ланка – Саудиядағы күтім жасаудың делдалдық қызметінің әлеуметтік ұдайы өндірісінің капиталистік нарыққа енуінің тамаша мысалын және соған байланысты ауытқушылықтарды көрсетеді. Неолибералды жаһандану платформасында ЖКБ үй қызметін қалаулы тауар ретінде көбірек ұсынады, осылайша экономикалық әлеует пен гипер-тұрақсыздық туралы қарама-қайшы дискурстар тудырады. Бұл тұрғыда мигранттардың делдалдан өткен үй қызметі ұдайы өндіріске инструменталды құралдардың араласуына күмән келтіреді; сөйтсе де бұл күтім экономикасындағы ұдайы өндіріс пен өнім арасындағы одақ мүмкіндігін ашады. ■

Хаттарды Уасана Хандапангодаға <wasana.handapangoda@jku.at> жолдауға болады.

1. Бұл Аустрияның ғылыми Қоры (FWF) қаржыландыратын 'Ideal' Migrant Subjects: Domestic Service in Globalization [«Идеал» мигранттар: Жаһандану жағдайындағы үй қызметі] жобасына негізделген, Жоба М 2724-G жобасы, Лиза-Мейтнер-Грант, ұзақтығы 11/2019-10/2022. Өтініш беруші / жетекші: доктор Васана Хандапангода және бірлескен автор / тәлімгер: профессор доктор Бриджит Ауленбахер, Иоханнес Келлер атындағы Линц Университеті, Әлеуметтану институты, Қоғам теориясы және Әлеуметтік талдау кафедрасы.